

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

Ұ.И.Ауталипова, Т.С.Сақтағанова, И.Құрбанова

ОТБАСЫ ПСИХОЛОГИЯСЫ
ОҚУ ҚҰРАЛЫ

**«Қыздар университеті» баспасы
Алматы, 2014**

УДК
ББК

Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің Редакциялық баспа кеңесі мақұлдап ұсынған

Пікір жазғандар: **С.М.Жақыпов** – психология ғылымының докторы, профессор;
Қ.А.Аймағанбетова– педагогика ғылымының докторы, профессор

Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова Т.С., Құрбанова И.

Отбасы психологиясы: *оқу құралы.* / Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова Т.С., Құрбанова И. «Қыздар университеті» баспасы, Алматы, 2014-186 бет.

Оқу құралында отбасы психологиясының теориясы, бағыттары, әдістері мен жүйесі, типологиясы мен тарихи өзгеру кезеңдері қарастырылады. Отбасы мүшелерінің психологиялық, физиологиялық және қарым-қатынастық әлеуметтену ерекшеліктерінің себеп-салдары ашып көрсетілген.

Кітап жоғары оқу орындары мен колледж студенттеріне, магистранттарға, әлеуметтік сала қызметкерлері мен психологтарға, мектеп мұғалімдері мен бала тәрбиесімен айналысатын адамдардың барлығына арналған.

УДК
ББК

ISBN

© Ауталипова Ұ.И., 2014
© «Қыздар университеті» баспасы., 2014

Кіріспе

Адамның бүкіл тағдырының қандай болатынына, қалай ғұмыр кешетініне, бақыты мен сәтсіздіктеріне отбасындағы болатын жағдаяттар себепші екендігі сөзсіз.

Тарихқа шолу жасамай тұрып, бүгінгі зерделеу мүмкін болмас. Тарихтағы адамзаттық отбасы тарихының теориясы қазақ отбасының тарихына да ортақ болмақ. Тарихи мұраларға жүгіне отырып, «қазақ отбасы», «қазақтардың отбасылық тәрбиесі» және «отбасылық өмірге дайындау» мәселелерін тарихи-педагогикалық тұрғыда жүйелеуге бүгінгі күннің талабын қанағаттандырады да сөзсіз.

«Қазақ отбасы» және «отбасы тәрбиесі» деген ұғымға ғылыми тұрғыда бойлау үшін тек қана педагогика саласында анықтама беру жеткіліксіз. Басқа да ғылым салалары арқылы мәні мен мазмұнын, құрылымы мен қызметтік сипаттарына байыпты болжам жасауды міндет тұтқан бұл оқу құралы мәселені психологиялық тұрғыдан тарқатуға мүдделі. Педагогикалық тұрғыдан отандық ғалымдар отбасы туралы төмендегідей ой тұжырымдаған.

Профессор С. Қалиев «Отбасы – бір үйде тұратын адамдар жиынтығы. Жүйенің элементіне отбасы мүшелерінің күнделікті тұрмысында қолданатын заттары енеді. Яғни олардың үй-мүлкі, баспанасы, ыдыс-аяғы, киім-кешегі, көрпе-жастығы, құрал-сайманы т.б. тұрмыстық тұтыну заттары түгел кіреді. Отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, бір-біріне көзқарасы, жүріс-тұрысы, мінез-құлқы да жүйенің элементі болып есептеледі. Ал отбасылық жүйе этностық жүйенің қайталанатын атрибуты болып саналады» [39, 15-б.] – деп, этностың пайда болуы тұрғысынан қарастырады. С.С.Қоңырбаева отбасы мәселесін тереңінен көтеретін ғылыми зерттеуінде басқа да ғалымдардың ой-пікірін көрсетеді.

М. Арын отбасына “ұлт рухының айнасы” деп айдар бере келіп: “Отбасы – жұртты жақындастырушы, жыныс пен жынысты жұптастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, адамаралық туысқандық ұғымдар тудырушы, олардың бір-біріне деген махаббат, сүйіспеншілігін тұтатушы, ғаламат күшті жері – ұрпақ

өрбітуші, рухани бірліктің ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы ерекше ұя. Сондықтан да отбасы барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым” [64, 54-б.], – деп отбасының қызметін аша, анықтама береді.

«Отбасы» атауын «жанұя» ұғымымен алмастыра жиі қолданады. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі кеңестік империя сыналап кіргізген көптеген сөздер жаңаша сөздермен ауыстырылуда. Мысалы, әнұран, елтаңба, төңкеріс сияқты т.б. сөздер қандай дәл атаулар. Ал, «жанұя» жоғарыдағы ғалым айтқандай тек «душаның» тұрақтайтын жерін меңзеп тұр деп бір жақты қарауға болмайды. Қазақ «мал-жаның аман ба?» – дейді, бұл «жан» – жан иесі адамды айтып тұрған жоқ па? Бір-біріне жақын жандар отандасқан ортаны неге «жанұя» деп атамасқа? Оның үстіне «жанұя» сөзі құлаққа да жағымды естіледі. Өткеніміз деп орынсыз жабыса бермей, отаршылдықтың санадағы таңбасынан серпіліс керек те шығар.

Сол сияқты “үйелмен” сөзі отбасы мен жанұяның синонимдік қатарын байытуда. Бүгінгі білгенінді зерделеу тарихтағы тамырын қазғанда ғана жүйелі болмақ. Біздің мақсатымыз да осы. Сондықтан, тарихи тамыры терең «отбасы» ұғымының ғылыми пікірлермен нақтыланып, заңды атауға айналуы да көңілімізге қонады.

Уақыт өткен сайын еуропалық елдерде, азиялық және африкада, жер шарының бүкіл континенттерінде отбасы институты өзіндік динамикаға ие болуда, сондықтан осы оқу құралы арқылы мәселенің психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасайық.

1. Отбасындағы қатынас психологиясы

психологияның бір бөлімі ретінде

1.1. Отбасы психологиясының негізгі түсініктері

Отбасы психологиясы мен психотерапия – психология ғылымдары мен практикаларының арасындағы ең жас сала. XX ғасырдың ортасына дейін отбасын зерттеумен көбіне әлеуметтану ғылымы айналысып келген болатын. Өртүрлі саладағы мамандардың – психиатрлардың, психотерапевтердің, педагогтардың, дәрігерлердің, әлеуметтік қызметкерлердің тарапынан отбасы психологиясының дамуы мен оған деген қызығушылықтар қазіргі отбасындағы уайым-қайғылардың, дағдарыстардың, жалпы психологиялық атмосфераның бұзылуынан және отбасының маңызды бөлігінде дау-дамай мен беріксіздіктің орын алуынан туындап отыр. Осы бір қолайсыз тұжырымдар әлеуметтік-экономикалық жағдайлармен, әлеуметтік жүйенің тұрақсыздығымен, өмірлік материалдық деңгейдің төмендігімен, қызмет бастылық мәселесімен, отбасының рөлдік құрылымында дәстүрлі туындаған трансформациямен және ерлі-зайыптылар арасындағы рөлдік қызметтерді орналастырумен түсіндіріледі. Кейінгі кездерде бақыланып отырған тұжырымдар некедегі серіктік қатынас құндылықтарының өсуімен, отбасындағы стереотиптік қатынастан босауымен, әйелдердің әлеуметтік теңдігі және экономикалық еркіндігінің нығаюымен, өсуімен, ажырасуға немқұайдылық танытуымен, бала тууға деген қызығушылықтың төмендеуімен байланысып – отбасылық қатынастың тұрақсыздығына алып келіп отыр. Ерлі-зайыптыларға девианттық мінез-құлық танытып отырған – алкоголизм, агрессия, - ақпараттың бұзылуы, серіктерін құрмет, махаббат қажеттіліктерімен қанағаттандырмауы, мойындаулары эмоционалды-тұлғалық бұзылыстардың өсуі, ашушандық, махаббат сезімін жоғалтуы және қауіпсіздік, тұлғалық өсудің бұзылуы бірегейліктің қалыптаспауы себеп болып, сәтсіз отбасылардың саны күннен күнге өсуде. XX ғасырдың 60-жылдарының ортасында бастау алған отбасы институтының дағдарысы әлеуметтік жүйе ретінде қазіргі кезде жалғасын тауып, ерлі-зайыптылардың жеке қажеттіліктерін толық қанағаттандыруға қаблетті жаңа некелік

катынастар үлгісін іздеумен байланысты. Дәстүрлі патриархалды отбасы ерлі-зайыптыларды өзіндік бағдарлаудың бірден бір қол жетімді ортасы болудан қалды. Қазіргі әлемде отбасы динамикалы білім беруді - әлеуметтік және регламентацияланған факторлардың ережесі және нормаларымен тұрақталған, ерлі-зайыптылардың жеке мотивтерімен және ақпараттық қаблеттеріне негізделген, көп жағдайда олардың жеке жауапкершіліктеріне тәуелділігімен түсіндіріледі. Отбасы басынан өткен тарихына қарамастан, әсіресе, XX ғасырда ол өмірге бейімді болды.

Отбасылық қатынас құқық пен адамгершілік нормаларымен бағдарланады.

Оның негізі **легитимдік - неке** баланың туылуымен және отбасы мүшелерінің адамгершілік және физикалық денсаулығына жауапкершілікпен бірге жүретін еркек пен әйелдің өзара қатынасын мойындаудан тұрады.

Некелік қатынас отбасының негізі болып табылады. Бұл қатынастан әлеуметтік өмірдің шынайы, әлеуметтік, материалдық және рухани сферасы байқалады. Қоғам некелік қатынастың тұрақтылығына қызығушылық танытуда, сондықтан ол тәрбие үрдісінде индивидке әлеуметтік өзара ықпал ететін тәсіл, қоғамдық пікірлердің жүйесі ретінде белсенді функцияланған некеге сыртқы әлеуметтік бақылауды жүзеге асырады. (Т.М.Трапезникова, 1987).

Әлеуметтанушылар некені «еркек пен әйелдің арасындағы қатынастың әлеуметтік формасын тарихи өзгертуші, қоғам олардың жыныстық өміріне рұқсат етуші және олардың ерлі-зайыптылық, ата-аналық құқықтары мен міндеттерін қарастыру тәсілі» ретінде анықтайды (А.Г.Харчев, 1979, б.66).

Ерлі-зайыптылықты құрылымдық бірлік ретінде бөлу еркек пен әйелдің тең құқылы әрекеті үшін (әлеуметтік, заңдық, адамгершілік) жағдайды қалыптастыру, салыстырмалы түрде жақында қоғамды әлеуметтік-экономикалық қайта өзгертудің нәтижесінде басталды. **Ерлі-зайыптылық** – бұл еркек пен әйелдің моральдық принциптерімен бағдарланатын және соған тән құндылықтармен қолдауға ие болатын тұлғалық өзара әрекет. (С.И.Голод, 1984). Берілген анықтамадан: ерлі-зайыптыларға

тән үйлесімсіз мінез-құлық байланыстар; екі ерлі-зайыптыныңда адамгершілік міндеттері мен ұстанымдарының симметриялығы мен тең құқылығы байқалады.

Отбасы өз алдына тек ерлі-зайыптыларды ғана емес, олардың балаларында, сондай-ақ басқада туған туысты немесе жай жақын ерлі-зайыптыларды және оларға қажетті адамдарды біріктіретін, күрделі қатынастар жүйесі. (А.Г.Харчев, 1979, б.66).

Отбасы – бұл некеге негізделген немесе мүшелері ортақ қамқорлықпен, көмекпен, жауапкершілікпен, және тұрмыстық қатынастарымен байланысатын қандас туысы жағынан аз топтар (Эйдемиллер Э.Г. Юстицкий В.В., 1990).

Отбасының жүзеге асуының маңызды шарттары біріккен іс-әрекет және белгілі бір кеңістіктік локализация-баспана, үй, оның өмірлік экономикалық негізі сияқты меншіктік, белгілі бір халықтың, мемлекеттің жалпы мәдениет шеңберіндегі жалпы мәдени орта болып табылады. Демек, **отбасы** – бұл ерлі-зайыптылар жұбымен-ата-аналықпен-туыстықпен (қандас және рухани) байланысатын, халықпен және тұқым қуалаушылықпен, және балалар социализациясымен, отбасы мүшелерін қолдаумен қайта жандануды жүзеге асыратын адамдардың біріңғай жалпы отбасылық іс-әрекетіне негізделген.

Отбасы феноменін түсінудің бірден бір жолы – бұл бір отбасының тарихи уақыты мен өмірлік циклін ұзақ уақыт бойғы өзгерісіне төтеп беретін, кейбір мәгі құрастырылатын **отбасы құрылымын** түсіндіру. Отбасы феноменіндегі **құрылымдық осьтер** С.И. Голодтың (1998) айтуынша, **ерлі-зайыптылық және бала-ата-аналық қатынас болып табылады. Ағалы-інілі қатынас** (отбасындағы балалар қатынасы) соншалықты маңызды, өйткені соның негізінде тұлғаның басты қасиеттері, сонымен қатар ерлі-зайыптылық және ата-аналық шарттар қалыптасады.

Отбасы - әлеуметтану, экономика, құқық, этнография, психология, демография, педагогика және т.б. көптеген ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Олардың әрқайсысы өздерінің пәндеріне қарай отбасының дамуы мен функциялануының арнайы жақтарын зерттейді.

Отбасы психологиясында қарастырылатын сұрақтар жан жақты: бұл ерлі-зайыптылар, ата-ана-балалық қатынас, отбасы үлкендеріне өзара қатынасы, даму бағыты, диагностика, отбасылық кеңес беру, қатынасты түзету, жүйке жүйесі мен психикалық ауруларды алдын алу, және отбасы тәрбиесінің мәселесі.

Отбасылық қатынас психологиясының дамуындағы жаңа бағыт оның әдіснамалық негізін өңдеу болып табылады. Жүйеліктің негізгі әдіснамалық принциптеріне сүйенсек отбасы қатынасы өз алдына құрылымдық құндылығын, элементтерінің өзара байланыстылығын, өзара үйлесімділігін білдіреді. Бұл ерлі-зайыпты, ата-ана-балалы, балалы-ата-аналы, бала-балалық, параата-ана-ата-аналық, параата-ана-балалық қатынас. Маңызды әдіснамалық принцип – синергетикалық – отбасылық қатынас динамикасын дағдарыстық кезеңдерді есепке ала отырып, бірізділіксіз, тепе-теңдіксіз тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді.

Отбасылық қатынас психологиясы зейінді отбасындағы тұлғааралық қатынастардың заңдылықтарын, отбасы ішілік қатынасты тұлғалық даму ықпалы тұрғысынан (олардың тұрақтылығы, бірізділігі) зерттеуге шоғырландырады. Тұлғааралық қатынастың негізгі параметрлері: беделді-рөлдік айырмашылық, психологиялық арақашықтық, қатынастар валенттілігі, динамика, тұрақтылық.

Пысықтау сұрақтары:

- *Отбасы дегеніміз не? Әртүрлі тұрғыдан дәлелде.*
- *Отбасы мәселесіне отандық және шет елдік ғалымдардың көзқарастары қандай?*

1.2. Отбасы институтының тарихы

Алғаш отбасын зерттеу өз замандарының ерлі-зайыптылық және отбасылық көзқарастарының негізін салушы, сонымен қатар оның қайта жаңғыру жобасын ілгері тартқан Платон мен Аристотельден бастау алады.

Отбасы институтының ары қарайғы мәнін ашуға деген талпыныстар XIX ғасырдың ортасындағы әлеуметтанушы және

антропологтар Л.Морган, Ф.Энгельс, М.Ковалевский, Б.Малиновский, П.Сорокин және т.б. ғалымдардың есімімен байланыстырылды. Қоғам дамуының тарихында отбасы қатынасының динамикасын зерттеуге үлкен үлес қосушылар швейцар тарихшысы И.Я. Бахофен, «Материнское право» (1861) кітабының авторы, шотланд заңгері Дж.Ф. Мак-Леннан, дамуына қарай қоғамның және отбасылық қатынастар сипатының өзгергенін: отбасының промискуитеттен (тәртіпсіз жыныстық байланыстардан), топтық ерлі-зайыптылықтан, матриархаттан және патриархаттан эволюцияланып өзгергенін дәлелдеуші «Первобытний брак» (1865) зерттеуші автор болды. Алғашқы қоғамның дамушы баспалдағына келеңсіз жыныстық қатынастар сипаты тән болды. Туысқандықтың пайда болуынан осы қатынастарды бағдарлайтын топтық неке пайда болды. Топтасқан еркектер мен әйелдер бірге өмір сүріп, «коммуналдық неке» құрып - әр еркек өзін барлық әйелдің жұбы деп санаған. Біртіндеп әйел ерекше орынды иеленіп, **топтық отбасы** қалыптасты. Әйелдің қоғамдағы ерекше орнына негізделген **гетеризмді** (гинекократия) – қатынасы жеке неке мен отбасына бағытталған барлық халықтар басынан өткізді. Балалар әйелдер тобында болып, тек есейгеннен кейін ғана еркектердің тобына ауыстырылған.

Бастапқыда эндогамия – әлеуметтік «табудың» пайда болуының нәтижесінде туыстар ішінде еркін байланыс қалыптасты, экзогамия (грек тілінен аударғанда «экзо» - тыс және «гамо» - неке) – «өз» туыстарының арасындағы некеге тиым салу және басқа бірлестік мүшелерімен түсу қажеттілігі. Ру басы екі экзогаммалық тайпа бірігуінің барысында пайда болған, немесе фратрияның (дуалды рулық ұйым) әрқайсысында еркектер мен әйелдер бір-бірімен некеге түсе алмай, ру басының басқа жартысындағы еркектер мен әйелдердің арасынан өзіне жұп табатын жартылардан тұрды.

Э. Вестермарктың зерттеуінде қанның араласуына (табу инцеста) шек қою, отбасының нығаюына әлеуметтік норма ықпал еткеніндей дәлелденген. Қаны бір туыс отбасылар пайда болды: некелік топтар ұрпақтан ұрпаққа бөлініп, ата-аналар мен балалардың арасындағы жыныстық байланыстарға шек қойылды.

Кейінірек **пуналуалды отбасы** қалыптасты – ағайындылардың әйелдерін немесе апалы-сіңіліредің күйеулерін иеленетін топтық неке. Мұндай отбасында ағайындылардың арасындағы жыныстық байланысқа шектеу қойылды. Туысқандық анасы жағынан анықталып, әке жағы белгісіз болды. Л. Морган мұндай отбасыларды Солтүстік Американың үнділер тайпасынан бейнелеген.

Одан кейін **полигамдық неке** қалыптасты: бірнеше әйелмен некелесу, көп байлық. Жабайылар әрбір тайпада еркектер аз болғандықтан, нәресте қыз балаларды өлтірген, ал әйелдерде бірнеше күйеуден болатын болған. Осыдан барып әке жағынан туысқандықты анықтау мүмкін болмағандықтан, аналық құқық (баланы қорғау ананың құқығында болған) қалыптасты.

Бірнеше әйелмен некелесу соғыс кезінде еркектердің көбінен айырылудың салдарынан пайда болды. Еркектер тым аз болды, сондықтан олар бірнеше әйелден алған. Отбасындағы жетекші рөл әйелден (матриархат) ерекекке (патриархат) қарай берілген. Шын мәнінде патриархат тұқым қуалаушылық құқығымен яғни, күйеудің емес, әкенің билігімен байланыстырылған. Әйелдің міндеті әкенің мұрасы болатындай бала туу болды. Одан аналық әрқашан бар, ал әкелік – жоқ, сондықтанда ерлі-зайыптылардан бір-біріне деген адалдық талап етілді.

Біздің эрамызға дейін мындаған жылдар бұрын вавилон патшасы Хаммурапидің заңында моногамия жарияланған, сонымен бірге әйел мен еркектің теңсіздігі қабылданған. Моногамдық отбасының қожайыны қандас мұрагерлерді өз қолында ұстап қалуға деген қызығушылықтың нәтижесінде еркек-әке болды. Отбасының құрамы маңызды түрде шектеліп, әйелден еріне қатаң адалдық талап етіліп, зейнақорлық қатаң жазаланған. Еркектерге тұтқын әйелдер ұстауға рұқсат берілген. Бұл заң көне және орта ғасырларда барлық елдерде жүзеге асырылған.

Этнографтардың зерттеулерінде әрқашан моногамияның антitezі ретінде ашыналықтың жүзеге асырылғаны байқалады. Кейбір қоғамдарда діни ашыналық кеңінен таралған: тайпа көсемі, дін қызметшісі немесе басқа билік өкілі жаңа түскен келінмен алғашқы неке түнін өткізуге құқылы болған. Наным-сенімдер бойынша дін қызметкері алғашқы түнді өткізу құқығы

арқылы ерлі-зайыптыларды нұрға бөлеген. Егер алғашқы түнді өткізу құқығы патшаға тисе, жас-жұбайлар үшін бұл аса құрметке кенелу болып саналған.

С.И. Голодтың (1998) дәлелдеуінше, отбасы қатынасының жүйесін дамыту некедегі серіктестердің бір жағын азайту және серіктестің таңдауын бағындыратын ережелерді күшейту жүргізіліп, **отбасы институтын дамытудың кезеңдері** келтірілді:

Адамды әлеуметтік ұйымдастырудың көне формасы бір праматерияда болатын: оның қыздары, қыздарының балалары және осылай үздіксіз болатын барлық адамдарды біріктіретін тайпа болды. Тайпа өз алдына әйелдер жағынан барлық отбасын құрайтын матриархаттық отбасын білдіреді. Матриархалды отбасының адекватты метафорасы матрешка – ойыншығы болып табылады.

Топтасқан отбасы бірнеше апалы-сіңілілердің еркектер тобымен некелесуіне сүйенді. Өз кезегінде күйеулерінің туыстық байланыстарының болуыда, болмауыда мүмкін болатын. Әкелік жақ еш құрметке ие болмағандықтан, туыстық әйелдер жағынан таралды. Аналық туыстықтың, шеше жағынан туыстықтың маңыздылығы XIX ғасырдың аяғымен XX ғасырдың басында өмір сүрген бірнеше халықтардан байқалады.

Жұптасқан отбасы жеке жұптардың некесіне негізделгенімен, өзара қатынастары тұрақталмаған, яғни кез келген жұптың тарапынан үзілуі мүмкін болатын.

Патриархалды отбасы бір еркектің бірнеше әйелмен некелесуіне негізделген, ол еркек үшін полигамды, «әйелдің сопылығымен» қатар жүріп, жеке меншіктің жүзеге асырылуы қарсаңында қалыптасқан. Отбасының мұндай түрі отбасындағы өмірлік іс-әрекеттерге қатысты барлық сұрақтардың шешімін табуда еркектің басшылық етуімен анықталып, патриархалды (еркек жағынан туыстық және еркектер жағынан тұқымқуалау құқығы) бекітілді.

Моногамды отбасы – бір еркек пен бір әйел құратын отбасы; олардың ерлі-зайыптылығы өмір бойына (көне грек тілінен аударғанда *monos* – бір, жалғыз, *gamos* – неке). Отбасының бұл түрі шамамен жаңа эраға дейін бірінші мыңжылдықта пайда болған. Өзінің тарихи кезеңінде отбасының бұл формасы пат-

риархалдық құрылымнан тұрып, қазіргі кезеңде жыныстар құқығының теңелу, әйел мен бала эмансипациясы, отбасы өмірінде әйел мен бала рөлінің өсу кезеңінде тұр (Голод С.И., 1998). С.И.Голодтың пікірінше, отбасы институты жеткілікті түрде кертартпалы, сондықтанда өмірдің әлеуметтік қоныстануында болып жатқан өзгерістер бірнеше жылдардан кейін отбасылық ұстанымдардың өзгеруіне алып келуі мүмкін.

Отбасы мен некені зерттеушілердің көпшілігі патриархалды моногамды отбасы кейінгі жүзжылдағы европалық өмірде – бұл қалыпты және идеалды үлгі, ал барлық ауытқушылықтар – бұл жағымсыз құбылыс деген тұжырымға келген.

Ендеше, отбасы мәселесіне арналған зерттеулерге сүйенсек, отбасының негізгі кезеңдерін бақылауға болады: бірнеше халықтардың аналық жағынан туыстық есебі әкелік жақтағы туыстық есептерден таралған; уақыттық (қысқаша және кездейсоқ) моногамды байланыстарда жыныстық қатынастардың алғашқы баспалдағында еркін некелік қатынастар кең етек алған; жыныстық өмірдің еркіндігі біртіндеп шектеліп, сол немесе басқа әйелге (немесе еркекке) некелік құқығы бар тұлғалардың саны азая бастады; қоғам дамуының тарихында некелік қатынастардың динамикасы топтық некеден жекеге ауысуымен қортындыланды.

Отбасының эмоционалдық сферасын эмпирикалық зерттеуде, XIX ғасырда пайда болған оның мүшелерінің қызығушылықтары мен қажеттіліктерінде аса қызығушылықты талап етуде. Зерттеу пәні сезім, құмарлық, ақыл-ой және өнегелік өмір болды. Фредерик Ле Пленің отбасы қатынастарын дамытудың динамикасына берген тұжырымы: отбасының патриархалдық типтен тұрақсыздыққа, ата-аналар мен балалардың дараланып өмір сүруіне, әке беделінің төмендеуіне, қоғамда тәртіпсіздіктің тууына бағытталды. Отбасы өмірлік цикл, тарихи пайда болу, функциялану мен құлдырауға тән шағын топ сияқты зерттелді. Ары қарайғы отбасының өзара қатынасын зерттеу өзара әрекетке, ақпараттыққа, тұлғаралық келісімге, әртүрлі әлеуметтік және отбасылық жағдайлардағы отбасы мүшелерінің жақындығына, отбасылық өмірдің ұйымдастырылуына және топ ретіндегі

отбасы тұрақтылығының факторларына шоғырландырылған (Ж.Пиаже, З.Фрейд және олардың ізбасарларының жұмыстары).

XIX ғасырдың ортасына дейін отбасы қоғамның бастапқы шағын үлгісі ретінде қарастырылып, әлеуметтік қатынастар отбасынан туындаса, қоғамның өзі кеңінен таралған отбасы атрибуттарына сәйкес патриархалды отбасы ретінде тұжырымдалды: авторитарлықпен, жеке меншікпен, субординациямен және т.б.

Этнографтардың зерттеулерінде отбасы қатынасының ұлттық ерекшеліктері бейнеленген. Сонымен, көне Грецияда моногамия үстемдік еткен. Отбасылар санқырлы болған. Инцеста табу әрекет еткен. Әке өз әйелінің, балаларының, ашынанының қожайыны болған. Еркектердің құқығы басымдылық танытқан. Ерінің көзіне шөп салған әйелдер қатаң жазаланған, дегенмен қожайын әйелін сұраған кез келген мейманға бере алған. Басқа еркектерден туған балалардың дені сау ұл бала болса, отбасында қалдырылған.

Көне Римде моногамия құрметтелседе, некеден тыс байланыстар кеңінен таралған. Римнің заңына сәйкес неке бала туу үшін ғана жүзеге асырылған. Көбіне өте қымбат ұсақ-түйекке дейін ойластырылған неке тойына ерекше мән берілді. Әкенің беделі мықты болып, балалары әкесіне ғана бағынған. Әйел еркектің бір бөлігі ретінде саналды.

Әлемнің көптеген елдерінде отбасы институтын христиандық ықпалмен зерттеуге қызығушылық танытқан. Шіркеулік доктрина моногамияны, сексуалдық тазалықты, даналықты мақұлдап, анафеме көп әйел алу және көпбайлыққа назар аударған. Дегенмен рухани тәжірибеде барлығы шіркеулік канонның қалауындай болмады. Шіркеу абройды, жесірлікте өзін ұстауды, мейрімге толы ерлі-зайыптылықты дәріптеді. Христиан дініндегілердің басқа діндегілермен некеге тұруын күнә санаған. Оларға деген либералды қатынас христиандықтың ерте кезеңінде болған, өйткені некенің көмегі арқылы христиан дінін ұстанушы адасып жүрген тағы біреудің шынайы сенімін өзіне қарата алады деп санаған. Христиандықтың ерте кезеңінде ерлі-зайыптылық жеке іс болып саналған. Кейінірек дін қызметкерінің келісімімен некеге түсу қалыпты болып бекітілді.

Тіпті жесірде дін қызметкерінің рұқсатынсыз қайта некеге тұруына тиім салынған. Сексуалдық қатынастардың ережесін шіркеу айтып отырған. 398 жылы Карфанесский шіркеуінің қабылдаған шешімі бойынша қыз бала неке тойынан кейін өз абыройын үш күн және үш түн сақтауға тиіс болған. Кейіннен шіркеудің қалауын төлегеннен кейін ғана неке түнінде жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат берілген.

Христиан діні жалған түрде әйелдер мен еркектердің рухани теңдігін мойындаған. Дегенмен шын мәнінде әйелдердің жағдайы төмен болған. Әйелдердің тек кейбіріне – жесірлерге, абыройы тазаларға, монастыр мен ауруханада қызмет ететіндерінің ғана қоғамда беделі болып, ерекше пұрсатты жағдайда болған. Христиандыққа дейінгі қалыпты отбасының үлгісі ата-аналар мен балалардан тұрды. Анасы мен әкесінің арасындағы қатынас не дау-дамайлы, не «бағыну» принципі бойынша құрылды. Балалар ата-ананың қарамағында болды. Ата-аналар мен балалар қарама-қайшылық танытып, дау-дамай ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты. Отбасындағы рөлде сыртқы, табиғи, әлеуметтік айнала, жауапкершілігі әкеге берілсе, әйел көбіне отбасының ішкі жағдайына, үй шаруасына жауапты болған. Некедегі адамның беделі бойдақтың беделіне қарағанда жоғары тұрған. Әйел некеге дейін некедегі сияқты еркін болса, еркектің – күйеудің, әкенің билігі – шектеулі болды. Әйел ажырасуға және өз ата-анасының отбасына оралуға құқылы болған. Отбасындағы шексіз билікті «үлкен» - әкесінің немесе үлкен ұлдың әйелі, және қағидаға сәйкес еңбекке қаблетті, тәжірибелі әйелді ұстаған. Оған барлығы - әйелдерде, отбасындағы жасы кіші еркектерде бағынуға міндетті болды.

Отбасының христиандық үлгісінің пайда болуымен (XII-XIV ғғ.) үй ішіндегілердің арасындағы қатынаста өзгерді. Отбасы заңының негізгі қағидалары «Үй ішіндегілермен» (1849) жазылды, соған сәйкес еркек үй ішіндегілерге үстемдік орнатып, оған барлығы бағынуға міндеттеліп, ол өз отбасы үшін жауапты болды. Христиандық некеде ерлі-зайыптылардың өзара қатынасы отбасы мүшесіндегілердің әрқайсысының орнымен айқындалды. Күйеу отбасының қожайыны ретінде жауапкершілікті өз мойнына алуға міндетті болса, әйел сөзсіз екінші орынды ие-

ленді. Оған қолөнерімен, үйшаруасымен, балалардың тәрбиесімен және оқуымен айналысу жүктелді.

Анасы мен балалары оңашаланып, өз-өздерімен болғанымен әкенің қатаң билігі сезілген. «Баланы шектеп тәрбиеле», «ұлынды жақсы көрде жарасын тереңдет». Балалардың басты міндеттері – еш мүлтіксіз тыңдау, ата-анасын жақсы көру, кәрілік келгенде қамқор болу.

Ерлі-зайыптылардың тұлғааралық қатынасының сферасында эротикалық рөлден гөрі ата-аналық рөл басым болды, дегенмен соңғыларынан бастартпасада азда болса мойындалды. Әйелі еріне «ұнауы» тиіс болды, яғни, оның қалауынша әрекет ету керек.

«Үй іші» бойынша отбасылық қанағатқа: үйдің ішіндегі береке, дәмді тағам, көршілердің тарапынан сый, құрмет; тастандылық, ашу-ыза қатаң талқыланған. Беделді, сыйлы адамдардың талдауы отбасы үшін қорқынышты жаза болып саналған. Отбасылық қатынастың негізгі сипаты - адамзаттың пікіріне байланысты. Әлеуметтік ортаға сәтті отбасын демонстрациялап, отбасының құпиясын жариялауға қатаң тиім салынды, яғни екі әлем пайда болды - өзі үшін және адамдар үшін.

Шығыс словяндарында туыстарды тура және жанама жақтарды біріктіретін үлкен отбасылар ұзақ уақыт бойы үстемдік етті. мұндай отбасылар ата, ұлдары, немерелері және шөберелерінен құралды. Бірнеше некелік жұптар бірігіп үй жабдықтары иеленіп, үй шаруасын жүргізген. Отбасына тәжірибелі, көреген, еңбекке қаблетті, отбасы мүшелеріне билігі жүретін ер адам басшылық жасаған. Ендеше, оның жанында эрқашан шаруашылықтың ыңғайын білетін, бірақ XII-XIVғғ. отбасына билігі үстем болмасада, отбасындағы жасы үлкен әйел кеңесші болған. Қалған әйелдердің жағдайы мүлде мәз болмады – олардың ештеңеге құқықтары болмады, ері қайтыс болмаған жағдайда ешқандай мұрагерлікке қолы жетпеген.

Шығыс халықтарында отбасының өмірі патриархалдық дәстүрлерге сәйкес қалыптасып, әкенің балаларына үстемдік етуі мен көп әйел алушылық сақталған. Кейбір халықтарда қалыңдыққа өтем алу салты жүзеге асырылды. Ата-аналар жиі күйеу жігіт және қалыңдық дүниеге келгенге дейін немесе

нәресте кезінде бір-бірімен құдаласып қоятын болған. Сонымен қатар қалыңдықты алып қашуда болды. Қалыңдықты алып қашу және сатып алу арқылы күйеу оның толық құқылы иесіне айналған. Егер қалыңдық ерінің бірнеше әйелі бар отбасына келін болып түссе, халы мәз болмаған. Мұсылман отбасындағы әйелдердің арасында бәсекелестік пен қызғанышты тудыратын белгілі бір иерархия пайда болды. Шығыс халықтарында ажырасу еркектің тарапынан болған, ол өте жеңіл жүзеге асырылды; ері әйелін үйінен қуып шыққан.

Шетелде XIX-XX ғасырларда терең ішкі қайшылықтардан туындаған отбасы дағдарысы тіркелген. Еркектің авторитарлы билігі күшін жойған. Отбасы үй өнімінің функциясын жоғалтып алады. Ерлі-зайыптылар мен балалардан тұратын нуклеарды отбасы қалыпты үлгі болып табылды.

XX ғасыр шамасында ертеректе моногамды отбасында үш құрамға бөліну пайда болған – некелік, жыныстық және репродуктивтік (Голод И.С., 1998). Егер XIX ғасырдың аяғында некеде сөзсіз балалардың туылуы және көп балалық жоспарланса, XX ғасырдың ортасында неке репродуктивтік функциядан шеттетіліп: ерлі-зайыптыларда сеніммен балалы болмайтын некенің саны өссе, басқа жағынан некесіз балалы болу және айтарлықтай некеден тыс бала туып тәрбиелейтін аналық отбасының саны қарқынды түрде өсе бастады. Жыныстық жағына келсек, ол экзогамия институтының пайда болуымен некеден бұрында жеткілікті түрде алшақтатылсада, некеден тыс жыныстық байланыс қоғамда да, Шіркеуде де талқыланған. Қазіргі уақытта еркектердегі сияқты әйелдерде де еркін жыныстық өмір жеткілікті түрде бақыланады. Кейбір некедегі жыныстық автоматизация отбасын жоспарлау бағдарламасының, контрацептивтерді және әйелдер эмансипациясының осы қозғалысымен тығыз байланыста қолданылатындардың жүзеге асуымен түсіндіріледі.

Жыныстардың тең құқылығы матримониалды мінез-құлықтың және күту бөлшектердің өзгеруіне алып келеді. Аттас-тыру институты өз қалауымен некелесуге алмастырылды. Сонымен қатар ата-ана отбасының әлеуметтік және экономикалық қызығушылықтары еленбеді, жасжұбайлар ата-ана келісіміне аз

шамада бағдарланды; некелік таңдау ата-ананың емес, жұптар шешімінің нәтижесі болды, бұл таңдау жеткілікті түрде таразыланған болмауыда мүмкін.

Негізінде некеге тән ажырасу феномені болды. Ажырасу санының үздіксіз өсуі, әсіресе индустриалды елдерде некеге тұрушылардың жартысында (51%) өзара қатынас кезінде, олар өздерін бір-біріне керексіз санағанда, ауырлық түсіп немесе бұзылып, қатынасты үзу жайлы шешім қабылданады. Дегенмен қазіргі тұжырымда ажырасуға көбіне әйел себеп болады да, әрбір кез келген неке үшін ажырасудың салдары өсіп келеді.

Қазіргі отбасындағы кезекті өзгеріс әйелдің әлеуметтік беделінің өзгеруіне – кәсіби қалыптасып, карьера жасауымен санасады. Осы жерден тікелей отбасына қатысты келесі өзгерістер пайда болады.

Әйел XX ғасырдағы тәуелсіздігінің арқасында оның отбасындағы беделі өзгеріп, отбасы құрылымы екеу болды – не бір төбелі, бірақ басшылық рөл матриархат кезіндегідей әйел адамдардың қолында болған. Сондықтанда ер адамдар өздерінің үстем етуші қызметтерін ресурспен қамту саласына, шешім қабылдау мен балаларды әлеуметтенуге араластыруға жұмсайды.

Әйел отбасы мен бала тәрбиесіне аз уақыт бөле бастайды; репродуктивтік қызмет бағынышты карьера жағдайына қойылады. Балалы болудың қазіргі отбасындағы көрсеткіші мен индустриалды елдердегі халықтың саны үздіксіз төмендеуде. Тәрбиенің қызметі біртіндеп басқа тұлғаларға – тәрбиешілерге немесе мемлекетке берілуде. Ана қамқорының мемлекеттің қамқорына ауысуы аналық депривацияның жасырын және айқын белгілерін тудыра отырып, баланың психикалық дамуына әсер етеді.

Барлық өзгерістерге қарамастан отбасы әлеуметтік институт ретінде аяғынан тік тұрды; дегенмен отбасы еркіндік пен тұрақтылықты иемденседе, ол тура және жанама түрде қоғамда болып жатқан барлық өзгерістерді бейнелейді.

Пысықтау сұрақтары:

- Отбасының пайда болу тарихы. Әлеуметтік институт ретінде қалыптасу ерекшеліктері қандай?

- *Отбасы тарихи тұрғыдан қалай жіктеледі?*
- *Отбасы хронологиялық тұрғыдан қандай өзгерістерге ұшыраған?*

1.3.Отбасының қызметі

Отбасының қызметі – отбасының бұл қаблеті отбасы мүшелерінің өзінің және қоғам мен мемлекеттің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырады. «Отбасының қызметі тұрақты қайталанушы формада ол қаншалықты қажеттілікті қанағаттандырса соншалықты» (Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В., 1990).

Тұрмыстық-шаруашылық қызмет (физикалық комфортты қамтамасыз ету функциясы) адамның қажеттіліктерін тұрғын үймен қанағаттандырудан, жеке территориядан, тамақтанудың сапалы, үйреншікті тәсілінен, толыққанды демалыстан тұрады, яғни физикалық-денсаулықты сақтау қызметі.

Отбасының эмоционалдық қызметі адамның симпатиялық, қабылдау, құрметтеу қажеттіліктерінен, эмоционалдық қолдауы мен психологиялық қорғанысын қанағаттандырудан тұрып, эмоционалдық тұрақтылығына мүмкіндік туғызып, психикалық денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді.

Рухани (мәдени) қарым-қатынас қызметі адамның бірге өткізген уақыттағы рухани байлық, мәдени және отбасы тамырларындағы, сол кездегі отбасына қатысты мәдени дәстүрлерді сақтау қажеттіліктерінен тұрады.

Қайта жаңғырту қызметі адамның тұқымды жалғастырудағы биологиялық қажеттіліктерін қанағаттандырады. Дегенмен қайта жаңғырту қызметі тек адамның қажеттіліктерін ғана емес, тұрғылықты халықты қолдайтын мемлекеттің қажеттіліктерінде қанағаттандырады.

Тәрбиелік қызметі әкелік және аналық, балалармен байланыстағы, олардың тәрбиесіндегі, балаларды өзін-өзі бағдарлаудағы индивидуалдық қажеттіліктерден тұрады; сонымен қатар ата-ананың адамды өсірудегі, оның әлеуметтік мінезқұлық нормаларын, ол өмір сүріп жатқан қоғам мәдениетінің

білімі мен құндылықтарын қалыптастыру қажеттіліктерінде қанағаттандыру.

Алғашқы әлеуметтік бақылау қызметі отбасы мүшелерінің, әсіресе әртүрлі жағдайларда (жас, ауру-сырқау, және т.б.) өзінің мінез-құлқын әлеуметтік нормаға сәйкес толық өз бетінше құру қаблеті жеткіліксіздердің әлеуметтік нормаларды орындау қаблетінен тұрады.

Жыныстық-эротикалық қызмет ерлі-зайыптылық жүйедегі жыныстық қажеттіліктерді қанағаттандыруды қамтамасыз етеді.

Тернквист Р. субъективтік шынайылық әлемін құру мен қолдау қызметін бөледі, өйткені отбасы социумда өмір сүретін және одан сыртқы шекарамен шеттетілген, сондай-ақ, сол шекара адамзаттың өмір сүруін екі әлемге бөлген: әлеуметтік әлем катал құрылымды ережені, қатаң рөлді, уақытша шектеулерді, көп жағдайда индивидке қатысты субъективтік шынайылықтың ресми әлемін қабылдауды білдіреді. Отбасының бірден бір қызметі – осы ресми әлемді құру мен қолдау және натистік «толық эмоционалды және интеллектуалдық өзіндік қайтарымдарды талап ететін» «индивидті толық индивидуалдықтан алу-дан қорғау» (Тернквист, 1992).

Т.В. Андрееваның (2004) ойынша, жеке тұқымқуалаудың берілуі және көбеюі отбасы үшінде, мемлекет үшінде өте маңызды. Капиталдың салдары балаларды үлкен мүмкіндіктерге, жақсы өмірге жетелеп, итермелеп отырса, отбасы капиталын көбейтуге деген талпыныс халықты экономикалық белсенділікке тартады.

И.В. Гребников (1991) отбасының келесі қызметтерін алға тартады:

- Репродуктивтік (өмірді жандандыру, яғни баланың өмірге келуі, адамзаттың дүниеге келуін жалғастыру);

- Экономикалық (өмірлік тәсілдердің қоғамдық өнімдері, ересектердің өндіріске жұмсалған күштерін қайта қалпына келтіру, өз бюджетін ескеріп, өз шаруашылығын жүргізу, тұтынушылық іс-әрекетті ұйымдастыру);

- Тәрбиелік (баланың тұлғасын қалыптастыру, отбасылық ұжымның өз мүшесінің әрқайсысына бүкіл өмір барысында

жүйелі, тәрбиелік өзара әсері, балалардың ата-аналарына және отбасының басқа мүшелеріне үздіксіз әсері);

- Коммуникативтік (отбасының өз мүшелерімен бұқаралық ақпарат құралдары, әдебиеттер, өнер арқылы делдалдық байланысты орнату, отбасының өз мүшелеріне қоршаған табиғи ортамен жан-жақты байланысқа және оның отбасы ішілік қарым-қатынасты қабылдау, ұйымдастыру, демалысты ұйымдастыруға ықпалы);

М.С. Мацковский (1989) қазіргі отбасының негізгі қызметтерін төмендегідей толықтырған: тұрмыс-шаруашылық; әлеуметтік-беделдік; эмоционалдық; жыныстық; бірінші әлеуметтік бақылау сферасы; рухани қарым-қатынас сферасы.

Бірнеше авторлар отбасы қызметін арнайы және жанама деп бөлген (Харчев А.Г., 1968; Медков В.М., Антонов А.И., 1996; Навайтис Г., 1999). А.Г. Харчевтің пікірінше, отбасының арнайы қызметі отбасының маңыздылығына және оның ерекшеліктерінің әлеуметтік құбылысқа қалай әсер ететініне байланысты болса, ал жанама қызметі болса, белгілі бір жағдайларда отбасының мәжбүрленуі және бейімделуі.

Тууға (репродуктивтік қызмет), баланы күтуге (экзистенциалдық қызмет) және оларды тәрбиелеуге (социализация қызметі) қатысты отбасының арнайы қызметі қоғамдық кез келген өзгерістерде сақталып қалады.

Жинақталу және жеке меншіктікпен, беделімен, өндіру және тұтынуды, демалысты, отбасы мүшелерінің денсаулығымен, қолайлығы жайлы қамқорлықты ұйымдастырумен, ауырсынуды жеңілдететін микроклиматты құрумен байланысты отбасының жанама қызметі отбасы мен қоғамның арасындағы тарихи сипаттарды бейнелейді (Антонов А.И., Медков В.М., 1996).

Г. Навайтис отбасының маңызды қызметі ретінде комплектілікті қарастырады. Отбасы қанағат еткен кез келген қажеттілік онсызда қанағаттандырылуы мүмкін, бірақ отбасы сақталған жағдайда басқа адамдардың арасында бөліске түспейтіндей отбасы оны жинақы түрде қанағаттандыруға мүмкіндік береді. Отбасы қызметін осылайша түсіну маңызды түрде отбасын шағын топтардың бірнеше белгілері бойынша ұқсас

басқаларынан ерекшелендіруге мүмкіндік береді (мысалы, үздіксіз жыныстық қатынасты ұстанатын жұптар). Осы отбасылық қызметтерге сүйене отырып, Г. Навайтис отбасымен қанағаттандырылған қажеттіліктерді қарастырады: ата-аналықпен байланысты қажеттіліктер, отбасының кейбір өмірлік материалдық жағдайды құруымен және қолдауымен байланысты қажеттіліктер, және психикалық және физикалық интимділікпен байланысты қажеттілік (Г. Навайтис, 1999).

Отбасының аталған қажеттіліктердің, қызметтердің біреуін немесе бірнешеуін қанағаттандыра алмауы отбасылық қатынасқа ақау түсіріп, оларды құлдырауға алып келіп, нәтижесінде отбасының бұзылуына әкеп соқтырады.

Уақыт өте келе отбасының қызметіде өзгереді. Қазіргі уақытта, көбіне отбасы – эмоционалдық байланысқа негізделген одақ.

Пысықтау сұрақтары:

- *Отбасы қызметінің жіктелуі қандай?*
- *Отбасы қызметі туралы ғалымдардың тұжырымдары қандай?*

1.4 Отбасы құрылымы мен типологиясы

Қазіргі уақытта отбасының құрамына немесе құрылымына – қатысты базалық түсініктер әдебиеттерде бірнеше нұсқаулармен түсіндіріліп жүр. Отбасы құрылымы отбасы мүшелері атқаратын отбасының сандық құрамы, туыстық типі мен рөлі арқылы бейнеленеді:

- «нуклеарлық отбасы» - ата-аналарымен бірге тұратын ерлі-зайыптылардан және олардың балаларынан тұрады;
- «толықтырылған отбасы» - көбейтілген және құрамдық одақ болып табылады: ерлі-зайыптылар және олардың балалары, онымен қоса басқа ұрпақтың ата-аналары, мысалы, бірге тұратын немесе бір-біріне қатты жақын, және отбасы құрылымын құраушы апалар, аталар, ағалар, апайлар;

- «аралас отбасы» - ажырасқан адамдардың некесінің салдарынан пайда болған, «қайта құрылған отбасы. Аралас отбасы тумаған ата-аналардан және балалардан тұрады, өйткені алдыңғы некеден туылған балалар отбасының жаңа мүшесі болып енеді;

- «жалғыз басты ата-ана отбасы» - ажырасудың, ерлі-зайыптылардың біреуінің (анасының немесе әкесінің) кетуінің немесе қаза болуының, ешқашан некеге тұрмауының салдарынан жүргізілетін шаруашылық (Д. Леви, 1993).

Т.М. Трапезникова (1988) отбасының келесі формаларын қарастырады:

- Отбасының патриархалды-модернизацияланған типі (орташа және көпбалалы болуға бағдарланған);

- Бала орталығына негізделген отбасы (аз балалы болға бағдарланған);

- Отбасының ерлі-зайыптылық типі – негізгі типі тұлғалық аспектілермен некелесу;

- Аналық отбасы – бала орталығына бағытталған отбасының некесіз формасы;

- Толық емес отбасы – дәстүрлі-бала орталығының кескіні тәрізді;

Отбасы рөлдерін орналастыратын типтердің бірнеше топтамасы бар. Сонымен И.В. Гребенников бойынша отбасы рөлдерін орналастырудың үш типі бар:

- Орталықтандырылған (немесе авторитарлы), ерлі-зайыптылардың біреуі билік жүргізгенде, отбасы өміріндегі негізгі сұрақтарды шешуде жоғарғы билік сирек әйелдің құзырында болғанда;

- Автономды - әйел мен еркек рөлдерін бөлісіп, бір-бірінің ісіне араласпайды;

- Демократиялық – отбасының басшылығы ерлі-зайыптылардың екеуінің міндеті болып табылады.

Әдебиеттерде отбасы құрылымын түсінудің басқада тәсілдері келтірілген: отбасы рөлдерінің құрылымының немесе жинақталуының негізінде отбасы құрылымының билігі және

тұлғааралық коммуникациялар құрылымы айқындалады (А.И. Антонов, В.М. Медков, 1996; А.И. Антонов, 1998).

А.И. Антонов, В.М. Медков (1996) отбасы құрылымын билеу критеріі бойынша типтерге бөледі:

- Отбасының басы әкесі болып табылатын патриархалдық отбасы;

- Жоғарғы бедел мен ықпалды иеленетін ана, матриархалдық;

- Отбасында нақты бір басшы айқындалмаған және әке мен ананың арасындағы билік ситуацияға қарай орныққан эгалитарлық отбасы;

Отбасы типологизациясы зерттеу пәніне байланысты. Қазіргі әдебиеттерде отбасын төмендегі типтермен қарастырады:

Нуклеарлық (ядролық) отбасы – отбасындағы кеңінен таралған тип, екі ұрпақ өкілдерінен – ерлі-зайыптылардан және олардың балаларынан, сандық құрамы жағынан үш немесе оданда көп адамдардан тұрады; отбасындағы рөлдер 8 типпен келтірілген: күйеуі, әйелі (ерлі-зайыптылар бірін-бірі үшін), әкесі, анасы (ата-анасы балалары үшін), ұлдары, қыздары (балалары ата-аналары үшін), ағалары, апайлары (бір-бірі үшін). Қарастырылған рөлдерден нуклеарлық отбасы мүшелері рөлі диапазонының ауқымды екенін байқауға болады, яғни мұндай отбасының мүшелеріне әсіресе, балаларына ерте жастан бастап өмірлік дағдылардың маңызды өзара қатынастарын меңгеруге көмектеседі.

Үлкейтілген отбасы – әдеттегі аграрлық мәдениеттегі отбасы. Қазіргі уақытта, әсіресе қалаларда мұндай отбасылардың саны азаюда. Мұндай отбасы үш ұрпақтан тұрады – ерлі-зайыптылардың ата-аналарының біреуі, ерлі-зайыптылар және олардың балалары. Бұнда отбасы рөлдерінің 12 типтері келтірілген (ата-аналардың ата-анасының жұбы 4 рөлді атқарады: әкесі, күйеу, ұл, балалары – 3 рөл бойынша: ұл, аға, немере), орындау белгілі бір күшті тудырып, икемділікті талап етуі мүмкін, өйткені кейбір отбасы мүшелері бір уақытта балалықтыда, ата-аналық рөлдіде орындауы мүмкін (мысалы, ер адам өз ата-анасы үшін бала және өз балалары үшін әке болып табылады).

Үлкейтілген отбасында мүшелердің барлығы үшінде қиындық туындайды, өйткені әлем қарқынды түрде өзгеруде, ал онымен бірге өмірлік ырғақ, өмірлік стильдер, отбасылық рөлдерді ұстанудың өзара қатынасы мен деңгейлеріде өзгеріп, әр ұрпақ өкілдерінің арасында дау-дамайдың туындауына алып келеді.

Толық емес отбасы – ерлі-зайыптылардың екеуінің біреуінің немесе балалардың рөлі қарастырылмаған, жиі екі адамнан тұратын отбасы. Бұл жерде көбіне жалғыз басты ата-ана және оның балалары немесе баласыз жұптар жайында айтылып отыр. Мұндай отбасындағы рөлдік диапазон солғын, ал тұлғааралық тәуелділік түбегейлі түрде қатынаста белгілі бір күшті тудырады. Сонымен қатар мұндай отбасының мүшелері адам үшін маңызды психологиялық қажеттіліктің депривациясын сезеді. Жалғыз басты ата-ана қолдау, түсіністік, жыныстық қажеттіліктердің депривациясын сезінуі мүмкін. Ата-ана типіне байланысты мұндай отбасындағы бала коммуникативтік, танымдық қажеттіліктердің, құрмет пен қауіпсіздік қажеттіліктерінің депривациясын сезінуі ықтимал. Толық емес отбасындағы баланың тұлғалық дамуы ұқсастық үрдісінің күрделігіне байланысты баяулайды. Осындай отбасының қаржылық мәселесіде шектеулі болады.

Аралас отбасы – алдыңғы отбасының сынықтарынан (бөліктерінен) тұрады (Сатир В., 1992), мысалы, жалғыз басты әйел және әйелі өлген балалы еркек, алдыңғы некеде балалары бар ажырасқан әйел немесе еркек. Мұндай отбасының күрделігі отбасы мүшелерінің басқа адамдардың алдыңғы өзара қатынастың жігімен байланысында, нақтырақ айтсақ, оларды бір-бірімен бұрынғы отбасында атқарған рөлдері байланыстырады.

Отбасы моногамдық және полигамдық болып бөлінеді. Монгамды отбасы некелік жұптан – күйеуі және әйелінен тұрады; полигамды – біреудің бірнеше некеге тұруы (полиандрия – бір әйелдің бірнеше еркекпен некелесуі, полигиния – бір еркектің бірнеше әйелмен некелесуі).

Туыстық байланыстар отбасының қарапайым, нуклеарлық, немесе күрделі, үлкейтілген типін анықтайды. Отбасына типология жасай отырып, қазіргі әлемде ең кең таралған отбасы

ата-ана және баладан, яғни екі ұрпақтан тұратын нуклеарлы отбасынан тұратынын ескеру қажет.

Е.А. Личко (1979) отбасын құрылымдық құрамы бойынша топтастырады:

- Толық отбасы (анасыда, әкесіде бар);
 - Толық емес отбасы (тек анасы немесе әкесі ғана бар);
 - Бұрмаланған немесе деформациялы отбасы (әкенің орнына өгей әкенің немесе ананың орнына өгей шешенің әсері);
- Қызметтік ерекшеліктері бойынша:

- Үйлесімді отбасы;
- Үйлесімсіз отбасы.

Қазіргі уақытта отбасының бірнеше тобы бар:

1) тарихи талдаудағы отбасының дамуы мен мирасқорлықтың формасы:

- матриархалды отбасы,
- топтық,
- жұптық,
- патриархалды,
- моногамды,

2) отбасы құрылымын талдаудың және онда келтірілген туыстық типтердің негізінде:

- нуклеарлы,
- үлкейтілген,
- толық емес,
- аралас,

3) екі отбасылық остердің маңызды полюстері приоритетінің негізінде: күйеуі-әйелі, ата-аналар-балалар (С.И.Голод, 1998):

әртүрлі отбасылық тәртіпті көрсететін моногамды отбасының 3 типі:

- патриархалды моногамды отбасы,
- балаға орталықтандырылған моногамды отбасы,
- ерлі-зайыптылар отбасы.

Моногамды емес отбасының үш типі:

- ажырасудың нәтижесінде пайда болған толық емес отбасы,

- ерлі-зайыптылар біреуінің қайтыс болуының нәтижесінде пайда болған толық емес отбасы,

- аналық.

Альтернативті отбасылық стильдер:

- Шын мәніндегі неке немесе некесіз бірге тұру,

- Қайталанған неке немесе кезекті полигамия,

- Тумаған ата-аналар отбасы,

- Годвин-неке,

- Конкубинат немесе бигамды неке.

Патриархалды моногамды отбасы - әйелдің-күйеуіне, баланың-ата-анасына тәуелділігінде еркектің тұқымындағы үлкеннің үстемдігіне негізделетін отбасы. Патриархалды отбасында ұлдары әкенің отбасынан алшақтамай, әйелдерін әкесінің отбасына алып келеді, қыздары күйеуінің отбасына барып, өз тектерінен айырылған. Бұл тектің атауы ер адам жақтан жүретін, ал жұмыстың түрлері еркек пен әйелге тең бөлінген отбасы. Ер адамдар отбасы ресурстарын қамтамасыз етсе, әйел адамдар үй шаруасын атқарған. Отбасының әлеуметтік беделі әкенің, күйеудің, ұл баланың экономикалық жағдайымен, ал әйел адамдардың беделі бала санына қарай анықталған; әйел адамның кәсіби іс-әрекеті оның жеке беделін, күйеуінің беделін (отбасын қамтамасыз ете алмайтын) және жалпы отбасының беделін төмендеткен.

Балалы ортаға бағытталған моногамды отбасы эмансипация үрдісінің және баланың әлеуметтік құқықтарының қалыптасуына байланысты XIX-XX ғғ.

шетелде пайда болған.

Отбасының жаңа қажеттіліктеріне байланысты бала тамақтануының, бала киімінің, бала ойыны мен ойыншықтарының, балалар мұражайының, балалар әдебиетінің, кино, диснейлэнтардың арнайы индустриясы дамиды. Білім беру орталықтарының және оқу бағдарламаларында көпжақтылық байқалып, кәсіби іс-әрекетті жеңілдететін арнайы бағдарламалар жасалып (кәсіби кеңес беру), балалықтың жалғасы өсіп, ал

баланың еңбек жүйесі кейінге шегіндіріледі. Балалардың туы-
луы жылдан жылға төмендеуде.

Балаға ата-анасынан берілетін эмансипация көрінісі және
өзара қатынастың моно- либо диалогиялық принциптерін меңге-
ру деңгейінің негізінде бөлінетін баллы болуға бағытталған от-
басының түрлері:

- Авторитарлы балалы болуға бағытталған отбасы ата-
ананың шоғарлануына баланың есейгенде ата-ана рліне енуге
талпынысына және белгілі бір жағдайда ата-ананың екеуінің
немесе біреуінің өзіндік сенімінен туындайтын, айқын көрінетін
ата-аналық мотивацияға ұмтылуына негізделген.

- Амбивалентті балалы болуға бағытталған отбасы – бала-
ның дамуы ерлі-зайыптылардың қамқорлығы мен эмоциянал-
дық қалпына байланысты болатын отбасы.

- Квазиавтономды балалы болуға бағытталған отбасы –
өзара қатынасында диалогиялық компонент айқын көрінетін;
бала тең құқылы болатын, яғни оған автономия беріліп, үйдегі
шаруаны ата-анамен тең орындау міндеті де өзгертін отбасы.

Ерлі-зайыптылар отбасы ХХ ғасырдың 60 жылдары әйел
мен бала эмансипациясының біріккен әрекетінің нәтижесінде
туындаған. Бұл өзара қатынас екі адамның арасында – еркек пен
әйелдің қатынасында қалыптасады. Бұл қатынастар өзінің адами
табиғатын интимді және автономды негізде максималды ашуға
деген талпынысынан туындайды. С. Голод «интимділікті» түсін-
діре отырып, оны 4 компонентке бөледі: симпатия, орналасуы,
ризашылық және эротикалық бауыр басу.

Отбасының моногамды емес үлгісі өзекті некелік қаты-
настарға негізделмеген.

Отбасының моногамды емес үлгісінің түрлері:

- **Ажырасудың салдарынан пайда болған толық емес
отбастары**, - ХХ ғасырдың аяғында Европада кең таралған то-
лық емес отбасының типтік түрі. Мұндай отбасындағы некелік
дағдарыс көп жағдайда ата-ананың мінез-құлқының дағдары-
сына қарай көрініс береді: көптеген әкелер ажырасқаннан кейін
бірден немесе бірнеше уақыттардан кейін өз балаларын көрмей
кетеді.

- **Қайтыс болудың нәтижесінде пайда болған толық емес отбасы**, - көбіне аналық отбасылар кездеседі, өйткені жесірлік – әйел адамның пешенесіне тән; отбасының мұндай түрінің кең таралуы алдыңғы түрмен салыстырғанда төмен көрсеткішті көрсетеді.

- **Некеден тыс аналық отбасылар** – бұл қала және ауылдық жерлерде қарқынды түрде өсіп келе жатқан отбасы: XX ғасырдың 90-шы жылдарының басында Ресейде 20-21% және Ұлыбритания мен Францияда 32-35% құраған. Бұл отбасын көбіне жас аналар (15-19 жас аралығындағы), немесе репродуктивті 40-44 жас шамасындағы аналар құрайды. Шын мәнінде осының астары әртүрлі мотивациядан тұратындықтан бұл екі түрлі отбасы болып табылады.

Отбасының альтернативті ұстанымы – өздерінің кейбір сипаттары бойынша ерекшеленетін бірінғай некелі отбасының үлгісі. Олар отбасының келесі типтерімен келтірілген:

Фактіге негізделген неке немесе некесіз бірге тұру, - бұл тұлғалардың бірін-бірі қалауының нәтижесінде жүзеге асырылатын қатынастың формасы; серіктестер тек интимді және жыныстық жақын, қатынастарын заңдастырмаған, ал заңдастырсада, ол аяқ асты жүктілікпен (стимулды неке) немесе өздеріне сенімді болғанда, сонымен қатар біреуін жоғалтқанда, ажырасқанда заңдастырады.

Фактіге негізделген неке жас буындарға тән, жас қоса келе олардың жиіліктері төмендейді. Некелік қатынастың мұндай формасы өткен жүз жылдықтың 70-ші жылдары Европада кеңінен таралып, ал 80-ші жылдардың ортасына қарай 11-26% деңгейді көрсетті.

Қайталанған некелер немесе бір ізді полигамия, XVI ғасырда Ұлыбританияда көбіне жесірлер некесі түрінде тіркелген. Қазіргі уақытта қайталанған неке екі мүлде бір-біріне ұқсайтын отбасылардың жағдайы болып табылады – жесірдің некесі немесе ажырасқанның некесі. Егер бастапқыда қайталанған неке жесірліктің салдарынан туындаса, қазіргі уақытта өмірді сақтап қалушы технологияның жетістігінің нәтижесінде (медицина, экология, салауатты өмір салты, ауруды алдын алу

бағдарламалары, егулер) қайталанған неке ажырасудың салдарынан туындап отыр.

Тумаған ата-аналар отбасы (аралас отбасылар) – отбасында өгей әке, өгей шеше, өгей қыз, өгей ұл сияқты жаңа отбасы рөлдері пайда болады.

Годвин-неке – англия авторы әлеуметтанушы-монархист У.Годвиннің (1756-1836) есімімен байланысты, ол некені жағдайға негізделген идеалды үлгі ретінде бейнелейді, яғни жұптардың ата-аналарына және жастар өз еріктерінен тыс баруға мәжбүр болғанда туындайды. Бұл некеде жыныстық жақындасу қаралмаған, жетістіктермен екі жақты құрмет пен бөлек өмір сүруге негізделген.

Тағы бір ерекше неке конкубинат немесе бигамды неке (лат. тілінен ауд. concubinitus, conc – бірге, cubo – жатырмын), яғни бір еркектің екі әйелмен некелесіп (немесе бір әйелдің екі еркекпен), екі әйелденде (екі еркектен) баласының болуы. Бұл айналадағылардан жасырылатын, бірақ БАҚ мәліметтерінде бақыланатын, сирек кездесетін отбасы.

Пысықтау сұрақтары:

- отбасының құрылымдық тұрғыдан жіктелуі қандай?
- Заманауи отбасының құрылымдық ерекшеліктері неде?
- Сирек кездесетін отбасыларға қандай отбасылар жатады?

1.5 Отбасының өмірлік циклі

Отбасының өмірлік циклі – оның толық қызметі мен инволюциясының қалыптасу, даму кезеңдері. Д.Левидің пікірінше, отбасының өмірлік циклін зерттеу лонгитюдтік тәсілді талап етеді. Бұл отбасының индивидуумның онтогенез үрдісіндегі сияқты өзінің дамуында белгілі бір кезеңді басынан өткізуі. Отбасының өмірлік циклінің кезеңдері отбасын құрумен, отбасында жаңа мүшелердің пайда болуымен және қарттарға «күтім» жасаумен байланысты. Отбасы құрамындағы бұл өзгерістер көбіне оның рөлдік қызметінің өзгеруіне әкеледі.

Картер мен Мак Голдринг (1980) **отбасының өмірлік циклін алты кезеңге бөледі:**

1) отбасынан тыс жағдай: бойдақ және тұрмыс құраған адамдар, өз отбастарын құрмағандар;

2) жас-жұбайлар отбасы;

3) кішкентай балалары бар отбасылар;

4) жеткіншектері бар отбасылар;

5) есейген балалардың отбасынан бөлек шығуы;

6) дамудың төменгі сатысында тұрған отбасылар.

В.А. Сысенко бөлуінше:

1) тым жас некелер – 0-ден – 4 жыл бірігіп өмір сүру;

2) жас некелер – 5-тен – 9 жыл;

3) орташа некелер – 10-19 жыл;

4) кексе некелер – 20 жылдан артық бірге өмір сүргендер.

Г. Навайтис отбасының даму кезеңдерін төмендегідей қарастырады:

- Некеге дейінгі қарым-қатынас. Бұл кезеңде міндетті түрде генетикалық отбасынан психологиялық және материалдық тәуелділікті біліп, басқа жыныспен қарым-қатынасқа түсуде және онымен эмоционалды, ікерлік қарым-қатынас жасауда тәжірибе болу керек, некеге жұп таңдау қажет.

- Неке – ерлі-зайыптылардың әлеуметтік рөлдерін қабылдауы.

- Бал айы кезеңі. Оның міндеттеріне: сезім күшейуінің өзгерістерін қабылдау, генетикалық отбасымен психологиялық және кеңістіктік арақашықтықты ұстану, күнделікті тұрмысты ұйымдастырудағы сұрақтарды шешуде өзара әрекет тәжірибесімен қарулану, отбасындағы рөлдерді басынан келісіп алу.

- Жас отбасылар кезеңі. Кезеңнің шеңберлері: ұрпақты жалғастыру жайлы шешім - әйелінің кәсіби іс-әрекетіне оралуы немесе баланың мектеп жасына дейінгі мекемеге баруы.

- Толған отбасы, өз қызметін толық атқаратын отбасы. Егер төртінші кезеңде отбасы жаңа мүшемен толықтырылса, онда бесіншісінде ол жаңа тұлғалармен толықтырылады. Соған сәйкес ата-ананың рөліде өзгереді. Кезең балалардың ата-ана отбасына тәуелділігі азая бастағанда аяқталады. Отбасының эмоционалдық міндеттері балалардың және ата-аналардың бір-

біріне деген психологиялық ықпалдары тепе-теңдік күйге келгенде, отбасының барлық мүшелері шартты түрде автономды болғанда шешімін табады.

- Үлкейген шақтағы адамдардың отбасы. Бұл кезеңде ерлі-зайыптылардың қатынасы жанданып, отбасы қызметтерінде жаңа мазмұн пайда болады (мысалы, тәрбиелік қызмет немесе тәрбиесіне араласумен көрінеді) (Навайтис Г., 1999).

В. Сатирдің өмірлік цикл тұжырымдары (1992) баланың отбасындағы дамуының кезеңдеріне бағдарланған, сондықтанда балалы болуға бағытталған болып табылады:

1-ші кезең. Көпшілік зерттеушілердің ойынша, отбасының бастауы өзара махаббаттың, жауапкершілік пен көмектің негізінде ұзақ уақыт (ерлі-зайыптылар немесе жұптық) қатынасқа түсу жайлы шешім қабылдаған екі адамның сәті болып табылады.

Мұндай тәсілде отбасының бастауы тұлғааралық қатынас арқылы субъективтік қанағаттандыруды түсіну болып табылады.

2-ші кезең. Бала біту және балалы болу жүзеге асырылады. Оқулықтарда дәл осы кезеңнің отбасы бастауы болып саналатыны жайлы ойлар көп келтірілген: Бала біту және балалы болу ерекше қатынасты тексеру және жұптардың қатынастың жаңа кезеңіне түсуге дайындықтарын дәлелдейді (Сатир В., 1992). Негізгі мазмұны – жаңа әлеуметтік рөлдерді иелену – үлкен әлеуметтік жауапкершілікпен байланысты ата-аналық рөлдер. Баланың дүниеге келуі үлкен қуаныш әкеліп, көптеген мәдениеттерде жоғарғы әлеуметтік құндылықты иеленседе, ол үлкен күш қуатпен, үлкен эмоционалдық күш жұмсаумен және ата-аналар қажеттілігінің маңызды депривациясымен байланысты. Сондықтанда кейбір ерлі-зайыптылардың қатынасынан бірінші бала дүниеге келген кезде «қаулаулар» байқалады.

3-ші кезең. Бала мектепке барады, отбасынан тыс бірінші әлеуметтік институттың мүшесі болады. Мектеп – бұл баланың ең алдымен бірінші әлеуметтенуінің сапасын, басқа адамдармен, балалармен, ересектермен қарым-қатынасқа түсе алуын, үлкендермен қарым-қатынаста өзін қалай ұстайтынын, шыдамдылығын, назардан таса қалғанда не істейтінін, өз эмоциясын

бақылауға қаншалықты дағдыланғанын, қаншалықты дос және әділ болатынын тексеру. Мектеп – бұл баланың ақыл-ой қаблеті мен ықыласын тексеру. Басқа сөзбен айтқанда баланы мектепке берген кезде ата-аналардың ата-аналық сапасының объективтілігі сипатталады, сондықтан олар әсіресе баланың алғаш мектепке барған кезінде қатты күш жұмсайды.

4-ші кезең. Бала жеткіншектік жасқа жеткенде эмансипация талаптарынан ата-ана беделінің төмендегені жеткіншектік топта қатынас маңыздылығының жоғарлағаны байқалады. Ата-ана баласымен қатынастың стилін өзгертуге мәжбүр болады. Жеткіншекпен үйге жаңа сән үлгісі, жаңа ән, жаңа мінез-құлықтың үлгісі «кіреді». Бұл кезең ата-ана үшін жаңалықтардың ашылуын тексеру болып табылады. Ата-ананың адал мінез-құлқы мектептегі оқудың аяқталуына қарай жеткіншекпен қатынасты қалпына келтірудің кепілі болып табылады.

5-ші кезең. Балалар есейе бастайды, оқуын аяқтап, кәсібін анықтайды және қаржы жағынан тәуелсіз бола бастайды. Кейде олар еркіндікті іздеп немесе отау құрып өскен үйінен кетуге мәжбүр болады. Балалық және ата-аналық рөлдер көбіне жойылады. Рөлін уақытынан ұзақ «сақтауға» тырысып қалудың салдары керісінше жағымсыз болуы мүмкін: әке (немесе ана) баласын өмір сүруге үйретуін жалғастыратын мазасыз ата-анаға айналады. Ата-аналық рөлден арыла алмаған ата-аналар үшін бұл кезең әдебиеттерде «бос қалған үй синдромы» атауына ие болып, ауыр эмоционалдық күймен байланыстырылады. Бұл дағдарыс тез ата мен апа болған ата-аналарда жылдам өтеді. Балалары отау құрғанда ата-ананың рөлдері ауысып (қайын ене, қайын ата), туыс ретінде жат адамды қабылдауға мәжбүрлік туындайды.

6-шы кезең. Дене қартаюының бірінші белгілері, климаталдық өзгерістер байқалып, жанға қарағанда тәннің қартаюын факт ретінде қабылдау қажеттілігі туындайды; зейнетке шығу, еңбек іс-әрекетінің аяқталуы, қарым-қатынас шеңберінің азаюы, өткізіп алуды түйсіну. Әр мәдениетте қарттықтың құндылығыда түрліше: мәдениет неғұрлым бай болса, қарттық кезеңге соғұрлым құрметпен қарайтын болады.

7-ші кезең. Отбасының өмірлік кезеңінің аяқталуы – ерлі-зайыптылардың біреуінің өлімі, жесірліктің тәжірибесі мен ерлі-зайыптылардың екіншісінің өлімі. Немерелері апасы және ата-сымен қоштаса отырып, өлім идеяларын меңгереді, әрине білімнің жақын адаммен қоштаспай меңгерілгені жақсы.

Сипатталған кезеңдердің әрқайсысынан отбасы мүшелері мінез-құлықтың жаңа түрлерінің дәмін татуға, жаңа рөлдерді меңнеруге, пікірлерін өзгертуге, әлемге деген көзқарасын жан жақты қалыптастыруға және оған жаңа білімдерді қосуға мәжбүр. Басқа сөзбен айтқанда, отбасы мүшелерінің жартылай, кейде түбегейлі өзгеруінде тура келеді, сондықтанда өмірлік циклдің әрбір кезеңдерінде дағдарыстар туындап, ерлі-зайыптылар немесе бала-ата-аналық өзара қатынастың бұзылу қаупімен және жағымсыз күштердің өсуімен байланысты.

Отбасы мүшелерінде туындаған мәселелердің салдары отбасының дамудың жаңа кезеңіне ауысу және жаңа жағдайларға бейімделу қажеттіліктерімен байланысты болуы мүмкін. Әдетте үшінші кезең бірінші бала дүниеге келгенде, және бесінші кезең (Картер мен Мак Голдрингтің топтастыруы бойынша) отбасының құрылымы отбасы мүшелеріне біреудің «келуімен» және басқаның «кетуімен» байланысатын тұрақсыздықтардан стрессогенді пайда болады. Тіпті позитивті өзгерістердің өзі отбасында среті тудыруы мүмкін.

Аяқасты, травмалық, жұмыссыздық, ерте келген өлім немесе баланың кеш дүниеге келуі сияқты уайымдар отбасының дамуындағы және оның жаңа кезеңге ауысуындағы міндеттердің шешілуін тежейді. Отбасының өзара қатынасындағы ригидті және дисфункционалды стиль қалыпты деген отбасының өзіндегі өзгерістер дағдарыс сияқты қабылданады деген дәлелдер бар. **Отбасындағы өзгеріс** не «қалыпты», не «қалыпты емес» сияқты қарастырылады.

Отбасындағы қалыпты өзгерістер – бұл отбасы күтетін мынандай трансформациялар; «қалыпсыз» - аяқасты және кездейсоқ, мысалы, өлім, өз-өзіне қол салу, ауру, қашу және т.б.

Д. Леви (1993) **отбасындағы өзгерістердің келесі типтерін** анықтайды:

1. «шығып қалу» (түрлі себептерге байланысты отбасы мүшелерінен айырылу);

2. «көбею» (баланың дүниеге келуімен, асырап алумен, атаның немесе апаның келуімен, әскери қызметтен оралуымен байланысты отбасы мүшелерінің толықтырылуы);

3. әлеуметтік оқиғалардың ықпалымен өзгеру (экономикалық депрессия, зілзала және т.б.);

4. биологиялық өзгерістер (жыныстық жетілу, климактериялдық кезең және т.б.);

5. өмір стилінің өзгеруі (оқшаулану, көшу, жұмыссыздық, және т.б.);

6. «зорлық зомбылық»(тонау, зорлау, ұрып-соғу және т.б.).

Өмірлік циклдердің ауыспалы нүктесінен туындайтын өмірлік циклдермен байланысты отбасы дағдарыстарын **нормативті** немесе **көлденең дағдарыстар** деп атайды, өйткені олар бір отбасының ішіндегі өмірлік іс-әрекет кезеңдерімен байланысатындықтан барлық немесе көптеген отбастарында болып жатады.

Дағдарысқа бірінші кезеңде жаңа туысқандармен қатынасты қалыптастыруда пайда болған психологиялық бейімделулер мен мәселелердің екі жақты қиыншылықтары; екінші кезеңде отбасын қамтамасыз ету үшін қайтаратын және қалжырататын еңбекті талап ететін баланың дүниеге келуі немесе ашыналық қатынасты серіктестік қатынасқа трансформациялау; 5 және 6 кезеңдерде «бос қалған үй синдромын» уайымдау, экзистенциалды кеңістік, зейнетке шығарда мәнді жоғалтып алу. **Көлденеңнен** басқа ата-ана және арғы ата-баба отбасымен тығыз әрекет ететін тұрақты шарттармен байланысты **тігінен** дағдарыстарда болады. Бұл шарттар жастың ерекше осал жерлерге тиеді: отбасы мүшелері міндетті түрде қандайда бір ауруға шалдығады деген пікірлер немесе ол ата-аналық немесе ата-баба отбасындағы дәстүрлі емес тәжірибенің нәтижесінде пайда болатын басқа пікірлерге девиант болуы мүмкін. Шарттар отбасы аңыздары тәрізді гениалогиялық ағаштың ерте деңгейінде болуы мүмкін.

Көлденең және тік дағдарыстардан басқа көріну дәрежесі мен оның өзара әрекетінің жалғасуына қарай стрестің өзінің сипатын анықтайтын отбасы дағдарыстарыда тағы бар.

Жүдеп-жадау ұзақ стресті бастан өткізгеннен кейін туындайды, яғни өзін меңгеру ресурсы жоғалғанда дағдарыс мәресіне жетеді. Дағдарыстың мұндай түрі ауыр науқасқа шалдыққан отбасы мүшесін ұзақ уақыт күтім көрсетудің, аумағы шектеулі, ауыр жағдайда ұзақ өмір сүрумен, мінез-құлықтары, әдеттері сәйкес келмейтін екі адамның бірге ұзақ тұруының нәтижесінде пайда болады.

Естен тану дағдарысы оқта-текте басқа түсетін және жеткілікті түрде отбасы мүшелерін естен танатын жағдайға алып келетін, осы дағдарыстың салдарын алдын алу бойынша уақытша қаблетсіз талпыныстарды жасататын драмалық оқиғамен сипатталады (Каппенберг Р.П., 2003).

Отбасылық аңыздар жақсы интеграцияланған, барлық отбасы мүшелерімен бөлінген шындыққа жанаспайтын пікірлер жиынтығынан тұрады.

Бұл пікірлер олардың өзара қатынасына қатысты емес, әдетте мазмұны бұрмалансада оған қызығушылық танытушылар күмәнданбайды. Аңыздар – бұл өз кезегінде гомеостатикалық механизм, олардың мақсаты «тұрақты жағдайды» қолдаумен қортындыланады. Отбасылық аңыз өзара қатынастың тұрақталуын қамтамасыз ету үшін қызмет етіп, индивидуалды шындылыққа сыни көзқараспен қараудан қорғайды. В. Сатирдің көзқарасынша, отбасылық бұзылыстар жиі отбасы өмірін белгілі бір өмірде қолдайтын аңыздардың салдарынан болады.

Аңыздар теледидардағы, фильмдер мен әдебиеттердегі неке және отбасы жайлы иделданған көзқарастар сияқты мәдени мифтермен байланыстыруға болады.

Кейбір кең көлемде таралған мифтар (аңыздар):

- бақытты ерлі-зайыптылар сөз таластырмайды;
- кеңістіктік жақындасу отбасы бірлігі үшін аса қажет болып табылады;
- сәтті некеде ерлі-зайыптылар әрқашан бір-бірін хабардар етіп отырады;

- бірін-бірі шынайы жақсы көретін адамдар серіктесінің барлық қалауы мен тілегін біліп отыруы қажет;

- баланың дүниеге келуі барлық мәселені шешеді.

Отбасылық дисфункциямен арнайы тектік аңыздарда тығыз байланысады, мысалы:

- біздің барлық баламыз мектепте тек тамаша бағалар ғана алады;

- біздің отбасымыздағы әйелдердің барлығының жасы ерлерінен үлкен;

- ана – науқас адам;

- мен сізге тек жақсылық жасағым келеді;

- ол – жай ғана бала.

Кратохвилл аңыздарға егер бір нәрсе түзу болмаса, оған ерлі-зайыптылардың біреуі кінәлі деген өмір жайлы көзқарастарын жатқызады: «Бұл сенің қатең» немесе «Егер сен өзгерсең барлығы жақсы болар еді» (Кратохвилл С., 1991).

Отбасы ережелері. Отбасы белгілі бір ережелерді функциялайтын жүйе ретінде қарастырылуы мүмкін. Осыған байланысты отбасы мүшелері өздерін бір-бірімен өзара қатынастың үлгісін қайталаушы, ұйымдастырушы етіп көрсетеді. Кейбір отбасындағы ережелер **ашық** түрде қортындыланады, мысалы, «үлкендер сөйлегенде бала сөйлемейі керек», «жабық тұрған есікті ашарда, есікті қағу керек», «ешқашан дауыс көтерме», «қыз балаға қол көтеруге болмайды» және т.б. Басқа ережелер **жасырын** болады, әдетте ол отбасында болған жағдайды қайталаудан көрінеді. Жасырын ережелер өте күшті болады, олар дауыссыз қалыптасып, құпия болады: «жыныстық жайлы ештеңе айтпа, ол анамды қапаландырады», «қыз балалар үй шаруасын үйрену керек, сол кезде ұл балалар еркектердің жұмысын атқару керек».

Ереже жаңа отбасына ауысады – үй шаруасын жүргізу, дау-дамайлар мен олардың шешілу жолдары, отбасы қаржысы (Ричардсон Р.). жұбайына қойылатын талаптар саналы да, санасыз түрде де болып, ата-ана отбасында рөлдерді қабылдаумен базаланады.

Пысықтау сұрақтары:

-отбасы циклдерін отандық және шет елдік ғалымдар қалай негіздеген?

-отбасы циклдері неше кезеңнен тұрады?

-отбасындағы жасырын және ашық ережелер?

2. Жыныстық өзгешеліктер мәселесі

Әртүрлі жыныс өкілдеріне тән психологиялық ерекшеліктер білімі қалыпты отбасылық қатынасты құру, серіктесті жақсы түсіну үшін қажет. Бәрімізге белгілі еркек пен әйел хромосомалар жиынтығымен, гормондық құрамымен, сүйектерінің құрылымымен, жүректерінің соғысымен ерекшеленеді. Әйелдер ер адамдарға қарағанда өмірге бейім болып келеді, олардың өмір сүруіде ұзақтау. Дегенмен, әйелдер тез шаршап, ақыл естерінен айырылады. Әйел мен еркек табиғатының өзгешелігін түсіндіретін бірінші теориялық түсінік – А. Фульенің (1896) жұмысында жазылған, яғни еркектер мен әйелдердің өзгешелігі алмасу үрдістерінің (метаболизм) принципіалды ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Метаболизм анаболизм мен катаболизмнің өзара әрекетінің ерекшеліктерінен тұрады. А. Фульенің ойынша, әйел ағзасында дамыған тамақтануға, интеграцияға, энергияны сақтауға бағдарланудан тұратын анаболиялық үрдістер. Әйелдің индивидуалды аман қалуын қамтамасыз ететін осы үлкен анаболиялық бағдар оның мінез-құлқынан көрінеді. Катаболиялық үрдістер көбеюмен, дезинтеграциямен, энергия тапшылығымен байланысып, еркектер ағзасындағы мінез-құлықтың бейнесін айқындайды (Н.Н. Обозов, 1995).

1960 жылдары В.А. Геодакян **жыныстық диморфизм теориясын** қалыптастырды. Бұл теориядағы әйел және еркек тұқым қуалаушылық, өзгеріс, естің ұзақ және қысқа мерзімдік түрді, консервативтілік пен вариативтілікті салыстырады. Әйел бастамасы эволюция нәтижесінде жинақталған ұрпақтың ұрпақтан ұрпаққа өзгермеуін қадағалау. Бұл тұқымқуалаушылықтың «алтын қоймасы», кіруге қатаң түрде рұқсат берілмегенге кіру. Еркектер – бұл өмір сүрудің жаңа шарттарымен қақтығысу

қызметін өз мойнына алатын популяциялар қатары – «күреспен қадағалау». Бұл жағдайларға келесілер жатқызылады:

1) қоршаған жағдайлармен қақтығысу қызметі маңызды жоғалтулармен қақтығысады. Ер адамдардың жынысы үш айлық кезеңде, әйелдерге қарағанда эмбриондары осал. Зиготтық деңгейде әйел мен еркек жынысының ұрықтану сәйкестігі – 150:100, туғанға дейінгі – 95:100. Бұл заңдылық ұл балалардың айтарлықтай жоғарғы өлімімен анықталады.

2) тұлғалардың ішінде инфаркт миокардқа ер адамдар көп шалдығады;

3) тума жүрек ақауын зерттеудің нәтижесі бойынша: әйел адамдарда ол жиі ерте эволюциялық үлгі ретінде жанданатыны көрсетілсе (мысалы, екі камералы жүрек), ал ер адамдарда эволюциялық үлгіге қатысы жоқ, «футуристикалықты» білдіреді.

В.А.Геодакянның тұжырымдамасында, популяция, түрлер «қызығушылықтарына» сүйенетін ерлер мен әйелдер дихотомиясы бейнеленеді. Оның пікірінше, әйелдерге филогенетикалық ригидтілік пен онтогенетикалық иілгіштік тән болса, еркектерге - онтогенетикалық иілгіштік пен филогенетикалық ригидтілік тән.

В.Е. Каган айтуынша, жыныстық диформизмнің принциптері абсолютты емес, және олардың барлығы адамда альтернативті «еркек немесе әйел» деп бейнеленуі мүмкін. Мысалы, гормональды жүйені бейнелеу үшін бұл принцип жарамсыз: өйткені еркектің де, әйелдің де ағзаларында еркектегі сияқты әйелдердің де жыныстық гормондары болады, ал гормональды мускулдық немесе феминдік сол немесе басқаның болуымен анықталады. Бас миында еркектік және әйелдер типі бойынша мінез-құлықтарының бағдарлану мүмкіндіктері жүреді. Осы курстың қасиеттері мускулдық (М) немесе феминдік (Ф) белгілерінің әрқайсысы буындардан хабар беруші, және «өзінің» буындары «басқаныкіне» қарағанда көбірек толықтырылуы керек дегенді қарастыра отырып, континуалды үлгіні бейнелейді (В.Е. Каган).

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында В.Флис, З.Фрейд, О.Вейнингер және т.б. екі сызқты идеялары талданып, кейінірек жаратылыстану ғылымдарының негіздемесі тек

патологиялық нұсқаларда ғана емес, (мысалы, гермафродитизм), калыпты ағзаны функциялау ерекшеліктерінде жүзеге асырды.

Сонымен, И.С. Кон бақылауынша, барлық үш топтыңда гормондары – еркектердікі (андрогендер) сияқты әйелдердікіде (эстрагондар және прогестиндер) – екі жыныстанда кездеседі. Еркектерде эстрогеннің деңгейі 2%-30% құраса, ал осы гармондардың әйелдердегі деңгейі 6%-100% құрайды. Әйелдердегі андрогендердің орташа деңгейі еркектер деңгейінің 6% құрайды (J. Money,).

Континуум идеясының негізінде мускулды-феминді (М/Ф) қасиеттер 1930-1960 жж. М/Ф ақыл-ой қаблеттерін, эмоцияларды, қызығушылықтарды және т.б. (Герман-Майлс тесті, М/Ф ММРІ шкаласы, Гилфордтың мускулды шкаласы және басқалары) өлшеу үшін бірнеше арнайы шкалалар құрастырылған. Дегемен қасиеттердің өзі М/Ф альтернативті өзара ерекшеліктерден тұрады: жоғарғы М төменгі F корреляциялануы керек, және керісінше әйелдер үшін жоғарғы F, ал еркектер үшін М анықталды, бірақ психикалық сапалар «еркек» және «әйел» болып поляризацияланбайды. Сонымен қатар басқада көптеген шкалалар (интеллект, эмоциялар, қызығушылықтар және т.б.) бір-бірімен сәйкес келе бермейді: индивид бір жоғары мускулды көрсеткішті көрсетсе, басқасынан феминді болуы мүмкін. Джанет Спенс, Роберт Хьюмрайхтың «Вопросник личностных свойств» және Сандра Бем тесті (S.Bem, 1979) М мен F альтернативті емес, тәуелсіз өлшемі, сол бір континуумның полюсі сияқты қарастырады. Осыған байланысты сегіз жынысты рөлдік типтер бейнеленді (еркектер мен әйелдер үшін 4-ден).

1-Кесте

Жынысты рөлдік типтер

Типтер	Айқындылығы	
	Маскулдық	Феминдік
Маскулдық	Жоғары	Төмен
Феминдік	Төмен	Жоғары
Андрогендік	Жоғары	Жоғары
Дифференцияланбаған	Төмен	Төмен

Т.В. Андреева бойынша Семейная психология СПб., 2004
«Психологиялық андрогения» теория. Г. Аммон андрогенияны әйелдердің қоғамда маскулды-бағдарында тең болуға күрес емес, эмоционалды-экспрессивті (әйелдер) және іс-әрекеттің инструменталды стилінің көпжақты интеграциялы көріністері, еркін дене экспрессиялары мен жыныстық рөлдердің қатаң артықшылықтарын қалауы, екі жыныстың эмансипациясы ретінде түсінеді. Андрогения түсінігімен әлеуметтік бейімделудің оданда жоғары мүмкіндіктері байланысады. Э. Маккоби мен К. Джеклин әйелдердегі жоғары феминділіктің жиі өзіне деген құрметтің төмендеуімен, үрейдің жоғарылауына сәйкес келетініне аса назар аударады. Кейінірек басқа зерттеушілер маскулды еркектер мен феминді әйелдердің дәстүрлі жыныстық рөлдердің стереотиптеріне сәйкес келмейтін іс-әрекеттің түрлерінен қиындықты көп көреді, ал андрогенді тұлғалар жоғары импотенцияларымен, маскулдықтарымен, фуминдіктерімен жағдайға байланысты іс-әрекеттің стилі мен типтерін жеңіл ауыстырады; сондықтан олар дистрессқа аз ұшырайды. Сонымен қатар әлеуметтік бейімделудің мүмкіндіктері өз кезегінде индивидуалдық бейімділіктен, психологиялық иланғыштыққа тәуелді (В.Е. Каган, 1991).

Андрогенді теориялардың жеткіліксіздігіне М/Ф әртүрлі шкалаларды жатқызуға болады. Бір зерттеушілер қызығушылықтарды бағаласа, басқалары – эмоционалды реакцияны, үшіншілері – еркектердің немесе әйелдердің сол немесе басқа аспектілердің қатынасын бағалайды (И.С. Кон, 1988).

Э. Маккоби мен К. Джеклин «Психология половых различий» (1974) монографиясында мақаланың талдауына негізделіп, жыныстық айырмашылықтарды үш топқа бөлген:

Сенімді: ұл балалар математикалық және көру-кеңістіктік операцияларда жемісті және агрессивті болып келеді, ал қыздарда тілдік қаблет жоғары дамиды. Еркектердің агрессивтілігі жиі асоциалды сипаттан тұрса, ал әйелдерде ол жиі бір нәрсеге сөзбен қарсылық көрсетумен көрінеді.

Күдікті: ұлдар мен қыздарда – тыңдауда, қамқорлықта, даминантылықта, қорқынышта және үрейде, салыстыруда, тактильді сезімталдықта, жалпы белсенділік деңгейде.

Бекітілмеген: қыз балаларда олардың дамуына ортаның ықпалының бар екені анықталады, яғни өзін көндіру мен әлеуметтендіру көбірек, стандартты тапсырманы шешу нәтижесі жоғары, ал өзіне құрмет көрсету мен жетістікке деген қажеттілігі төмен. Ұл балаларда – олардың дамуына тұқым қуалаушылықтың ықпалы анықталады.

Күрделі және стандартты емес тапсырмаларды орындаудағы, аналитикалық және танымдық ұстаным, есту анализаторларына тән даму жетістіктері.

Б.Г. Ананьевтің зертханасында жүргізілген зерттеулерден жыныстардың арасындағы танымдық сфералардың айырмашылықтары анықталды. Ұлдар мен қыздардың танымдық іс-әрекеттерінің қасиеттерін зерттеуден (17-22 жас аралығындағы студенттер) келесі нәтижелер алынды:

- адамның қызығушылықтарын бейнелейтін және оның білімділігін дәлелдейтін жалпылама хабардарлық, сонымен қатар адамның мінез-құлқы мен ақыл – ой қасиетінің тапқырлығын бейнелейтін жалпы түсінік ұл балаларда жоғары.

- Күрделі интеллектуалдық тапсырмалардағы зейіннің шоғырлану жылдамдығы, бақылампаздығы, кеңістіктік елес, вербалды емес, жалпы интеллект ұл балаларда жоғары.

- Вербалды интеллект, сөздік қор, ойлаудың логикалығы, оның жалпыламалығы қыздарда жоғары болса, ұлдар тобында да сондай көрсеткішті көрсетеді.

Векслер тесттер батареясын зерттеудің қортындысы бойынша интеллекттің 14 көрсеткішінің 3 қыздар тобында жемісті болды:

- Қысқа мерзімді есте сақтау көрсеткіштері (шұғыл тапсырмаларды шешуге көмектеседі)

- Сөздік қор (сөздік білімді қайта өңдеудің көп оқығандығы мен жеңілдігі жайлы айтады)

- Қарым-қатынаста оңтайлықты талап ететін, ақпараттық тапсырмалардың шешімін жеңілдететін ақылдың бейімделуі

Н.Н. Обозованың пікірінше, ер адамдардың әлемді қабылдаудағы шынайы фактілерді бағалауда объективтілік және бағдарлау тән, ал әйел адамдар үшін сыртқы әлемді қабылдау мен бағалау сәтінде өз жағдайына бағдарланудың субъектив-

тілігі мен әсерленгіштігі тән. Ер адамдарда тұлғааралық қатынастаура (жиі «иә-жоқ сызбасы бойынша) болса, әйелдердің адамдармен қатынасында қарым-қатынастың әртүрлі нюанстарына үлкен сезімталдық байқалады. Еркектерді сөздік мадақтаулар бәсеңдетіп, олардың іс-әрекеттерін тежесе, әйелдерді керісінше, қоздырып, олардың іс-әрекеттерін шапшандатады (яғни – мақтауға махаббат).

Еркектер мен әйелдердің стрестік жағдайдағы мінез-құлықтарын зерттеу өте қызық. Б.Г. Ананьевтің зертханасында 1966 жылы жүргізілген зерттеулердің көрсеткіші бойынша әйелдер экстремалды жағдайға назар аударса, ал еркектер экстремалды жағдай жайлы көріністерге энергияларын жұмсайды. Осыған байланысты еркектердің мінез-құлықтары сәтсіздікке душар болады. Ресурстарды үнемдеу жағынан - әйелдердің ағзасы мен жүйке жүйесі жақсы. Б.Г. Ананьев осыған байланысты өз пікірін былайша білдірген екен, **адамзатқа тән нәрсенің барлығы оның интеллектісінің білімі мен қасиеттерімен ғана емес, оның энергетикалық мүмкіндіктеріменде қортындыланады** (Б.Г.Ананьев, М.Д. Дворяшина, Н.А. Кудрявцева, 1968).

А.Анастаси бойынша ер адамдардың артықшылығы қозғалыстарының жылдамдығы мен координациясынан, кеңістіктегі бағдарынан, механикалық қатынасты түсінуінен, математикалық талдауынан байқалса, әйел адамдар қолдарының нәзіктігімен, есепті қабылдау жылдамдығымен, вербальды есте сақтауымен, сөздерді және басқада тапсырмаларды орындаудағы шапшаңдығымен ерекшеленеді. Н.Н.Обозовтың айтуынша, әйелдерге тек энергетикалық қана емес, мектеп пен ЖОО оқытудағы ақпарат алмасуда тән.

Әйелдердің өмірінен үш фазаны бөлуге болады: әлеуметтену, интеллектуалдық және кәсіби «қоржынны» жинақталуы; нәрестенің туылуы мен тәрбиесі, потенциалдардың өзіндік бағдарлануы мен өзіндік белсендірілуі. Ер адамдардың өмірі «бірқалыпты» болып келеді, тек олардың жұмысқа немесе аздап отбасына деген бағдары ғана өмірін өзгерткендей болады.

Жыныстық айырмашылықтар өмірлік мақсатқа байланысты көрініс береді: еркектерде ерте балалық шақтан алдына қойятын мақсаттары – қандайда бір жетістіктерге өз күшімен

жету, және олардың өзін-өзі бағалауыда жұмыстағы жетістіктеріне қарай құрылады. Қандайда бір саладағы, шығармашылықтағы жетістіктері еркектердің тұлғалық дамуының негізін құрайды. Әйелдердің махаббаттағы, тұрмысқа шығудағы жетістіктері – тұлғалық дамудың белгілі бір факторы (Н.Н. Обозов, 1995).

Т.В. Андрееваның зерттеулерінде кластерлік талдаудың көмегі арқылы қызығушылықтар бағытының негізгі бес түрі анықталған. Еркектерде бұл – қызығушылықтардың шығармашылыққа («шығармашылық», «жұмыс», «махаббат», «таным») құндылықтары басым болса, «отбасы» құндылығы мойындалмайды), танымға («бостандық», «таным», дербестілік»), жұмысқа («жұмыс», «дос», «шығармашылық»), «бостандықты қалау-гедонистикалық» типке («бостандық», «шығармашылық», «махаббат», «ләззат алу»), және «үйлесімділік типке» («отбасы», «махаббат», «жұмыс», «шығармашылық») бағытталады. Сондықтан еркектердегі соңғы бағыттылық типіндегі бірден бір басым құндылық «отбасы» болып табылады.

Еркектерге қарағанда әйелдердің қызығушылықтары белгілі бір салада және шығармашылық нәтижелерде өзін белсенді көрсетіп жүрген тұлғаны қолдайтын танымдыққа («теңдік», «таным», «достар») және шығармашылыққа («шығармашылық», «таным», «еркіндік») бағытталып, әйелдер қызығушылықтарынан арнайы типке бағыттылығыда анықталды: «үйлесімді тип» («махаббат», «отбасы», «шығармашылық» құндылықтарының басым болуы), таза отбасы бағытында екі маңызды тип анықталды: 1 - «махаббат», «отбасы», «өмірде материалдық тапшылық көрмеу» құндылықтарының басым болуы; 2 – «еркіндік», «махаббат», «отбасы». (Т.В. Андреева, 1989, 1996,1997).

Еркектерде қоршаған ортаны зерттеу мен өлшеу қажеттіліктері дәлелденсе, ал әйелдердегі үлкен қажеттілік адамдарды зерттеу. Сонымен қатар 12 апта ғана болған жаста, әлі қоршаған ортаның ықпалы байқалмаған кезде қыз балаларда адамның фотодағы келбетіне қызығушылық өте жоғары. 24 аптада қыз балалар адамның түрі бейнеленген суретті басқа заттан сұрай бастайды. Ұл балаларда 24 аптада кел бетке қарағанда геометрия-

лық фигураларға деген қызығушылық байқалады. С.В.Ковалевтің (1988) анықтауынша, ұл балалардың 1,5-2 жаста құрастырушы іс-әрекетке бейімділіктері пайда болады да, (қыздар қалыптасқан, анықталған қағидаларды ұстанады) олардың ішкі механизмдерін, құбылыстардың мәнін, жағдайды талдауға деген талпыныстары мектеп жасындағы көптеген іс шаралардың мәні мен маңыздылығын анықтағанда ғана белсенділік танытатындығы көрінеді, ал сол кезде қыз балалар сырттан тапсырылған заттардың мәніне назар аударады.

Н.Н. Обозов (1995) бірнеше авторлардың зерттеулеріне сүйене отырып, еркектер мен әйелдердің арасындағы келесі психологиялық ерекшеліктерді көрсетеді:

Жыныстардың арасында мадақтау мен марапаттауға қатыстыда айырмашылықтар бар. Әйелдер жұмысының жақсы жасалғанын түсініп тұрсада, жұмысты айналадағылардың байқату үшін қажеттілікті сезініп тұрады. Еркектер өз еңбектерінің марапатталғанын жақсы көреді, егер еркектер өз жұмысының жақсы орындалғанына сенімді болса, тіпті оның жұмысын айналадағылар мойындамасада олар өздерін жоғары бағалайды. Еркектер өзін-өзі бағалауы тұрғысынан айналадағыларға тәуелді емес (А. Келам, И. Эббер, 1985). Еркектерге қарағанда әйелдер нақты бір адамдармен сенімді байланысты орнатуда интимді қатынасты қалайды. Сенімде физикалық және рухани жақындықты қалауы әйелдерде көбірек байқалады. Қарама-қарсы жыныс өкілдерімен байланыс орнату қаблеті жағынан қыздар (жеткіншектік кезеңде) интимді қатынасты көп қажет етеді. Жеткіншек ұл балаларда басқа жыныстың өкілдерімен қатынасындағы қиындығы спортпен айналысуына немесе алкогольдік ішімдіктерді пайдалануына әкеп соқтырады. Әйелдермен интимді қатынасты орната алмаған жеткіншек ұл балалардың агрессивтілігі аспан айналып жерге түскендей күйге бағытталады. Егер интимді қатынас болмаса, әйелдер еркектерге қарағанда өздерін қысым жасалғандай сезеді. Бірақ соған қарамастан әйелдерде түр әлпетті өзгерту және сублимациялану қаблеті жақсы дамыған. Еркектер өз қажеттіліктерінде тік мінезділік танытады, сондықтан олар сыртқа түсінікті, қалыпты болып көрінеді. Әйелдерде өз потенциалдарын әлеу-

меттік жүзеге асыру іскерліктері жоғары, олар өмірлік жағдайларда көбіне адекватты болып келеді. Сублимацияның ең күшті тәсілі – баламен қарым-қатынас жасау. Бала толықтай интимді қажеттіліктерді, сенімді қатынасты қанағаттандыра алады. Әйелдер бағдарлануда интимді қатынасты күйеуімен, баласымен немесе ашынасыменде орнатуға қаблетті. Олар қатынасында туындаған алшақтату мәселелерін жеңіл шешеді. Өз сезімталдықтарымен әйелдер сенімді қарым-қатынас арқылы интимді қатынасты қайта орната алады. Сондықтанда ақатынастың үзілу салдарынан туындайтын психикалық бұзылулар еркектерге қарағанда әйелдерде аз кездеседі. Қоғамда жүзеге асырылған нормаларға сәйкес әйелдерге өз эмоциясын көрсетуде және өз әлсіздіктерін мойындауға көп еркіндік берілген. Өз эмоционалдық мәселелерін қалыпқа келтіре алмау қаблеті әрқашан әйелдің еншісіне берілген. Әйелдердің рухани бұзылыстарға жақын болуының бірден бір себебі олардың қиыншылықтарға бірден мойынсынуға дайын екендіктері жайлы айтылады. Олар еркектерге қарағанда басқалардан құрбыларынан, психологтардан, дәрігерлерден жиі көмек сұрай алады. Сонымен қатар үлкен эмоционалдық пен қатынасқа бағдарлықтан мәселе тұйықталып қалуы мүмкін, өйткені «кеңес берушілер» еріксіз түрде қызығушылық танытуы мүмкін. Үшбұрышты қатынастар жиі драмалы болып келеді. Еркектерде интригалық өсектерге құамртуы мүмкін және соның салдары ретінде ашуға беріледі.

Сонымен қатар әйел мен еркектердің некедегі қанағаттануының негізгі қажеттіліктеріне қарай ерекшеліктерінде анықталған. Сонымен Уиллард Харли мыңдаған ерлі-зайыптылар жұбымен психотерапевтикалық жұмыс жасаудың негізінде **еркектердің некедегі келесі бес қажеттілігін анықтайды** (автор бұл жерде жұптың қатынастан не күтетінін көрсеткен):

- 1) жыныстық қанағаттану
- 2) демалу тұрғысынан серіктес
- 3) әйелінің көріктілігі
- 4) үйшаруасын жүргізу (немесе жұбайының тарапынан «үйдегі қолдау»)
- 5) масаттану (әйелінің моральді қолдауы).

Әйелдердің қажеттіліктері:

- 1) нәзіктік (романтика мен қамқорлық атмосферасы)
- 2) сөйлесу мүмкіндігі
- 3) шынайылық пен ашық айту
- 4) финанстық қолдау
- 5) ерінің отбасына адалдығы (оның әкелік парызын орындауы)

У.Харлидің (1992) пікірінше, еркек пен әйелдің отбасын құрудағы сәтсіздіктер бір-бірінің қажеттіліктерін білмеуінен туындайды. Ерлі-зайыптылар қажеттіліктерінің айырмашылығы ерекше, сондықтан адамдарға ерлі-зайыптылық өмірге бейімделу қиын болады. Күйеуінің өз әйелінің қажеттіліктерін өтеуде ниеті таза болуы мүмкін, бірақ ол өзінікін оның қажеттіліктерімен ұқсас деп ойласа сәтсіздікке ұшырайды. Еркек пен әйелдің арасындағы қарым-қатынас стилінде айырмашылықтар бар, ол өз алдына ерлі-зайыптыларға бірін-бірі тыңдамайды және түсінбейді деген ой тудыруы мүмкін (Д. Таннэн, 1996).

Н.Н. Обозова әртүрлі авторлардың (О.Вейнингер, П.Астафьева, Г.Гейман, Б.Ананьев, В.Куликова және басқалар) талдауларына сүйене отырып, әйел мен еркектің қызметін тағайындау жайлы өз қортындысын жасайды:

- еркектер – сыртқы әлемді қалаушы, уақыт пен кеңістіктің негізін салуда пионер;
- әйелдер – адамзат өмірін және өздерін қоршаған әлемді (балаларды, туыстарды) қорғаушы;
- еркектер – сыртқы әлемді қалай отырып, қалай негізін қаласа, солай бұзып тынуыда мүмкін;
- әйелдер – барлығын тұрақтандырып, өмірді сақталатындай консервілейді.

Пысықтау сұрақтары:

-жыныстық әлеуметтену бойынша қандай торияларды білесің?

-әртүрлі авторлардың жыныстық жетілу туралы айтқан пікірлері?

- *Еркектер мен әйелдердің жыныстық қажеттіліктерінің ерекшелігі қандай?*

2.1. Жыныстық әлеуметтенудің психологиялық механизмдері

Жыныстық әлеуметтенудің психологиялық механизмдері мен жыныстық тұтастықтың қалыптасуы (өзіне тән дүниені түсіну) аз зерттелген. **Психосексуалдық даму** –индивид белгілі бір рөлді және жыныстық мінез-құлықтың ережелерін меңгерудің барысындағы жыныстық әлеуметтенудің нәтижесі (И.С. Кон, 1988). Қазіргі әдебиеттерде жыныстық әлеуметтенудің бірнеше теориялары жазылған:

Идентификация теориясы түп тамырымен психоанализден бастау алатын, эмоция мен еліктеу рөлін көрсетеді. Бала санасыз түрде өз жынысындағы ересектердің мінез-құлқын, басқысы келетін орнын имитациялайды (И.С. Кон, 1981). Идентификация теориясына басты қарсылық – оның өзін басқаларға ұқсатуда, еліктеуде және басқаларға теңеуде негізгі түсініктерінің анықталмағандығы. Сонымен қатар балалардың мінез-құлықтары ересектер мінез-құлқына еліктеуі әрқашанда көрініс бере бермейді: мысалы, бір жыныстағы ұл балалардың тобы олардың әкелерінің қоғамда әйел адамдардан қашуын көргендіктен пайда болмайды.

Жыныстық типизация теориясы, әлеуметтік үйрету теориясына сүйенуде психикалық беріктік механизміне аса мән беріледі: ата-аналар және басқа адамдар ұлдардың ер мінезділігін қоштап, «қыздарға тән нәзіктікті танытса» қолдамаған, ал қыздарға керісінше «нәзіктіктерін» қолдап, «ер мінезділіктерін» қолдамаған (W.Mischel, 1966). Жыныстық типизация теориясының механикалықтығын баса сөгеді, яғни осы тұрғыда көптеген жеке вариациялық тәрбие мен жыныстық стереотиптердің ауытқуына тәуелсіз көріністерді түсіндіру қиындық туғызады. Көптеген стереотипті маскулды және феминді реакциялар оқуға, мадақтауға, тіпті қарсылыққа тәуелсіз стихиялы түрде қалыптасады.

Өзіндік категоризация теориясы, когнитивті-генетикалық теорияға сүйене отырып, осы үрдістің, әсіресе өзіндік сананың мәнін, танымдық жақтарын айқындайды: бала ең алдымен әйел немесе еркек болудағы жыныстың идентификация жайлы көріністі меңгерсе, одан кейін өзін ұл немесе қыз ретінде анықтап алғаннан кейін өзі анықтаған қылықтарына сай мінез-құлықтарды бойына жинауға тырысады. Осы теорияның осал жері балаларда жартылай рөлді мінез-құлық дифференциациясы өзінің жыныстық идентификациясының тұрақты қалыптасуынанда ерте басталуында болып отыр.

Жыныстық типизация теориясының негізінде бала айтуы мүмкін: «Мен мақтағанды жақсы көремін: мен «ұлдарға тән ісіпен айналысқанда» мақтағаламын: сондықтанда мен «ұл» болғым келеді, ал өзіндік категоризация теориясының негізінде: «Мен ұлмын сондықтанда «ұлдарға» тән іспен айналысқым келеді және одан мен ләззат аламын».

Т.В. Андрееваның ойынша, бұл теорияларды альтернативті емес, өзара толықтырғыш деп есептеген дұрыс. Олар жыныстық әлеуметтену үрдісін жан жақты бейнелейді: жыныстық типизация теориясы – тәрбиешілердің пікірімен, ал өзіндік категоризация – бала көзқарасымен.

Тілді аналогиялық немесе басқа кез келген ережелер жүресін меңгеру сияқты жыныстық әлеуметтену үрдісін қарастыратын тәсілдер бар (жыныстық рөл ереже тәрізді) (A.Constantinople, 1979).

Стадиальді теория сананың жыныстық дифференциациясының механизмін емес, оның уақыт бойынша даму заңдылықтарын кезең бойынша қарастырады:

- 1) әлеуметтік мінез-құлықтың стандарттарын меңгеру;
- 2) жартылай спецификалы мінез-құлықты үйрету;
- 3) өзін басқа адамдармен салыстыру;
- 4) өз жынысының екінші жағының жоқтығын түсіну, өз жынысының ережелеріне сыртқы мотивтермен емес, ішкі интериоризация бойынша бағынуы.

С.В. Ковалев (1989) адамның ішкі құбылысына тән ерекше көрініс беретін жақсы көру қаблетінің кезеңдері жайлы айтады:

• 3 жас шамасында балаға кенеттен өзімен қатарлас немесе өзінен үлкен қыз немесе ұл қатты ұнаса.

• Кіші мектеп жасы (7-8 жас), жартылай балалық ғашықтық екі жақты нәзіктікпен, аяушылықпен көрінеді.

• Жеткіншектік жас (12-13), адамның қарама-қарсы жынысқа деген сезімі өспелі қарым-қатынаспен, жақсы көруші объектіні қызғанумен және жан жақты фетишизмнен көрініс табады (қандайда бір сыртқы компонент қызықтырады, мысалы, шаштары немесе аяқтары).

• Жасөспірімдік жас (15-17 жас), ұлдар мен қыздардың бір-біріне әлеуметтік жағдайдың дамуына негізделген құштарлықтары «ересектердегідей» көрініс береді, немесе жеке интимді құштарлыққа негізделеді. Жақсы көретін тұлға «объектісін» тануға талпынуы.

В.А.Сысенко бірнеше қосылуларды ұсынатын «некеге қаблеттілік» түсінігін түсіндіреді.

• Аяушылық қабілеті, яғни басқа серіктестің эмоционалдық әлеміне «ену», оның қуанышы мен қайғысын, уайымдары мен сәтсіздіктерін түсіну, басқа адаммен рухани жақындасу.

• Кооперацияға қаблеттілік, серіктесу, адам аралық қарым-қатынас, еңбектің көптеген түрлерін жүзеге асырудағы, ұй шаруасын бөлісуді ұйымдастырудағы іскерлік пен дағдының салдары.

• Жоғарғы этикалық мәдениет, төзімді, шыдамды, мейрімді бола білу, басқа адамды сол күйінде қабылдай білу, өз эмоцияларын басу.

В.А. Сысенко **отбасылық өмірге дайындалудағы іс-әрекеттің негізгі бағыттарын** қалыптастырады:

- 1) адамгершілік (некенің, бала құндылығын түсіну және т.б.);
- 2) психологиялық (ерлі-зайыптылық өмірде аса қажет психологиялық білімдердің мөлшері);
- 3) педагогикалық (баланы тәрбиелеу қаблеті мен дағды-лары);
- 4) санитарлы-гигиеналық (неке мен болмыс гигиенасы);
- 5) экономикалық және тұрмыстық-шаруашылығы (В.А.Сысенко, 1985, 25 бет).

Пысықтау сұрақтары:

-жыныстық әлеуметтену дегеніміз не ол туралы қандай теорияларды білесің?

-жыныстық типизация және категоризация туралы не білесіз?

-отбасылық бақытты қамтамасыз ететін қасиеттер мен дағдылар қандай жас ерекшелік кезеңінде болады?

3. Жұптар мен жұбайлар қатынасының психологиясы

3.1. Жар таңдау мәселесі

Қазіргі әлемде жыныстық мінез-құлық пен олардың адамгершілік бағдарларына сәйкес келетін жылдам ауысымдардың жалпыға бірдей статистикалық тұжырымдары жүзеге асырылуда. «Екі жақты стандарт» деп айтылатын (фактілі түрде еркектерге некеге дейін және кейін жыныстық қатынасқа түсуге рұқсат етілген, ал әйелдер үшін шек қойылған) некеге дейінгі байланыстардың санының өсуі байқалып, жалғызбасты ана мен некеге дейінгі байланыстардың «либерализация» қатынасына бағдарларында өзгертулер жүріп жатыр. Қалыңдық таңдау мен некеге деген қатынас үрдісі де өзгеруде:

1) некеге тұру қажеттілік ретінде қарастырылмайды, бір адамнан тұратын үй қожайынының саны өсуде;

2) қалыңдық таңдауға ата-ананың ықпалыда азайды (мұрагерлік сұрақтар маңызды рөл атқаратын отбастарында қосқанда);

3) жастардың отбасылық өмірге қоятын талаптары мен болашақтан үміттерінде жоғары. Кейбір американдық зерттеушілердің болжауынша әлемде әйелдің көзқарасымен некенің қандай болуы керектігі сияқты еш нәрсе қатты өзгере қоймаған (К.Аронс, 1995);

4) таңдау көп жағдайда әлеуметтік сипаттарға ғана емес, жеке қасиеттерге негізделген.

Н.Н. Обозованың пікірінше (1979), некеге тұру үшін жанға жақын жұпты іздеудің қиындықтары түрлі факторлардан

тұрады. Ірі қалалардың өсуінің негізінде қазіргі адамның қарым-қатынас шеңбері ығысып, соған сәйкес таңдау алаңында сондай болмақ. Сонымен қатар болашақ жұбайына талаптарыда өзгертілген, өйткені қазіргі неке психологиялық және жыныстық сыйысымды екі жақын адамдардың – одағы. Танысу үшін объективті қиыншылықтарда кездеседі. Отбасын құрудың күшті тосқауылы әртүрлі адамдардың тұлғалық ерекшелігі болып табылады: байланыс орнатуға қаблетсіздігі, қарым-қатынастағы қиындықтар, невротикалық реакциялар. Дәл осы жұп таңдау кезеңінде болашақтағы некенің тұрақсыздығына алып келетін қателіктер жасалады. Бұл жерден кем дегенде екі факторды көрсетуге болады, жұп таңдаудың адекватты болмауына себеп болатын: таңдау шеңберінің тарлығы мен субъективті қабылдаудағы қателіктер.

Жұптың таңдауы жаспен, беделмен, территориялық және басқада принциптермен шектелген. Қалған таңдау алаңының шегінде шынайы – индивидуалды және субъективті таңдау жүзеге асырылады.

Таңдау жасауда барлық деңгейдің сипаттары ескеріледі – жыныстық, сыртқы мәліметтер, интеллект, білім беру, мінезкұлық, тұлғаның қызығушылық сферасы мен бағдарлық құндылықтары.

Жеке ұқсастықтарды қажет ететін әртүрлі сипаттамалар халықтардың әлеуметтік мобильділігі мен таңдауында әлеуметтік шектеу болмасада ығысудың себебі таңдау алаңы болып табылады. А.Н. Обозова мен Н.Н. Обозованың есебі бойынша, төрт ұқсас емес сипаттарды ескерсек, он алты үміткердің біреуі ғана оптималды жұп болып саналады. Демек, жұптарды таңдаудың потенциалды шеңберін ұлғайту – неке таңдауындағы бірден бір неке шартының төмендеуі.

Адекватты емес таңдаудың екінші факторы адамдардың бір-бірін қабылдау механизмдерімен байланысты. Зайыбын таңдау жұптың шынайы бейнесімен бағдарланады. Осы бейнені тудыруда тұлға қарым-қатынасындағы, ата-аналық отбасындағы эталондардың, әдеби танымдардың, әлеуметтік стереотиптер мен жақындардың идеалындағы өткен тәжірибелері ескеріледі.

Жұбайын таңдаудағы қателік адекватты емес таңдаудың бірден бір қайнар көзі болуы мүмкін.

Сондай-ақ, оптималды жұпты таңдаудағы сипаттар танып білу үшін күрделі. Осы сипаттамаларды адекватты таңдау үшін белгілі бір психологиялық дайындық қажет. Танысудағы жеткілікті өтіл және жұпты таңдаудағы дұрыс құрылымдық жүйе аса маңызды.

Некелік жұпты таңдаудың әртүрлі теориялары бар:

К.Мелвилл (K.Melvill, 1977) жұпты таңдау үрдісін сауда келісіміне ұқсатады, өйткені «валютаны» ауыстыруда екі индивидтердің әлеуметтік шығу тегі мен экономикалық жағдайы, білімі мен тұлғалық қасиеттері (жасы, сырқы келбеті) сияқты әлеуметтік құндылықтар қызмет атқарады.

Гомогамия теориясының жақтастарының пікірінше, айыр-басқа кез келген еркек және әйел түсе бермейді, тек бірдей «әлеуметтік құндылықтарды» немесе гомогамияны иеленетіндер ғана түседі. Шын мәнінде таңдаулылардың қатарына мінез-құлықтары ұқсас, некелік таңдаудағы көзқарастары озық кандидаттар ғана енеді (нәсіл, дін тұтушы, әлеуметтік класс, білім деңгейі, жасы, некелік беделі бойынша жақын, бір-біріне жақын тұратындар) (L.Nye, F.Berardo, 1973).

«Қажеттіліктерді толықтырушы» теория гомогамия принципі қарама-қайшылықты өзіне тартатын тұлғалық сипаттар деңгейіндегі тек әлеуметтік-мәдени сипаттармен жүзеге асырылатын болжамдармен қортындыланады (R.Winch, 1954).

«Стимул-құндылық-рөл» теориясы: екі негізгі алғы шарттарға негізделеді:

- жұптардың өзара қатынасы дамуының әрбір кезеңінде қатынастың берік болуы теңдік ауысымға байланысты (әрбір индивидте плюс және минус есебі жүріп жатады, әр адам некеге өзі үшін аса тартымды жұппен тұруға тырысады);

- некелік таңдау келесі кезеңдерден немесе фильтрлерден тұрады. Үш кезеңді бөліп қарауға болады: «стимул» (жұптың сүйкімділігі) – «құндылық» (көзқарастарының бір жерден шығуы) – «рөл» (үміткер мінез-құлқының өз ойынан шығуы) (B.Murstein, 1970).

«Махаббат шеңбері теориясында» төрт кезең қарастырылады:

1) өзара байланыс орнату (критерий – әлеуметтік-мәдени факторларға тәуелді жеңіл қарым-қатынас);

2) өзіндік ашылу – сенімнің туындауы, басқаның алдында ашылу мүмкіндігі;

3) екі жақты тәуелділікті қалыптастыру (бір-біріне қажеттілік сезімінің негізінде);

4) тұлғаның базалық қажеттіліктерін жүзеге асыру (махаббатта, сенімде) (I.L.Reiss, 1976).

Жалпы талданған теориялар үшін: оның барлығы гомогамияның әлеуметтік-мәдени принципіне, жұпты таңдау механизміне негізделіп, филтрлер жүйесі ретінде қарастырылады. Олар біртіндеп қажет еместерді сырып, мүмкін болатын үміткерлердің шеңберін ығыстырады. Қорытынды кезеңде бір-біріне ерлі-зайыпты ретінде қатты жақын еркек пен әйелдің жұбы қалады.

«Идентификация» деп аталатын некелік жұпты таңдаудағы мотивтердің бағытын зерттеу психоанализдің өзіндік әдіснамалық қайнар көзінен тұрады.

Осы бағыт өкілдерінің бқлжауынша, жұбайын таңдау кезіндегі баланың ата-анасымен идентификациясы идеалды жұбай сияқты қарама-қарсы жыныстағы ата-анасы жайлы қалыптасқан көзқарастарына негізделіп жұп іздеуден көрінеді. Осы теория бойынша некеге қанағаттану жұбайының ата-анасының бейнесіне ұқсауына байланысты.

Рөлдік теория өкілдерінің (Т.Парсонс, Р.Бейлз, Б.Харбер, Р. Орт, және басқалары) болжауынша, некеге қанағаттану жұбайының мінез-құлқының рөлдік қалауымен сәйкес келуіне байланысты.

XX ғасырдың 1980 жылдары ғалымдардың некелік жұптарды таңдау заңдылықтарын зерттеуге деген қызығушылықтары төмен болған. Зерттеушілер өз күштерін отбасының тұрақтылығына қауіп төндіріп тұрған неке алды және некелік факторларға көп күш жұмсады. Некелік жұпты таңдаудың өзі нақты жұптардың тағдырына ықпал ететіндігі байқалды. Көптеген зерттеулердің нәтижелері көрсеткендей, сол бір «қойма», яғни

жас адамдармен отбасылық өмірін бастайтын некелік факторлардың жиынтығы некелік өмірдің алғашқы жылына бейімделуіне, отбасының беріктігіне, ажырасуды алдын алу дәрежесіне маңызды түрде ықпал етеді. Осындай неке алды факторларға ата-аналық отбасының кейбір ерекшеліктері, некеге тұрушылардың әлеуметтік-демографиялық сипаттары, танысу мен көңілін табу кезеңіндегі ерекшеліктер жатады.

Параотбасы ерекшеліктерінен зерттелгендер:

- ата-аналардың ажырасуы олардың өсіп келе жатқан балаларының ажырасу мүмкіндігін ұлғайтады (мүмкіндік фатальдық емес, өйткені жағымсыз факторлар «жағымдылармен» жабылып кетуі мүмкін). Мынандайда ұстаным бар, кімнің өмірі сәтсіз, ажырасқан ағасы мен апайлары жиі кезіксе – құрылған одақтың беріктігіне тек бір ата-ананың болмауы ғана әсер етіп қоймайды, ата-аналық отбасындағы дау-дамайлар, олардың жағымсыз эмоционалдық сфераларыда әсер етеді. Бәлкім, дау-дамайлы және толық емес отбастарындағы балалар отбасындағы нәтижелі өзара қатынастың үлгісі жайлы жағымды бейнелер алмаған болар. Сонымен қатар ажырасқаны бар отбастарында ажырасуға («ажырасуға дайындық») төзімді қатынас қалыптасуы мүмкін. Толық емес отбастарындағы ауыр материалдық жағдайдың маңызыда өте зор, ол өз кезегінде жақсы білім, мамандық, кіріс алу мүмкіндігіне әсер етеді;

- басқада тең жағдайларда ер адамның білім, кәсіби бедел, кіріс деңгейінің төмендігінен ажырасу мүмкіндігі жоғары болады.

Ажырасудың мүмкіндігін жоғарлататын некеге дейінгі факторларға қалыңдықтың жүкті болуы жатады. АҚШ-ғы зерттеулер көрсеткендей некеге дейінгі жүктіліктің отбасының бұзылу мүмкіндігі 2 есе (ақтарда да, қаралардада). Осы эффектердің ішіндегі себепті әдетте, баланың дүниеге келуімен байланысты ерлі-зайыптылардың экономикалық мәселесінің ушығуы, нәрестенің дүниеге келуімен, бала тәрбиесімен байланысатын бірден отбасы өмірінің келесі кезеңін «қиятын» қалыңдықпен күйеудің некеге бейімделу үрдісінің бұзылуы. Некенің қортынды мотивтері де маңызды болып табылады: осы жағдайда жиі кездесетін бір себеп тез арада келесі баланың дүниеге келу перспективасы болып табылады (Е.В. Фотева, 1988).

Некеге дейінгі кезеңнің басқада сипаттары ажырасудың жағдайын жоғарлатады:

- Некеге дейінгі таныстықтың ұзаққа бармауы (психологтар ұсынған мерзім -1-1,5 жыл);

- Атастырудың болмауы (атастыруды «сүзгі» ретінде де қарастыруға болады, өйткені шамамен 3-тен 1 атастырудың барлығы қарастырылады);

- Көңілін табу кезінде дау-дамайлар мен ұрыс-керістердің болуы;

тұрғандардың 43% ажырасқан, 13% тұрақты некеде өмір сүріп жатқандар).

Тәуекел факторларына:

Ерте некеге тұру (19 жасқа дейін),

• Қатынасты бейнелеуді ресми түрде кейінге қалдыру (өз жауапкершілігін мойнына алуға дайын болмаудың белгілері сияқты),

• Ерлі-зайыптылардың арасындағы 10 жас айырмашылығы,

• Физикалық тартымдылығындағы маңызды айырмашылық,

• Некеге тұру кезіндегі кейбір мотивтер (үшінші біреуден кек алуды қалауы, материалдық ойлау бойынша),

• Жексұрын ата-аналық үйден кету мақсатында тұрмысқа шығу) (М.Яффе, Ф.Фенвик, 1991).

Ұзақ мерзімді қатынасты құруға жағымсыз ықпал ететін кейбір **тұлғалық қасиеттер:**

• Тұлғалық (эмоционалдық) жетілмеу,

• Өзін-өзі бағалаудың (ол сенімсіздікті, қызғанышты тудырып, махаббат пен сезімнен құралған қатынасты күрделендіреді);

• Шектен тыс тәуелділік (ата-анадан);

• Эмоционалдық оқшаулану (өз сезімдері мен басқаның сезімдерін қабылдауда қаблеттің болмауы.

Тағы ескере кететін жайт, жоғарыда аталған тәуекел факторлары болашақ ерлі-зайыптылардың қатынасын болжауда «жалғандық» болып табылмайды, өйткені жасында үлкен айыр-

машылығы бар, некеге дейінгі танысу мерзімі аз уақытты қамтитын жарасымды ерлі-зайыптылардың да жұбы бар. Демек бұл факторлардың барлығы «кумулятивтік» сипаттан тұрады, өйткені жинақталу барысында олардың қалыптаспаған ерлі-зайыптылардың мүмкіндігі артады. М.Яффе, Ф.Фенвиктің дәлелдеуінше, қатынас жұп психологиялық жетілмегенде, екі жақты болғанда мәңгілікке бірге болады деп үміттенуге болады.

Қатынасты нығайтуға себеп болатын қолайлы факторлар:

- Білімдерінің, әлеуметтік жағдайларының, көп жағдайда негізгі өмірлік сұрақтарды шешуде көзқарастарының бір жерден шығуы;

- Жұптардың физикалық тартымдылығының ұқсастығы;

- Ерекшеленетін қызығушылықтары мен белсенділіктің түрлері;

- Жыныстық қажеттіліктерінің ұқсас болуы;

- Тұлғалық ерекшеліктер: рухани жақындықты тудыру және қабылдау қаблеті, жақсы бейімделуге, эмоционалдық тұрақтылық қаблеті және т.б.

М.Яффе, Ф.Фенвиктің (1991) дәлелдеуінше, жыныстық ұқсастықтың мәні махаббаттың техникасы емес, олардың ойынша екі жақты бейімделу үрдісін толықтай үйренуге болатын, шын мәнінде жұптардың бір-біріне қызығуы, жобалап айтқанда, екі жақ үшін ерлі-зайыптылық қатынас сферасы мәнінің тең болуы.

Егер ерлі-зайыптылардың екеуінің де көзқарастары ерекшеленсе немесе секс басқалармен салыстырғанда жұптардың біреуінің өмірінде үлкен немесе аз рөлді атқарса, жыныстық қатынастар өзінің байланыстырушы күшін байқатпайды. Авторлардың ойынша, екі жақты тартымдылық пен махаббаттың негізінде жыныстық мәселелердің барлығы шешімін табады, ал онсыз шешілмейтін тәрізді көрінеді.

Некеге дайындаудағы және жұбай таңдаудағы маңызды кезең неке алды көңіл аулау болып табылады. Бұл кезеңнің рөлі маңызды өзгерістерден өткен, сондықтанда қазіргі уақытта осы кезеңге кейінгі бозбалалар мен қыздардың немқұрайдылық танытудың күшті тенденциясы бар. С.В. Ковалев соған сәйкес отбасы өмірін бастаудың кезекті кезеңдеріне қатысты үш негізгі

және хронологиялықты бейнелейтін осы кезеңнің үш маңызды қызметін қарастырады:

1. Көңілді аулаудың барлық кезінде екі жақты әсер мен уайымдау сезімі жүріп отырады. Бұл келесі отбасылық өмірдің эмоционалдық потенциалы, ерлі-зайыптылар некенің қиындық туған кездерінде күш жұмсайтын және қуаныш сыйлайтын сезімдер қоры. Сонымен қатар әсерлердің ұқсастығыда аса маңызды, өйтпеген жағдайда қиын сәттерді басынан өткізіп жатқан ерлі-зайыптылар жалпыға емес, ерлі-зайыптылар одағы үшін дақсыз болмайтын, ойша екеуара жалғыз қаламыз деген оймен жеке жарқын өткен шаққа орала беруі.

2. Бірін-бірі тануы және бір уақытта қабылданған шешімді тексеру және нақтылау. Бірге өмір сүру барысында жұбайын «қайта тәрбиелеймін» деген сенімі көп жағдайда жүзеге аспайды. Эстон әлеуметтанушысы енгізген, ажырасқан ерлі-зайыптылардың анкеталық сауалнамасының көрсеткіші бойынша ол некеге тұрмастан бұрын таңдалушының әлсіз сипатын білген, бірақ, осы әлсіздіктер бірге өмір сүрудің барысында жойылады деген үмітпен «оған көз жұма қараған», соның салдарынан өзінің көрегендігіне көңілі қалған. Оның есесіне тұрақты отбасының өкілдері өз мінез-құлықтарының бір-біріне жақсы келетінің бастапқыдан ойлағандар, бір ауыздан керісіншені таңдады, яғни өмір сүру барысында мінез-құлық сәйкестіктері жақсара берген. Бұл кезеңде мынаны ескере кету керек:

- Таңдалушының отбасылық бағдарының ерекшеліктеріне (ол үшін шынайы болып көрінетін, оның ата-бабасына);

- Мүмкін болатын таңдалушының некедегі қиындықтарды жеңе алу қаблетіне;

- Болашақ жұбайдың күнделікті пайдаланатын отбасы қызметіндегі орындаушылық қаблетіне (және өзінің сол дайындықты қаншалықты қабылдайтынына).

Танысу кезеңіндегі басты нәрсе – өз сезімдері мен басқаның сезімдерін тексеру, сондай-ақ мүмкін болатын ұқсастықты бағалау. Мүмкін болатын ұқсастықты анықтау үшін қызметтік-рөлдік сәйкестікті тексеру аса маңызды (ата-аналық отбасынан туындаған некелік-басылық екі жақты көзқарастарды талдау маңызды). Қарым-қатынас пен өзара қатынастың қа-

лыптасқан стильдеріне, бір-бірін түсіну деңгейіне, дау-дамайларды жеңудегі екі жақты қаблетіне зейін аудару қажет.

1. Үшінші кезең неке алды көңіл табуға сәйкес үшінші қызмет – бұл отбасы өмірін жобалау: материалдық-тұрмыстық жағдай мен отбасы әдет-ғұрпын анықтау.

Қазіргі уақытта отбасының келесі әдет-ғұрыптарына назар аударады: дәстүрлік патри- және матриархалды отбасы, эгалитарлы отбасы, ерлі-зайыптылық отбасы (баласы жоқ), аналық отбасы. Неопатриархалды отбасындағы стратегиялық және іскер лидер күйеуі болса, ал тактикалық және эмоционалдық әйелі болып табылады. Неоматриархалдықта – керісінше. Эгалитарлы отбасында отбасына қатысты сұрақтардың барлығы әйел мен еркектің тең құқығына болжанады.

«Неке алды эксперимент» деп аталатын, қазіргі неке алды көңілін табудың ерекшелігі – отбасылық қатынасты шынайылығынан олардың ресми заңдастырылған бастауына дейін жан-жақты моделдеу (жыныстық байланысқа дейін). С.В.Ковалевтың ойынша, «неке алды эксперимент» жыныстық сфера үшін емес, қызметтік-рөлдік ұқсастықты анықтауға көмектесуі мүмкін, дегенмен, ол әдетте жыныстық ұқсастықты анықтау үшін басталады. Интимді-тұлғалық ұқсастыққа жету үшін толық интимді өмір еркектерге қарағанда әйелдерде кейінірек жиі 26-28 жаста жүреді деген себеппен ұзақ жылдарды қажет етеді. Некеге дейінгі жыныстық қатынастың бастауы жиі «некеге дейінгі ажырасуға» немесе «мәжбүрлі некеге» алып келеді. Сонымен қатар «қатынасты тексеру» талпынысының өзі адамдардың бірін-бірі қабылдауы, олардың өздеріне күрделі міндетті алмауы жайлы айтылады. Сондай-ақ, әдетте салдары көп тостырмайды: көптеген тумаған әйелдерде жүктілік некеден тыс – барлық жақындасудың 61,7%, 16-17 жаста – 95,6%, 25-29 жаста – 54,9%.

В.А.Сысенко келесі болжамдардан тұратын **«некеге қаблет»** түсінігін енгізеді:

- Өз еркімен қызмет етіп, басқа адамға қамқорлық жасау қаблеті;

- Жанашырлық таныту, уайымдау қаблеті, яғни «басқа серігінің эмоционалдық әлеміне «ену», оның қуанышы мен мұңын

түсіну, сәтсіздіктерге уайымдау, рухани тыныштық табу қаблеті;

- Кооперацияға, бәсекелестік, адамаралық қарым-қатынасқа қаблеті, көптеген еңбектердің түрлерін жүзеге асырудағы іскерлік пен дағдының салдары, үй қажеттіліктерін ұйымдас-тыру мен орналастыру;

- Төзімді, мейрімді болу іскерлігін болжаушы жоғары этникалық мәдениет, басқа адамды оның барлық кемшіліктерімен және олқылықтарымен қабылдау, бойындағы өзімшілдігін басу.

Осы қасиеттердің барлығы В.А.Сысенконың ойынша, адам іскерлігінің көрсеткіші шыдамдылық пен тұрақтылықты және өз мінез-құлқының ерекшелігін, ымыраға келу қаблетінің көрсеткіштерін жылдам өзгертеді.

Пысықтау сұрақтары:

-Жар таңдау мәселесі бойынша қандай теорияларды білесің?

-Жар таңдауға қабілеттілік дегеніміз не?

-жар таңдауда құндылық бағдардың өзгеруі қандай?


3.2. Аттракция психологиясының қатынасы

Отбасы – бұл адамзаттың эмоцияларымен, уайымдарымен, пікірлерімен және қатынастарымен өзгеріссіз байланысатын феномен. Қазіргі әдебиеттерде жұптардың эмоционалдық қатынасының психологиясына ерекше назар аударылған. Аттракцияның механизмі Л.Я. Гозманның (1987) кітабында толық бейнеленген.

Аттракция (ағылш. Attraction – өзіне тарту, тартылыс) – бір адамның басқа адамға сезінетін жағымды сезімі. Кез келген диадалық өзара қатынастың бастауы симпатия немесе аттракция болып табылады.

Жұптағы аттракцияның аса маңызды факторлары – серіктің физикалық тартымдылығы мен әлеуметтік-демографиялық сипаттары. Адамзат қоғамында физикалық аса жоғары бағаланатын тартымдылық немесе әдемілік иллюзиямен байланысты: көрікті адам интеллектуалды және адамгершілігі бар

болып көрінеді. Бұл фактор симпатия объектісі әйел болғанда ғана жүзеге асады. Бұл заңдылық сызба түрінде аударылған сияқты, U-тәрізді дөңес болып келеді (1-сурет). Физикалық тартымдылық ұзақ мерзімді жұптық қатынаста ұзақ сақталмайды (Гозман Л.Я., 1987).



1 – Сурет. симпатияның физикалық тартымдылық сипатына тәуелділігі.

Аттракциямен байланысатын әлеуметтік бедел, білім беру, кәсіп, экономикалық бедел, тұратын территориясының жақындығы, этникалық және діни жақындастық сияқты әлеуметтік-демографиялық сипаттар.

Адамдарда симпатия көрсетілген ұқсас параметрлер бойынша қалыптасады. Әлеуметтік-демографиялық ұқсастықтың сипаты әлеуметтік бағдар мен стереотиптерді нығайтуға ықпал етіп; жұптардың әлем картинасының қарама-қарсы болмауымен дәлелденеді. Жұпта бақыланған симпатияны қалыптастыру сипатынан басқа қатынастың дамуынан байқалатын құндылық жүйесінің ұқсастығы, серіктің өмірлік маңызды мақсаттарға жету қаблеті, рөлдерінің сәйкес келуі, әлеуметтік жетістігі мен тұлғаның басқада әлеуметтік-психологиялық сипаттары ықпал етеді.

Аттракция қатынасының тұтас динамикалық бейнесін терең қатынасқа түспес бұрын жұптар өтетін «үш сүзгіштер» тұжырымдамасынан тұрады (2- Сур).

1-ші сүзгіш физикалық тартымдылық факторы күшті қызмет атқаратын тартымдылық кезеңіне сәйкес келеді; бұл кезеңде жеткілікті түрде көптеген жұптар қалыптасады.

Егер жұптар әлеуметтік-демографиялық сипаттың ұқсастығына қанағаттанса, жұптар 2-ші сүзгішке өтеді.

Әлеуметтік-психологиялық ұқсастық, тұлғалық сипаттар мен ортақ мақсатқа жету іскерлігі 3-ші сүзгінің жүруімен анықталады. Әр кезеңде жұптардың жартысы шығып қалады, өйткені қасиеттермен қатынасты жалғастыру үшін қажеттіліктерді меңгермеген (Гозман Л.Я., 1987).

1-сүзгіш 2-сүзгіш 3-сүзгіш

1- Сурет жұптар қатынасының динамикасын бейнелейтін «үш сүзгіштердің» тұжырымдамасы.

Жұпты іздестірудегі кең таралғаны ұқсастыққа бағдарлану болып табылады. Ол серіктесті жеңіл түсінуге және түсінікті болуға, мінез-құлықты болжап, «тіршілік етудің» психологиясын ортасының қауіпсіз құрылуына мүмкіндік береді.

Жұптардың өзара қосымша қасиеттерінің басқа бағдары – жұптардың икемділігіне, әрқайсысының жеке ресурсын пайдалануына мүмкіндік береді.

Үшінші **бағдар – қарама-қайшылық**; ол қарама-қайшы қасиеттерден тұратын жұптарды іздестіруде байқалады (бұл бағдар өте сирек кездеседі).

Некелік іріктеудегі ұқсастыққа негізделген (ассортативтілік) таңдауды зерттеген психогенетиктер келесі бейнені анықтады. Жұптардың арасындағы ерекше ұқсастықтар интеллектісі, білімінің деңгейі, діни ұстанымдары, әлеуметтік-экономикалық жағдайы бойынша айқындалды; қалыпты ұқсастық – физикалық белгілері мен арнайы қаблеттері (музыкалық, бейнелеу) бойынша болды; төменгі ұқсастық темпераменті мен тұлғалық қасиеттері бойынша анықталды. Дегенмен қандайда бір физикалық немесе психологиялық белгілері бойынша жұптардың арасында кері түзетушілік нәтиже алынған жоқ (Равич-Щербо И.В. және басқалар, 2002).

Пысықтау сұрақтары:

- *Психологиялық атракция дегеніміз не?*
- *Атракция мәселесі бойынша қандай теорияларды білесің?*
- *Атракция кезеңдері туралы не білесің?*

3.3.Махаббат пен неке мәселелері

Махаббат пен неке жайлы айтылған және жазылған сұрақтардан көп нәрсе жоқ шығар. Тіпті барлық көркемдік әдебиеттер, философиялық еңбектердің барлығы осы тақырыпқа арналған десек артық айтпас едік. Этикада махаббат ұғымы интимдік және терең сезімдермен, сананың ерекше түрлерімен, басқа адамға, қоғамға бағытталған әрекеттер және рухани жағдайлармен, т.б. байланысады. Махаббаттың күрделілігі мен маңыздылығы ағзаның физиологиялық, рухани, индивидуалдық, әлеуметтік, тұлғалық және жалпылама қабылданған бірігулердің жиынтығына негізделген. Ол жайында білмейтін адамда, қоғамда жоқ.

Э.Фром жазған екен: «Махаббат – адамзат өмірінің мәні жайлы сұраққа қанағаттанарлық жалғыз ғана жауап». Оның айтуынша, адамдардың көпшілігі оны өзін-өзі тану мен шешім қабылдаудың адекватты деңгейіне дейін дамытуға қаблеті жеткіліксіз. Жалпы махаббат – шоғырлану, интуиция мен түсіністік іскерлігі мен тәжірибесін талап ететін өнер. Фромның пікірінше, оны қажеттілік деп мойындайтындарды төмендегі жағдайлармен көрсетеді:

1. Адамдардың көпшілігі махаббатқа махаббаттың мүмкіндігі, қалай жақсы көру керектігі жағынан емес, «қалай сүйікті болсам» деген көзқараспен қарайды;

2. Мәселе жақсы көру қаблетінде емес, махаббаттың өзінде дегенде көзқарастар бар;

3. «Ғашықтық» пен «махаббат жағдайын» шатастыратындарда бар, соның салдарынан тәжірибеде ол мүлде басқаша болсада, махаббаттан жеңіл еш нәрсе жоқ деген ұстанымдарда жоқ емес. Э.Фром бойынша, махаббат, бұл біздің сезіміміз кімге ыстық болса, өмірдегі белсенді қызығушылықтарымызбен,

дамуларымыз соған арналған. Егер белсенді қызығушылық болмаса, ол жерде махаббатта болмайды (Э.Фромм, 1990).

Қарама-қарсы жыныстардың, еркектер мен әйелдердің арасындағы қатынасты ғана махаббат деп айтуға болмайды. Өртүрлі ғасырларда махаббаттың көптеген түрлері мен аспектілері қаралып, оны мән, мағынасымен орналастыра отырып, оның көрініс беру формаларын жүйелеуге талпыныстар жасалған. Психологиялық әдебиеттерде махаббатқа қатынастың типологиясы жайлы жеткілікті түрде берілген (Гозман Л.Я., 1987).

Махаббат қатынасының типологиясы

Махаббаттың түрлі аспектілері мен бейнелерін айқындау үшін көне гректер әртүрлі терминдерді пайдаланған. Олар егос сөзін оны толығымен өзіне алу мақсатында затқа бағытталған сезіммен түсіндірген. Бұл термин махаббатты – пафоспен, аффектілікпен, сезімталдық жағымен байланысатын ынтықтық, қызғаншақтық және сезімге әсерленгіштігімен бейнелейді.

Philia сөзі (көбіне махаббат-достық сияқты аударылады) индивидтердің әлеуметтік немесе тұлғалық таңдауына негізделген байланысын білдіреді. Бұл интимдік жақындасудан және нақты біреумен қарым-қатынасқа түсуден туындаған құмарлық, ішкі бейімділік. Бұл жердегі жүректің нағыз қалауы – «рухани тыныштық», ішкі қалау, өзара түсіністік, дегенмен, ол салқын қандылық таныту немесе бассыз импульсивтік құмарлыққа берілу емес. Сондықтанда Philia махаббаттың ішкі симпатиясына негізделген рухани тазалықты білдіріп, соларды біріктірудің (ал, егос бұл қарама-қайшылықтарды біріктіру және күресу) принциптерін бейнелейді.

Storge сөзі бұзылмайтын, бастартуға келмейтін органикалық тума жақындықпен байланысатын махаббатты білдіреді (әсіресе отбасылық байланыстар). Бұл ата-ана мен бала, күйеуі мен әйелінің, азаматтар мен Отанның арасын байланыстыратын нәзік, сенімді, берік махаббат. Мұндай махаббатта адамда сенімділік мен тыныштық күйді кешеді. Бұл термин гректерге онсыз өмірдің мәні жоқ сияқты көрінетін жеке тұлғаның емес, жалпы туыстық сезімді бейнелейді.

Agape сөзі сүйіктісінің қандайда бір ерекшеліктерін, оның мінез-құлық сипатын бағалаудың негізінде туындайтын бай-

салды махаббатты білдіреді. Оның адамы байсалды негіздеуі мүмкін, өйткені ол кездейсоқ сезімдермен, әдеттерге емес, на-ным-сенімдерге негізделген. Махаббаттың бұл аспектісі ас-тарында өзара сыйластықтан тұратын, басқа тұлғаны адекватты бағалаудың тарихилығы.

Ғасырдың ортасында христиандық махаббатты адамзат өмірінің мәнін тереңінен ашатын, адамгершіліктің жоғарғы принципі ретінде түсіндірген. Махаббаттың астарында адамда ешқашан өшпейтін, оны игі істерге бағыттап тұратын, бір тылсым күш бар деп түсіндірді. Қазіргі уақытта Д.А. Ли ұсын-ған махаббаттық қатынастар өңделген. Автор махаббаттың алты стилін немесе «түстерін» бөліп қарастырған:

- Эрос – толығымен физикалық иемденуге талпынатын махаббатқа-күштарлық;

- Людус – сезімталдықтың тереңдігімен ерекшеленбейтін және салыстырмалы түрде көзге шөпсалуға жеңіл мүмкіндік беретін гедоникалық махаббат-ойын;

- Сторге – бірқалыпты, жылы және берік махаббат-достық;

- Прагма – людус пен сторгенің араласуынан туындайтын – бақылауға тез әсерленгіш; есеппен болатын махаббат;

- Мания – эрос пен людустың бірігуінен туындайды, ирра-ционалдық махаббат – сенімсіздік және құмартушы объектке құмартушылық тән, үстемдік;

- Агапе – эрос пен сторге синтезі, риясыз махаббат-жан тәнімен берілу (Хэтфилд Э., 2003).

Әйелдер үшін махаббат сезімінің сторгиялық, прагма-тикалық және маникалдық көрінісі тән, ал сәнге жақын еркек-терге эротикалық, әсіресе «адами» компоненттер жақын.

Әсерлі махаббаттан туындайтын «механизмдерді» қарас-тыруға жасалатын талпыныстарда қызықты. Отто Вейнингердің тәсілдеріде жеткілікті түрде танымал, оның болжауынша, жы-ныстар дифференциациясы, олардың бөлінуі ешқашан шарық-тау шегіне жеткен емес. Еркектер жынысына тән ерекшеліктің барлығын әлсіз дамитын әйелдер жынысынанда кездестіруге болады. Тек типтік форма ретінде идеалды еркектер «Е» және идеалды әйелдер «Ә» түсінігінде пайдалануға болады. О.Вейнингер құрастырған «Закон полового притяженияда»

айтылғандай: «жыныстарды біріктіру үшін – ерекше еркек «М» пен ерекше әйел «Ә» керек, дегенмен теория авторының болжауынша, екі әртүрлі индивидумдардағы ұқсастықтары мүлдем бір-біріне ұқсамайтындарды бөлуде, неке институтын жүзеге асырушылардың айтуынша, арасы жер мен көктейлердің салдары бір-біріне жақын болатын екі индивидумды табуға мүмкіндік береді екен (О.Вейнингер, 1990, 126).

Басқа классификация бойынша қарастырады:

- Романтикалық махаббат, проекция механизмінің жұмысына негізделген, және

- Тоқтамға келген махаббат, объектінің біліміне негізделген.

Осы типологияның критеріі махаббат объектісінің шынайы қасиеттер жайлы білімінің болмауы немесе салдары болып табылады.

Махаббатқа деген қатынасты жеке басының немесе пайдасының критеріі бойынша типологизациялауға талпынысты А.Маслоу тұрмыстық және тапшылық махабатын енгізе отырып жасаған (Шостром Э., 1994).

- Тұрмыстық махаббат – «алыс-беріс» қатынасына негізделмей, бұл адам тек өмір сүріп жүр деген қуаныштан тұратын сөзсіз махаббат.

- Тапшылық махабаты – бұл жұптардың біреуінің қандайда бір әлеуметтік қажеттілік деңгейінің қанағаттандырылмаған қатынасы (қауіпсіздік, мойындау, құрметтеу). Ондайда жұбайды сол қажеттілікті қанағаттандыру үшін және жеке тапшылықты болдырмау үшін таңдайды. Мысалы, әйел өзі тудыра алмайтын қауіпсіздік сезіміне қол жеткізу үшін қай-сарлы еркекті таңдайды, ал еркек өзі қанағаттандыра алмай жүрген өзін мойындатудағы қажеттілікті қанағаттандыру үшін сұ-луды іздейді.

С.В. Ковалевтің болжауынша, неке мотивациясы бес типтен тұрады:

1. Махаббат
2. Рухани жақындық
3. Материалдық есеп
4. Психологиялық жағдай

5. Моральдық түсіністік

Оның некеге қанағаттануының ықпалын зерттеу екі негізгі мотивтерді дәлелдейді. Махаббат және ортақ көзқарас бойынша ерлі-зайыптылық одақ құрғандардың ішіндегілердің максималдылары қанағаттанғандар, минималдылар – қанағаттанбағандар.

Кейбір зерттеушілердің пікірінше, жалпы есеп бойынша, махаббат отбасы одағын сақтауға себеп болатын факт болып табылады. С.В. Ковалевтың ойынша,

- Біріншіден, махаббатта біз сол бір тамаша сезіммен емес, оның заттарымен және психикалық әлемі өте бай, «Мен» бейнесі қалыптасқан, темпераментті, мінез-құлқы мен тұлғалық ерекшеліктері бойынша табылатын нақты бір адаммен өмір сүретінімізді ұмытып, жұбай емес, сүйікті адамды іздеумен боламыз, өкінішке орай, екі «Меннің» шағылысуы әрқашан «Біз» дегенді қалыптастыра бермейді.

- Екіншіден, романтикалық махаббаттың астарында ерлі-зайыптылар бір-бірін қанша жақсы көрседе, өз отбастарында олар әрбір ерлі-зайыптыларға тән күнделікті орындауына тура келетін қызметтердің қарапайым фактілерін жиі ойдан шығарып аламыз.

Хшельскийдің дәлелдеуінше, махаббатты қалау некедегі бірінші мотив болса, отбасы өмірінің негізгі мәні болып табылатын күнделікті қамқорлықтар, бала күтімі, сол иллюзиялардың бұзылып, сиқырлық жойылады, соның нәтижесінде, жаңа сүйікті жұп іздеуіне тура келеді, яғни махаббат, ғашықтық, иллюзия және басқадан ерекше сезімді қалау қажеттілік түсініктерін ажырата алмаудан тұратын, махаббат пен неке өзара қатынасының бірден бір пессимистикалық құбылысы.

Э.Г. Эйдемиллер және В.В. Юстицкис «отбасымен эмоцияналдық идентификация» механизмдерін бейнелей отырып, басқа көзқарасты ұстанады. Авторлар симпатияның эмоционалдық қатынасын отбасы қатынасындағы берік күш ретінде қарастырады. Олардың ойынша, белгілі бір жағдайда симпатия қатынасы тұлғааралық қатынаста, сонымен қатар отбасында туындайтын фрустрациялық жағдайды бейтараптандырады. Жұбайының мінез-құлқын фрустрациялайтын ерекшеліктерге бейімделу жеңіл жүреді.

А.В. Петровский дәлелдеуінше, эмоционалдық жақында-судың дәрежесі – бұл нағыз отбасындағы ерекше қасиет, және тура осындай деңгейде дамиды қасиетті басқа топтан елестету қиын. Ата-аналық махаббатты мысалға ала отырып, отбасылық қатынастың осы жағын сипаттағанда баланың әртүрлі және көп қырлы қылықтары жайлы айтылады. А.В. Петровский «Сондай-ақ, кез келген қылығы ата-анасына еліктейтіндей қатынасты тудырмайды. Керісінше, ашық формадағы ашуды шақырады. Осылайша апталап, айлап жалғасуы мүмкін. Бір қызығы, кумуляция жиі болмаған. А.В. Петровский бойынша сенім арқылы келетін ашу ағымдарын ата-ана махаббатының күшті мақтауы ғана қайтарады деген әсер қалады (А.В. Петровский, 19836 б. 196-197).

Э.Г. Эйдемиллер және В.В. Юстицкийдің пікірінше, психологиялық мәнінде ерлі-зайыптылар қатынасындағы симпатиялар әрекет болып табылады. Осы қатынаста эффект «фрустрацияның еруі». Симпатия қатынасы симпатия объектісіне (мысалы, жақсы көретін адамға) қызығушылықтың өсуінен туындайды. Бұл жерде маңыздысы көмек көрсетуге құштарлығымен, бірге қуану немесе уайымдауымен байланысатын мейрімді қызығушылық, ол өз кезегінде үлкен екі жақты шынайлықты қалыптастырып, соған сәйкес эмпатияны өсіреді.

Жұптар қатынасының бірден бір түрі – **романтикалық махаббат**.

Бұл – қарқынды түрде дамиды және 90% өзара қатынастың үзілуімен қортындыланатын уайымдардың эмоционалдық қызбалығы бойынша интенсивті болуы.

Романтикалық махаббат – адамның биологиялық қажеттіліктерімен анықталатын аз түсінілетін қатынас.

Романтикалық махаббатқа тән сипат жұптың шынайы қасиеттерін проекциямен алмастыру болып табылады (жұптың басқасынан көргісі келетін қасиеттеріне алмастыру). Дәл осы шынайы және проекцияланған қасиеттердің арасындағы сәйкессіздіктер романтикалық қатынастардың жиі алшақтауының себебінен тұрады. Алшақтау төзбейтін сырқатты уайымдаумен, реніштермен, алдануды түйсінуімен және жұбы соның адресіне берілген сезімдерге лайықсыз деген сенімділіктермен қатар

жүреді. Романтикалық махаббат қатынасындағы алшақтықтар жеткіншектік және жасөспірімдік өзіне қол салудың бірден бір маңызды себебі болып табылады. Романтикалық махаббаттағы қатынасты әшкерелеуіне қарамастан, осы тәжірибені уайымдаудың нәтижесінде адам есейіп, оның ішкі әлемі – жан жақты болады. Дәл осы жағдай «адамның уайым-қайғысын игілендіреді».

Романтикалық махаббаттағы қатынастардың динамикасы (Камерон-Бендлер., 1993) 7 кезекті кезеңдерден тұрады, әр кезеңдегі жұптардың эмоционалдық уайымы белгілі бір жағымды немесе жағымсыз көзқарастарға сәйкес келеді.

Пысықтау сұрақтары:

- Махаббат және неке туралы қандай теорияларды білесің?*
- *махаббаттың қандай кезеңдері бар?*
- некенің махаббатқа қатынасы қандай?*

3.4.Некенің психологиялық тұжырымдары

«Орыс тіліндегі этимологиялық сөздікте» (Фасмер М., 1964) «неке» сөзі төмендегі мағыналардан тұрады:

- «ерлі-зайыптылық»,
- «үйлену»,
- «той-томалақ»,
- «үйлену той».

Дегенмен бұл сөз орыс тілінде де, украин тілінде де халықтық болып табылмайды, яғни Фасмер мағынасы жағынан жақын «жегу» сөзін береді (Фасмер М., 1971). Осы сөздердің астарында некеге және біріккен, жеткілікті түрде ауыр жұмыс жайлы көзқарастарға қатысты патриархалдық бағдарлар бейнеленген.

С.И. Голодтың (1998) анықтауынша, **«Неке... бұл әлеуметтік бағдардың тарихи әртүрлі механизмдері... өмірдің үздіксіз жалғасуына бағытталған еркек пен әйелдің арасындағы жыныстық қатынас».**

К. Хорнидің некеге психоаналитикалық тұжырымдамасында моногамды некенің дау-дамайлары мен мәселелерін егжей-тегжейлі талданатын «Женская психология» (Хорни К., 1993) кітабында бірнеше мақалалар жазылған. Моногамды неке феноменінің өзінен Хорни адамзаттың таусылмайтын некеге түсу талпынысының арасындағы дау-дамайды қарастырады (Хорни К., 1993). Сәтсіздікке ұшырасада адамды қатынасқа не итермелейді? Хорнидің болжауынша, бұл балалық шақтағы Эдипов жағдайы, оның психологиялық мазмұны қарсы жыныстағы ата-анаға махаббаты және «өз бейнесінен» соны табуға талпынысы болып табылады. Эдипов талпынысы бозбалалық кезеңде жаңа күшті иемденеді, сондықтанда жұпты іздеу балалықты санасыз қалаудың күшті ықпалымен жүзеге асырылады. Өйткені адамның таңдаған жұбайы – әрқашан алмасу, дегенмен Эдиповтардың қалауы некелік институты мәңгілік өмір сүретін болады.

Пысықтау сұрақтары:

-Махаббат және неке туралы қандай теорияларды білесің?

- махаббаттың қандай кезеңдері бар?

-некенің махаббатқа қатынасы қандай?

4. Бала мен ата-аналық қатынастар психологиясы

Ата-ана-бала өсі бойынша психологиялық қатынастар тарихи мәтіндердің мазмұнын талдау әдісін пайдалана отырып, психоанализ тұрғысында Л. Демозо (2000) құрастырған тарихи динамикасы бар. Бала-ата-аналық қатынастың тарихи типологиясын топтастырудың негізі балаға билік жүргізуден, жеке меншіктік қатынастан бас тартып, ата-аналық үрейді жеңу қаблетін қалыптастырып, баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру және тану болып табылады.

Балаға қатынас жасаудың стильдері:

• Инфантицидтік – бала өлімі, жәбірлеу (б.э.д. антикалық IV ғасырда).

- Тастанды – баланы бейтаныс отбасына, шіркеуге және асырап алушыларға береді (IV-XVII ғғ.).

- Жабыса кету – бала ата-анасына жақын болады, оның мінез-құлқы қатаң регламентацияланып, ішкі әлемді бақылайды (XVIII ғ.).

- Әлеуметтендіруші – ата-ананың күші баланы еркін өмірге дайындауға, мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған; олар үшін бала – тәрбиелеу мен оқытудың объектісі (XIX –XX ғасырдың басы).

- Көмек көрсетуші – ата-ана баланың икемділіктері мен қаблеттерін ескере отырып индивидуалдық дамуын қамтамасыз етуге, эмоционалдық байланыс орнатуға тырысады (XX ғасырдың ортасы).

- отбасындағы балалардың өзара қарым-қатынастарының ерекшеліктері қандай?

- балаға қатынас жасау стильдерінің нәтижесі неде ?

- қарым-қатынастардың жіктелуі қандай?

3.1. Перинаталды психология

Психологияда кеңінен қолданылатын «перинаталдық» терминнің медициналық маңызымен ерекшеленеді.

Медицинада перинаталдық дегеніміз 28 апталық құрсақ дамуының 7-10 күндік постнаталды даму кезеңіне дейінгіні айтады.

Перинаталды психологияда ұрықтанудан бастап, нәресте бекуінің сенімді қалыптасу кезеңіне дейінгі даму кезеңдерін, адамзат өмірінің кеш кезеңдеріндегі даму бұзылыстарының салдарын зерттейді. Ұрықтану кезеңінде ұрықтанудың конструктивтік және деструктивтік талдауларына ерекше назар аударылады. Жүктілік кезеңін талдау балалы болуды күтіп жүрген әйелдің уайымдарын типологизациялауға, және осыған сәйкес психотерапевтикалық жұмыстарды құруға мүмкіндік береді.

И.В. Добряковтың (2003) пайымдауынша, **жүкті әйелдердің гестациялық (лат. тіл. ауд. Gestation – жүктілік) доми-**

нанталардың психологиялық компоненті ретінде бөлінетін уайымдаудың типтерін бейнелейді:

- Оптималды тип;
- Жүктілікке жеткіліксіз зейін қоюмен байланысты (доминанта оқуда, карьерада немесе басқа істермен айналысуда) гипогестагнозикалық тип;

- Эйфорикалық тип;

- Үрейлі тип;

- Депрессивтік тип.

Жүктілікті уайымдау типі аналық әрекетпен тығыз байланысты.

Босану травмасы – психоанализде О.Ранк және С.Грофф бейнелеген, босанумен байланысты кезең.

Постнаталдық кезең – пренаталдық дамудың өткен кезеңдерімен байланысатын сенсорлы-перцептивті даму мен құштарлық қатынасы қалыптаса бастағандағы кезең.

Псықтау сұрақтары:

- *Перинаталды психология және оның ерекшеліктері неде?*

- *жүктілік кезеңнің ерекшеліктері қандай?*

4.2. Аналық және әкелік психологиясы

Репродуктивтік мінез-құлық мәселесі деңгейінің төмендеуі кең көлемде алданған, депопуляция жайлы мәліметтерде келтірілген – тұрғындар санының критикалық тұрғыда азаюы. Осыған байланысты репродуктивтік мінез-құлықтың психологиялық заңдылықтарының мәнін зерттеу қарқынды есуде.

Репродуктивтік мінез-құлық – бұл баланың туылуымен байланысты мінез-құлықтар.

Ол жасқа негізделген физиологиялық құрылымнан, репродуктивтік мінез-құлықтың құрамдық-элеуметтік, мәдени (элеуметтік), фертильді (ұрпақты жалғастырудың физикалық қаблеттілігі) нормаларын, денсаулықты сипаттаудан; қажеттіліктерді, мотивтерді, идеалды бейнелер мен әрекеттерді алға тартатын психологиялық құрылымнан тұрады.

Репродуктивтік мінез-құлықтың басты қозғаушы күші ерлі-зайыптылық және жыныстық қажеттілікке тәуелсіз балалы болудың психологиялық қажеттілігі болып табылады.

Репродуктивтік мінез-құлықтың мотивтері бала туылған сәттен қол жеткізілетін жеке мақсаттар - өзін-өзі белсендіру, әлеуметтік маңыздылық, рөлдік айқындылық; бала өмірдің мәні, жұптық қатынастағы манипуляциялық тәсіл, махаббат объектісіндегі қажеттілік ретінде қарастырылады.

Баланың идеалдық бейнесі субъективтік бейнелерге айналады да, репродуктивтік мінез-құлыққа ықпал етеді. Шынайы репродуктивтік мінез-құлықтар ерлі-зайыпты жұптардың (әйелдер) өмірлік әлеуметтік контексттерімен анықталады: қамтамасыз ету, қорғану және репродуктивтік қажеттіліктердің орнымен, өмірлік қажеттіліктер мен тұлғалық мотивтердің өмірлік жүйесіндегі мотивтермен.

Ең маңызды деген отбасылық қатынастар – бұл ерте бала-аналық қатынастар. Олар нәрестенің, баланың, ересектің ары қарайғы психикалық дамуы үшін матрица құрады.

Онтогенездің ерте кезеңдерінде ана мен сәби бөлінбейді, олар бір тұтас психикалық ағзаны бейнелейді, ал олардың қатынастары симбиотикалық болып табылады.

Баланың өсуіне қарай симбиоздың физикалық және психикалық қатынастары өзгереді: олар алшақтай бастайды, бала автономды болуды үйренеді, және симбиоздың қатынасында когнитивтік құрамдық күшпен ерекшеленетін психологиялық қатынастармен алмастырылады.

Сәбидің психикалық өмірі толығымен аналық қамқорға тәуелді. Сонымен қатар баланың жанынан бір елі кетпейтін кез келген адам «ана» бола алады, - әке, апа және басқалар., бірақ ол тек бір ғана адам болу керек.

Күнделікті қамқорлық танытушы бір «объект» - қалыпты сәбиліктің міндетті шарты.

Бала өмірінің бірінші жылындағы кезеңді жиі довербалды балалық деп атайды, сәби жинақтайтын тәжірибе сөзсіз эмоционалдық тәжірибе болып табылады, ол вербалданбайды (сөздік белгілерге аударылмайды), яғни санасыз күйде қала отырып, ересек адамның әлемдік түйсінуіне ерекше ықпал етеді.

Аналық мінез-құлықтың мазмұнын аналардың баланың психикалық дамуына жинаған байлығы ретінде бейнелеуге болады.

Базальдік сенім – қамқорлық күшті болғанда нәрестенің бастан өткізген уайымдарын қолаулы ағзалық тәжірибелерді бейнелеу үшін Э.Эриксон (1996) енгізген термин. Қамқорлықтың астарында анасының өз баласының белсенді қажеттіліктерін дұрыс анықтау және дәл соны қанағаттандыру (мысалы, нәресте психикалық байланысты қажетсінесе, оны емізбей тек сол қажеттілігін қанағаттандырса; нәрестеде ересектердің тамақтану әрекетімен байланысты тамақ-үрей механизміне сәйкес қалыптасады) қаблеттері жатыр.

Ананың нәрестесінің белсенді қажеттіліктерін табу қаблеті тікелей оның интуициясына немесе нәрестемен идентификациялануды қалауымен (яғни регрестен өту) және «нутронмды сезінуімен» байланысты. Анасының сол жағдайда қабылдайтын шешімі рационалданбайды, демек, оның бұл әрекетті неліктен жиі жасайтынын түсінбейді, бірақ оның айтқаны үнемі дұрыс болады.

Нәрестемен идентификациялануға қаблеті базалық сенімнің қалыптасуына және болмауына байланысты, және ол оңай бұзылады. Д.В. Винникоттың (1998) жазуынша ол педиатрлармен байланысқа түскенде бұзылады, өйткені баланы күтуде рационалистік және индивидуализацияланбағаннан болады.

Өзіндік психикалық тұтастық уайымының туындауына негізделген денелік тұтастықты уайымдау «холдинг» тәжірибесінен қалыптасады (ағылш. тіл. hold – ұстау) (Д.В. Винникотт 1998), ананың баласын ұстауына, ол нәрестесіне «тері-тері» физикалық байланыстың сапасына қарай болады. Винникоттың ойынша «холдинг» тәжірибесі нашар есейіп келе жатқан адамдарда түрлі тұлғалық диссоциациялы формалардан қиналады, олардың медитация барысындағы денеге бағытталған бейнелер тұтастық қасиеттерден тұрмайды.

Нәрестенің ым-ишарасы мен қозғалыстарын басқаруы, өз денесін меңгеру тәжірибесінің негізінде ерікті түйсіну, яғни сезім пайда болады, ендеше оның күші нәтижеге тәуелді (қоз-

галыс); бұл тәжірибе анасымен денелік байланыстың негізінде туындап, ерікті психикалық қызметтің негізі болады.

Синхронизация болашақ коммуникативтік дағдылардың негізі ретінде

Жақсы тәжірибелік байланыс кезінде ана нәрестенің белсенді болатын кезеңін, пассивті жағдайы мен шаршау кезеңдерін анықтауға қаблетті. Коммуникацияны бала жағдайымен синхронизациялау іскерлігі нәрестеге позитивті коммуникация тәжірибесін береді, ананың нәрестесінің мүмкіндіктеріне ұзақ таңданатын байланысты жалғастыруға талпынысы Винникотт бойынша **коммуникативтік сәтсіздік** ретінде түсіндіріледі. Бұл идеялар ананың нәрестесімен өзара әрекетін бейнетаспамен талдаудың негізінде туындаған.

Нәрестенің когнитивті дамуы анасының мінез-құлқына байланысты. Ағылшын психоаналитигі ананың танымдық қызметтерге енгізген еңбегін бейнелеу үшін «контейнерлеу тұжырымдамасын» енгізді.

Ананың нәрестесімен коммуникациясының үзінділерін бақылай отырып (бейнетаспа бойынша), келесі сипаттардың қайталанушы байланысын байқады: нәрестенің ым-ишарасы мен вокализациясынан анасы оған қарап (бетпе-бет байланысқа түсу) оның жағдайын қабылдағанда, оны ересек тілге айналдырғанда, балаға белгілі бір сөздерді вербалды коммуникациямен қайтарғанда бейнеленген. Бионның ойынша, аморфтық жағдайларды аударудағы үрдіс нәрестенің вербалды, таңбалы, формалары балаға өз жағдайын рефлексиялап үйренуге және олардың сөздік эквиваленттерін меңгеруіне, ары қарай олардың сөзінің көмегі арқылы бейнелеуге мүмкіндік береді. Кейінірек бұл үрдіс тек нәрестенің ғана жағдайын емес, сыртқы әлемнің объектілерін жаулайды. Демек, жолсерігі ана болып табылатын танымдық үрдістер жүзеге асырылады. Бионның пікірінше, толыққанды адамның психикалық дамуы мүмкін болатын «бірлескен» адамдарға арналған байланыстармен мүмкін болады (Поршенко А.П., Романов И.Ю., 1998).

Ананың психологиялық жұмысының нәтижесі – нәресте өмірінің 7-ші айында қалыптасатын психикалық жаңа білім берудің – **құштарлық қатынасы**.

Құштарлық теориясын ағылшын психиатрі Джон Болуби өңдеді, өмірлік түрлі жағдайларға байланысты анасының қамқорынан тысқары қалған балалар.

М. Энсворт 12-15 айға дейінгі кішкентай балаларда құштарлықты өлшеудің деңгейі үшін эксперименталды процедураны өңдей отырып, жағдаятты келтіреді, яғни кішкентай бала 3-минуттық «өмірлік сынақтан» өтеді: анасының күтімі, жалғыз ойнау, бейтаныспен байланысқа түсу, анасына оралу. Экспериментте баланың вербальды және вербальды емес мінез-құлықтары егжей-тегжейлі тіркелген.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып Эйнсворт құштарлықтың 4 түрін бейнелеген (Калмыкова Е.С., Падун М.А., 2002).

1. **Сенімді құштарлық.** Бала анасын сенімді тіреу ретінде пайдалана отырып, айналаны зерттеуге дайындығын демонстрациялайды: айырылуға жауап ретінде мұңаю белгілерін көрсетеді; анасы қайтып оралғанда оны күлкісімен белсенді түрде қошеметтейді; егер жабырқаулы болса, онда анасымен байланысқа түсуге талпынады; науқымын басқаннан кейін зерттенушілік іс-әрекетін одан әрі жалғастырады.

2. **Қашқақтаушы құштарлық.** Бұл баланың қоршаған жағдайды белсенді зерттейтін кезеңдегі мінез-құлқы: анасы кетіп бара жатқанда минималды түрде зейін қояды, ол оралғанда қашқақтаумен көрсетеді, ойыншықтарына баруға талпынады, теріс айналады.

3. **Амбиваленттік құштарлық.** Бала анасы кетіп бара жатқанда дистресс көрсетеді, ойынға, мекемеге алданбайды; анасы оралғанда онымен байланысқа түсу мен шеттетудің арасында құбылады, байланыс орнату үшін тым көңілі бұзылыңқы немесе өте пассивті, анасынан ләззат ала алмайды.

4. **Тезұымдастырылған құштарлық.** Бала құштарлығын демонстрацияламайды, оның әрекеті іштей құпталған, сыртқа еш мақсатсыз көрінуі мүмкін.

Р.Ж. Мухамедрахимов (1998), шетелдік оқулықтардағы талдауды ескере отырып, қауіпсіз құштарлық қалыптасатын келесі құрастырушы ата-аналық мінез-құлықтарды бейнелейді.

- Сензитивтілік,
- Синхрондылық,

- Екі жақтылық,
- Жылулық,
- Жұмсақтық,
- Қолдау.

Сенімді (қауіпсіз) құштарлық түсінігінің шеңберінде құрылымдық интервьюдің көмегімен ересек адамдарға зерттеу жүргізілді.

Алынған нәтижелердің негізінде ерте құштарлық пен ересек адамдардың өзі жайлы, өз ата-аналарының және адамзат өмірінің маңызды аспектілерін талдау тәжірибелерінің арасындағы сәйкестіктер байқалды. Ерте құштарлықтың тәжірибесі ересектің психикалық травмаға тұрақтылықғына әсер етеді (Калмыкова Е.С., Комисарова С.А. және басқалар 2002). Балалар үйіндегі балалар қауіпсіз құштарлығы бар отбасындағы балалардың көрсеткіштерінен маңызды түрде ерекшеленеді (Авдеева Н.Н., Хаймовская Н.А., 1999).

Ананың баласының психикалық дамуына қосқан үлесі әрине, ересек жастағы балалар үшін де маңызды. Дәретханалық мінез-құлық тренинг кезеңінде (Бодалев А.А., Столин В.В., 1989) және Эдип кешенінің өту кезеңінің ықпалын талдауда аналық мінез-құлықтардың топтамасы жүзеге асырылады.

Аналық мінез-құлықты қалыптастыру.

Аналық дамудың маңызды онтогенетикалық факторлары:

- Қыз баланың өз анасымен өзара әрекетінің позитивті эмоционалдық тәжірибесі,
- Аналық үлгінің отбасылық ерекшеліктері,
- Нәрестемен өзара әрекеттің балалық салдарының тәжірибесі (Филиппова Г.Г., 1999).

Тағы бір маңызды рөлді мәдени жолдау деп аталатын қыз бала алатын маңызды аналық латенттік кезең атқарады. Ондай жолдауларға әрине, ертегілер мен ойыншықтар жатады. Ертегілердің аналық мінез-құлықтары көрінетін бейнелерден (анасы, ерте қайтыс болатын, ал орнына алмастырушы мейірімді періште фигуралары қалады) және антибейнелерден (өгей шеше, жалмауыз кемпір, сиқыршы) тұрады, сонымен қатар антибейнелер айқын, нақты эмоционалды берілген. Ойыншықтар өзінше мінез-құлықтың мәдени бөлімдерін құрайды (матрешка –

аналық мінез-құлық метафоралары). Қазіргі ертегілер мен ойыншықтар (Барби) аналық мінез-құлыққа қатысты шағын мәдени жолдаулардан тұрады.

Аналық постнатальді депрессия – анасында нәрестесі туылғаннан кейін туындайтын психикалық бұзылыстар.

Бұл қазіргі аналық зерттеулердің сол сәттегі ауруға әсер ететін психологиялық факторларды анықтауға талпыныстар жасалатын бірден бір бағыт. Мәліметтерден алынған отбасы тарапынан эмоционалдық қолдау деңгейлерінің төмендеуі, ерлі-зайыптылық қатынастарды қолдау деңгейінің төмендеуі, практикалық істер мен қаржылық мәселелерде көмектің болмауы сияқты сипаттамалар депрессияға және аналық қамқорлық сапасының төмендеуіне алып келетін психологиялық, әлеуметтік контекстерді қалыптастырады (Rodrigues et al, 2003).

Аналық депрессия анасы шын жоқ болған жағдайда айқын, ал аналық бас тарту немесе ананың бала үшін эмоционалды қол жетімсіздігінің нәтижесі ретінде жасырын болып қалады. Сол және басқада формалар «баланың кездейсоқ бесіктегі өлімінің феномен» деген атауға ие болған баланың басынан аяғына дейінгі физикалық және психикалық жағдайының жағымсыз ықпалы.

Баланың ауруханада ұзақ уақыт ем алуы госпитальдік синдромға, аналық депривацияның нұсқауына алып келеді. Салдардың салмағы жасқа және алшақтықтың жалғасына байланысты.

Аналық депривацияның ерте айқындалу жағдайы:

- Психопатологиялық сипаттардан,
- Баланың интеллектуалдық дамуының бірден артта қалуынан,
- Агрессивтік жауапқа жоғарғы дайындығынан,
- Мінез-құлық бақылауының төмендігінен,
- Эмоционалдық жауабы және тұлғааралық қатынасқа түсуге қаблетсіздігі,
- әлеуметтену деңгейінің төмендігі,
- антиәлеуметтік мінез-құлықтылық тенденциясы,
- карама-қайшы әрекеттерді орындауға тәуекелдіктің жоғарлығы,

- суицидалдық тәуелділіктің жоғарлығы
- байқалады.

Жасырын аналық депривация кезінде тұлғаның невротикалық сипаттары байқалады:

- өзін-өзі бағалауының төмендеуі,
- тұлғааралық байланыстарда үрейдің жоғары болуы,
- тәуелділіктер,
- шешім қабылдаудың күрделілігі (Бодалев А.А., Столин В.В., 1989).

Әкелік психология

Әкелік психология аналық психологияға қарағанда азырақ зерттелген. Нәрестелердің әкесінің мінез-құлқын зерттеу олардың әкелік қамқорлығының аналық қамқорлықтан айырмашылығы жоқ, әкелерде тамаша «ана» бола алады.

Объективтік қатынастар теориясында – психоанализ бағыттарының бірінде – баланың әкесімен қатынасы психологиясы баланың екі жақты «Мен-ана» үш жақты «Мен-ана-әке» әлеміне айналған **триангулирлік үрдіске** негізделіп бейнеленген. Бастапқыда әке бала үшін екінші ана болады, өйткені ол ата-анасын бір тұтас қабылдайды. Бала өмірінің бірінші жылының аяғына қарай әкені ол анасының фигурасынан ерекшеленетін дербес фигура ретінде қабылдайды, өзара қатынас әлемі үш жақты болады. ата-анасының қарым-қатынасын бақылай отырып, бала алшақтатылған қатынастың симбиотикалық емес үлгісін меңгереді (Фигдор Г., 1995). Годфруаның кейбір мәліметтері бойынша бір жастағы бала әкесімен эмоционалдық байланысты орнатқанды қалайды.

Әкесінің мінез-құлқын бақылай отырып, ол анасына қарағанда оның балаға-ұлға немесе қызға әртүрлі қарайтынына, мінез-құлықтың гендерлік спецификасын қалыптастыратынына куә болады.

Пысықтау сұрақтары:

-ерлі-зайыптылық және әкелік роль дегеніміз не?

-аналық роль ерекшелігі неде?

-әкелік және аналық роль туралы айтқан ғалымдардың қандай теорияларын білесің?

-аналық және әкелік депривация дегеніміз не?

4.3. Ата-аналардың бағдары мен тәрбиелеудегі стильдері

Психологтар арнайы әдебиеттерде ата-аналық әрекеттер мен бала-ата-аналық қатынастарға жеткілікті түрде назар аударылған (Личко А.Е., 1979; Бодалев А.А., Столин, 1989; Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В., 1999).

Ата-аналық әрекеттің мәнді құрылымдары:

- Протекция (ата-ананың тәрбиелеу үрдісіне жұмсайтын күші, уақыты мен зейіні),
- Баланың қажеттіліктерін қанағаттандыру деңгейі (эмоционалдық және когнитивтіктен бастап физиологиялыққа дейін),
- Балаға қойылатын талаптар санынан, шектеулер салдарынан, талаптарды орындамауы және шектеулерді бұзуынан тұратын дисциплиналық блоктар.

Осы компоненттердің негізінде балалардағы невроздар мен невроз тәрізді жағдайды дамыту үшін тудыратын шарттармен **тәрбиелеудің типтік стильдерін** бейнелеуге болады.

Гиперпротекция – ата-аналар өмірінің басты ісіне айналатын, баласының тәрбиесіне көп күш, уақыт жұмсауы.

Терісті құптау гиперпротекциясы – баланың максималды, сыни емес қажеттіліктерін немесе еркелету тенденцияларын қанағаттандыруға талпынуы; шамадан тыс қамқорлық көрсету, баланы ұсақ-түйек қиындықтардан және жүктелген міндеттерді орындаудан босатуы, жалған таланттарына таңырқау және баланың шынайы қаблеттерін асыра сілтеу.

Терісті құптау гиперпротекциясы баланың жүйелі еңбек ету дағдыларының, мақсатқа жетуге деген табандылығының, өзін қорғай алуға деген іскерлігінің қалыптасуына кедергі жасайды. Жеткіншек үшін дағдарыстық жағдайлар туындайды: бір жағынан құрдастарының арасында лидер болып көзге түсуге деген қалауы болса, екінші жағынан лидерлік қызметтерді жүзеге асыру іскерлігінің болмауы.

Бұл стиль ата-аналарға тән, олар өздері қанағаттандыра алмаған қажеттіліктерін балаға жүктеп, баламен идентифи-

кациялау мен өз тәрбиелік әрекеттері арқылы қанағаттандырудың тәсілдерін іздестіреді.

Осы стиль егер ата-ана өзін өз баласының алдында кінәлі санасада жүзеге асырады (мысалы, жалғыз басты ата-ана).

Үстемдік ету гиперпротекциясы – шамадан тыс қамқорлық, ұсақ-түйекке дейін бақылауда ұстау, үнемі шектеу жүйесі, баланы мұқият қадағалау.

Гиперпротекция кезінде бала автономды болуға, өз мәселесін өзі шешуге мүмкіндігі бар, өзгеріспен іс тындыруға дағдыланбаған.

Жоғары моральдық жауапкершілік – балаға қойылған жоғары талаптың оның қажеттіліктеріндегі төменгі ықпалмен сәйкес келуі. Бұл жағдайда ата-ана жиі баласы олардың өмірде орындалмай қалған армандарын жүзеге асырады деген сеніммен өз баласының болашағына үлкен үміт артады.

Сонымен қатар жоғары моральдық жауапкершілік бала өзінен кішілерге және отбасының дәрменсіз мүшелеріне қамқорлық жасағанда пайда болады.

Эмоционалды шеттетілу – баланың немесе жеткіншектің тәрбиесінде ол үнемі ата-анасына кедергі жасап жүргендей, олсыз барлығы жақсы болатындай сезінеді. Егер жанында қымбат ең сүйікті басқа біреу – ағасы немесе апайы, өгей шешесі мен өгей әкесі болса жағдай қиындап кетеді.

Жасырын эмоционалды шеттету – ата-аналар өздері мойындамастан ұлын немесе қызын алшақтатады, дегенмен олар өздерін мұндай ойдан аулақ ұстауға тырысады, егер біреу-міреу бетіне басса ашуланады. Ата-аналар тіпті көңіл қоюдың белгілерін асыра сілтеуде мүмкін, бірақ бала шынайы эмоционалды жылулықты жеткіліксіз сезінуі мүмкін.

Эмоционалды шеттетудің негізінде ата-аналар жеке өзімен бастартылған балалық тәжірибелерін бала арқылы санасыз түрде теңестіру негізі жатыр. Бұл ата-аналық стиль танымал «Күлше қыздың» сюжетін жандандырады, бірақ өмірлік және ертегі мәресі маңызды түрде ерекшеленеді.

Эмоционалды шеттетілу – мәні жағынан аналық депривация жағынан біріңғай жасырылған феномен, соған сәйкес салдарыда ұқсас болмақ – баланың невротизациясы.

Қатаң қадағалау кейде эмоционалдык шеттетулергеде ұқсас болып келеді, бірақ ата-аналық мінез-құлықтың жеке бұзылу түріде болуы мүмкін.

Қатаң қадағалау баланың қызығушылығын толық елемей, ұрып-соғу, жазалау формасы ретінде көрінеді: оның ләззат алуына шек қою, қажеттіліктерін қанағаттандырмау, ересектердің қолдауына үміттенбестен өзіне ғана сенуге мәжбүр болады.

Жазалаудың тұлғалық жоғалуымен қатар баланы тәрбиелеу әдісі ретінде баланың сол сәтте тыңдауына салыстыруға келмейтін бірнеше салдары бар. Жазалау жеңілдетеді немесе кінәлі болу сезімінен мүлде арылтады, сонымен қатар кінә мінез-құлықтың күшті бағдары болып табылады. Сондай-ақ жазалау барысында балада Фрейд балаға қол жетімді объектіге, көбіне символикалық объектіге, жанурлар мен кішкентай балаларға қатысты өзін агрессор, көрсететін, агрессорға ұқсас ретінде бейнелеген қорғаныс механизмдерін қалыптастыруы мүмкін.

Қазіргі уақытта бұл тақырыпқа ерекше назар аударылып, ата-аналардың қаталдығы жайлы үзілді-кесілді жағдайлар (АҚШ мәліметтері бойынша 1% төмен) бейнеленген. Балаларға қаталдық танытуға арналған С.Д. Шерритстің (2003; АҚШ) зерттеулерінде балаларына қаталдық танытқан (жаппай және жүйелі) ата-аналардың және жиі жәбір көруші балалардың өздерінің сипаттамалары келтірілген. Американдық зерттеушілердің болжауынша, физикалық жәбір көрсетушілік қоғамның барлық кезеңдерінде және табысы әртүрлі деңгейдегі отбасыларында да кездеседі. Күш көрсету көбіне баласын тәртіпке келтіремін деген мақсатта ата-аналар тарапынан болады. Бұл психикасында клиникалық ауытқуы жоқ, бірақ импульсивтілік деңгейі жоғары, мінез-құлқын бақылауы әлсіз адамдар, олардың ашу долданушылыққа ауысады.

Психодинамикалық индивидтік сипаттардан басқада факторлар алдыңғы өмірлік әлеуметтік жағдайлар болып табылады. Қаталдық танытатын ата-аналар әлеуметтік жағдайлармен байланысты (жұмыссыздық, тұрғын үй мәселесі, қоныс аудару және этникалық дау-дамай, қаржы тапшылығы, жоқшылық), стресс-факторлармен күйзеліп жүргендер. Өмірлік қиын-

дықтардың деңгейі неғұрлым жоғары болса, балаға физикалық күш жұмсаудың салдары жоғары болмақ.

Физикалық күшті баласынан адекватты емес үміт күтетін ата-аналар көрсетеді: мысалы, олар балалар түсіністік танытады, көмектеседі, қиындықтарды жеңуге де көмек көрсетеді деп күтеді. Бұл жерде «ата-аналық сезімді кеңейтетін» нұсқаудың бірі ретіндегі «рөлдердің ауысуына», яғни өз балаларының баласы болуға бейім ата-аналар жайында айтылып отыр. Дәл осындай ата-аналар өз балаларына қаталдық танытуға бейім болады.

Зорлық көрген балалардың сипаттамасы: бұл қалаусыз, кездейсоқ ауыр жүктіліктен немесе босанудан туған балалар, мінез-құлқы қиын (гипербелсенді) және оқуда қиындығы бар балалар.

Ата-ананың баласымен әсіресе бірінші жылда ұзақ уақыт айрылысуынан физикалық күштің салдары жоғарлайды.

Көмек баланы бірден оқшауландыруға, отбасындағы өмірлік стрес деңгейінің төмендеуіне, көмек пен қолдауға зәру болуына, ата-анасын өзінің мінез-құлқын бақылау дағдыларын үйрету бойынша психотерапевтикалық жұмысқа алып келеді.

Гипопротекция – бала ата-ананың қарамағынан шеттетілетін жағдай, оған «қол жетпейді», немесе «ешкімнің шаруасы жоқ». Тіпті болмаса бұл жиі – бақылаудың және қамқордың жеткіліксіздігінен, сонымен қатар баланың тағдырына шынайы қызығушылықтың болмауынан туындайтын, қараусыздықтан байқалады.

Жасырын гипопротекция бақылау шынайы болған жағдайда байқалады. Бала әдетте өзін ересектер үшін немқұрайды сезінеді. Жасырын гипопротекция көбіне эмоционалдық шеттелілумен сәйкес келеді.

Тастанды балалар – бұл базалық – психологиялық – физикалық қажеттіліктері – жүйелі түрде қанағаттандырылмаған балалар; осы балаға теріс қарау формаларының ішіндегі – формасының салдары бойынша ең тереңдетілген форма болып табылады. Тамақтанудан қанағат алмаған қажеттіліктер баланың физикалық дамуының күрделі бұзылысына, қадағалаудың болмауы – сан қырлы сәтсіз жағдайлардың болуына, эмоцио-

налдық байланыстың болмауы – дағдылану қатынасының, эмоционалдық, когнитивті дамудың, баланың әлеуметтік коммуникативтік дағдылардың бұзылуына алып келеді.

Терісті құптау гиперпротекциясы. А.Е.Личко, А.А.Вдовиченко бірінші рет делинквентті жеткіншектерді тәрбиелеудің стилі ретінде бейнелеген. Тәрбиелеудің мұндай стиліндегі ата-ананың қадағалауының жеткіліксіздігі жеткіншектің мінез-құлық бұзылысының сынсыз қатынастарына сәйкес келеді. Ата-ана оның дөрекі мінез-құлықтарын асыра сілтейді, оның кінәсін басқаларға жауып оны ақтап алуға тырысады.

Өз баласын «ақтап», кез келген жолмен оны жазадан құтқаруға тырысады. Мұндай тәрбие мінез-құлықтың тұрақсыз және истероидтық сипатты әдетке айналдырып, делинквенттік мінез-құлыққа әкеп соқтырады.

Қарама-қайшы тәрбие. Бір отбасында ата-ананың әрқайсысы, әсіресе атасы мен апасы тәрбиенің біркелкі стилін ұстанбауы мүмкін. Мысалы, ата-аналар тарапынан эмоционалдық шеттету және апасының тарапынан - терісті құптау гиперпротекциясы көрініс беруі мүмкін.

Э.Г. Эйдемиллер, В.В. Юстицкий (1999) негативті фактор ретінде тәрбиенің тұрақсыз стилін көрсетеді. Тәрбиенің бұл түрін ол қатаң либералдыққа, және керісінше баланың эмоционалдық шеттетілуден маңызды көңіл аударуға ауыстырылуын білдіретін стильдің, тәсілдердің бірден ауысуы деп түсінеді.

К. Леонгардтың ойынша, тәрбие стилінің тұрақсыздығы кез келген қарама-қайшылыққа бейімділік, қарсы тұру сияқты қалыптастыруға себеп болып, отбасында мінез-құлқында аутқуы бар жеткіншектер жағдайы болып табылады.

Ата-ана, ереже сияқты бала тәрбиесінде жіберілген фактілерді мойындап, олардың қателігі мен салдарын бағаламайды.

Дұрыс тәрбие бермеудің әртүрлі себептері: бұл – адекватты тәрбие беруге кедергі келтіретін, жиі – ата-ананың педагогикалық мәдениетінің төмендігі, отбасы өміріндегі белгілі бір жағдайлар.

Э.Г. Эйдемиллер (1996) пікірінше, тәрбие үрдісін бұзудағы негізгі рөлді көбіне ата-ананың тұлғалық ерекшеліктері атқарады.

- Біріншіден, бұл – ата-ананың мінез-құлқындағы ауытқу. Мінез-құлық акцентуациялары және психопатиялар кейде тәрбиедегі бұзылыстарды алдын ала анықтайды.

- Екіншіден, - ата-ананың психологиялық (тұлғалық) мәселелері бала тарапынан шешімге келтіріледі. Бұл жағдайда дұрыс тәрбие бермеген жағдайда көбіне бейсаналы мәселелер мен қажеттіліктерден тұратын, қандайда бір тұлғалық себеп жатыр. Ата-ана баланы тәрбиелеу үрдісінде сол қажеттіліктерді қанағаттандыруға тырысады.

Балаға дұрыс тәрбие бермеумен байланысты жиі кездесетін психологиялық мәселелер.

Ата-ана сезімдерін ұлғайтудың сфералары. Тәрбиенің алдын ала келісілген бұзылысы негізінен ата-ананың ерлі-зайыптылық қатынасы қандайда бір себептерге байланысты нашарлағанда, тәрбиеде басты рөлді атқарушы (мінез-құлықтардың сәйкес келмеуі, эмоционалдық салқындық, және т.б.) ата-ананы қатынас қанағаттандырмаса туындайды. Сонымен қатар жиі анасы, әкесі санасыз түрде баласының қарапайым отбасында ерлі-зайыптылардың психологиялық қатынастарын қанағаттандыруға тиісті қажеттіліктердің бір бөлігін қанағаттандырғанын қалайды. Бұл жағдайда ата-анасына эротикалық қатынасты стимулдайды – қызғаныш, балалық ғашықтық. Бала жеткіншектік жасқа жеткенде ата-анада жеткіншектің еркінсінуінің алдында қорқыныш туындайды. Оны үстемдік етуші немесе терісті құптау протекциясының көмегі арқылы ұстауға талпыныс байқалады.

Баладан балалық қасиеттерді қалау. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары – қарама-қарсылық танытушы гиперпротекция. Бұл жағдайда ата-анада баланың есеюін елемеуге талпыныстары, оларда өзінділік, сенгіштік, жеңілтектік сияқты қасиеттерді сақтап қалу стимулдары байқалады. Олар жиі үлкен балаларға қарағанда кішкентай балаларды жақсы көретіндерін, қызыққа толы болатындарын ашық түрде мойындайды.

Ата-ананың тәрбие үрдісіндегі сенімсіздігі. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары – қарама-қарсылық танытушы гиперпротекция немесе талап қою деңгейі төмен. Ата-ананың тәрбие берудегі сенімсіздігін олардың тұлғасының «әлсіз жақтары» деп айтуға болады. Бұл жағдайда ата-ана мен баланың арасындағы отбасындағы билікті соңғының үлесіне қайта қарау байқалады. Бұл бала өз ата-анасына амал таба алғандықтан, өзіне минималды талап қойғызып, максималды құқыққа ие болғанда жүреді.

Баланың фобиясын жоғалтып алуы. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары – қарама-қарсылық танытушы немесе үстемдік етуші гиперпротекция. Ата-аналардағы жоғары сенімсіздік, қателесіп қалуға деген қорқыныш, баланың «нәзіктігі» жайлы көзқарасын асыра сілтеу, және т.б.

Ата-аналық сезімнің толық дамымауы. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары – гиперпротекция, эмоционалдық шеттету, қаталдық таныту. Балаға адекватты тәрбиені ата-ананы қандайда бір күшті мотивтер ілгері тартқанда ғана жүзеге асырылуы мүмкін: борыш, симпатия, балаға деген махаббат, балада «өзін жүзеге асыру» қажеттілігі, «өзін жалғастыру». Ата-ана сезімінің әлсіздігі мен толық дамымағандығын жиі түсінеді. Сырттай бұл баламен ойынды, оның ортасын қаламауынан, оның қызығушылықтарына үстіртін қарауынан көрінеді.

Баланың өзінің қаламайтын қасиеттірінің проекциясы. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары – эмоционалдық шеттету, қаталдық таныту. Тәрбиенің мұндай себебі ата-ананың баласының мінез-құлқын біле тұра мойындамауынан болады. қаламайтын қасиетті басқадан көруі ол қасиеттің өзінде жоқ екендігіне сенімді болуына көмектеседі.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы дау-дамайды тәрбие сферасында көрсетуі. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары: тәрбиенің қарама-қайшы типтері – бір ата-ананың қарама-қарсылық танытушы гиперпротекциясын басқаның шеттетуші немесе үстемдік етуші гиперпротекциясымен біріктіру.

Ерлі-зайыптылардың арасындағы дау-дамай – тұрақты отбасы болсада жиі құбылыс болып табылады. Тәрбиенің дауласып жүрген ата-аналардың «шайқас алаңына» айналатын

кездеріде болады. Бұл жерде олар бір-біріне риза еместіктерін ашық айтуға мүмкіндіктері туатын кездеріде болады. Яғни, оларды бала тәрбиесі емес, тәрбиелеу бәсекесінде кімнің дұрыс кімнің қателік жібергендігін анықтау қызықтырады.

Баланың жынысына қатысты ата-ана бағдарын шеттету. Тәрбиенің келісілген бұзылыстары - қарама-қарсылық танытушы гиперпротекция, эмоционалдық шеттету.

Ата-ананың балаға қатынасы ата-ананың баласының жынысына қарай орналастыратын шынайы емес ерекшеліктермен негізделеді, демек «тек еркектерге» немесе «тек әйелдерге» тән. Сонымен әйелге тән қасиеттерді қалау еркек жынысты баланы саналы түрде қабылдамау.

Жалғыз басты ата-ана. Жалғыз басты ата-аналардың отбасы өмірдің түрлі жағдайларына байланысты туындайды:

1) ата-аналардың ажырасуының негізінде (бұл жағдайда жалғыз басты әке немесе жалғыз басты ана отбасы пайда болуы мүмкін);

2) 35-40 жастағы жалғыз басты әйелдің некесіз отбасын құруы (репродуктивтік жастың шыңында);

3) некесіз тым жас ананың отбасын құруы (жеткіншек-ана) кездейсоқ жүктіліктен.

Осы отбасы типтерінің ішіндегі біріншісі жеткілікті түрде жақсы зерттелген, басқа отбасындағы жалғыз басты ата-аналар жайлы ақпараттар аз берілген.

Жалғыз басты ата-анасы бар толық емес отбасылар әлеуметтік оқшаулану және жалғыздық, қаржылық қиындықтарға тап болады. ондай жағдайда балаға барлық міндеттердің, оның күші келмейтін үй тапсырмаларының жүктелу қаупі бар.

Толық емес отбасынан шыққан балалар кейбір когнитивтік функциялардың төмендеуімен, коммуникативтік іскерліктердің жеткіліксіздігімен, ата-ана өз баласына жеткілікті түрде көңіл бөле алмағандықтан ата-анасымен қарым-қатынастың төмендігімен сипатталады.

Ажырасқаннан кейін бір жылдың ішінде балалар жеткіншек алды және жеткіншектік кезеңде агрессивті, жан-жал туырғыш, күмәншіл, талап қойғыш болып келеді.

Жалғыз басты ата-ана балаға жалғыз тәрбие берумен байланысты күйзеліс пайда болады. Ол өзін сәтсіз некесі үшін кінәлайтын болады. Оны болашақ мазалайтын болады. Жалғыз басты ата-ананың рөлін орындау жеке құндылықтарды – жұмысқа қаблеттілік, эмоцияларды жүзеге асырумен байланысты (Нистал М., 2003).

Пысықтау сұрақтары:

-*бала тәрбиелеу стильдерінің жіктелуі қандай?*

-*бала тәрбиесінде жіберілетін қателіктер қандай?*

-*отбасы типіне байланысты бала тәрбиелеу ерекшеліктері неде?*

4.4. Баланың ата-анасын қабылдауы

Психологтар отбасын дәстүрлі түрде зерттеушілер, психотерапевтер және ата-аналар сияқты қарастырады. Демек, балада даму қалай жүреді, оның өзі жайлы көзқарастары қалай қалыптасады, осының барлығы оның отбасы бейнесін және онда өзін субъективті көруіне байланысты. Әрине, баланың отбасын субъективті көруі, оның ата-аналарының шынайылықты қабылдауымен жартылай сәйкес келеді. Ата-аналар өз тарапынан балаларына көрсетіп жатқан «назары мен қамқорлығына» сенімді болуы мүмкін, бірақ балада жалғызсырау, керексіздік сезімдері болуы мүмкін.

Г.Т. Хоментаскас (1989) ата-ана мінез-құлқы мен баланың өзін субъективті түсінуі және ата-анасының оған деген қатынастарының арасындағы байланысты табуға талпыныс жасап, баланың айтуымен қалыптасқан сондай қатынастардың 5 типтерін бейнелеген.

1. *Қарым-қатынас демократиялық стилі* мен эмоционалдық ықыластан «Мен керекпін, мені жақсы көреді, менде сіздерді жақсы көремін» деген формулаға сәйкес, балада өзі және ата-анасына қатынасы жайлы көзқарастар қалыптасады.

Сондай балаға тән сипаттар:

• Позитивті адекватты өзін-өзі бағалау және базалық сенім;

- Жақындасудан қуанышты сезіну қабілеті мен өзін жақындасу қатынасынан еркін сезінуі (жақындасу құқығын шектеу деген емес);

- Ата-ана оған сенеді деген нәтижемен өзіндік потенциалдылықты түйсінуі;

- Қателік баланы жаман жағынан көрсететіндіктен, қателік жіберіп аламын деген қорқыныштың болуы;

- Көмек сұрай білу іскерлігі және соған қарамастан қорлану сезімінің болмауы;

- Ата-ананың міндетінен басқада жеке өмірлік қызығушылықтарға құқылы деген ұстаныммен, басқаның құқығы мен оның автономиясын түсіну іскерлігі.

2. **Гиперпротекция ұстанымы**, баланың тотальді маңыздылығы және оның қажеттіліктері субъективтік жолдауларға трансформацияланады: **«Мен керекпін және сүйіктімін, ал сіздер мен үшін өмір сүресіздер».**

Мұндай балада төмендегідей көзқарастар қалыптасады:

- Оның талпыныстары мен қалауы - өте маңызды;

- Өзіне деген ерекше сенімділік, яғни егер ол жайлы айтылмасада айналасындағылар оған таңдана қарайды, егер оның ерекшеліктерін байқамайтын адамдар кездесе, олар не ақымақтар, не қасақана жасап отырғандар.

- Ата-анасы оны қатты жақсы көреді деген сенімділік, бірақ олар өздері бұлынғыр, тартымсыз: «Сондай ақылды, көрікті балада тартымсыз әке мен шеше қайдан пайда болған».

Гиперпротекция ата-аналар стилі ретінде ата-аналарды сәйкес мінез-құлыққа тексеретін бірнеше жағдаяттардан тұрады.

Ондай жағдаяттар:

- Ата-аналық мотивациясы жоғарылар балалы болуға және ұзақ уақыт бойы балаға төзуге қаблетсіз;

- Бала алдында өзін қатты кінәлі сезінетін, жалғыз басты ата-ана жағдайы;

- Өз баласына қоғамнан үлкен орынды алып беру арқылы «әлеммен есеп айырысу» жағдайы (спорттағы, оқудағы жетістіктері, музыкаға, суретке деген арнайы қаблеттері).

Баланың отбасындағы психопатологиялық рөлінің «вундеркинд» салдары отбасындағы қолайсыздықтарды туындатады (Эйдемиллер Э.Г., Юстицкий В.В., 1990).

3. **Гипопротекция** балның қауіптілік, махаббат, мейірім қажеттіліктерін қанағаттандырудың төменгі деңгейінде эмоционалды қабылдауға қаблетсіз, эмоция еркіндігінің болмауы, ата-аналардың қуаруы «**Мені жақсы көрмейді, бірақ мен жан тәніммен оларға жақын болуды қалаймын**» деген формула бойынша субъективті уайымның қалыптасуына алып келеді.

Баладағы «Мен жаманмын» деген түйсінудің трансформациялануы келесі қасиеттерден көрінеді:

- өзін-өзі бағалауының төмен болуы,
- өзін кінәләу сезімінің жоғары болуы,
- үрейдің жоғары болуы,
- шынайылық алдамшы болуы мүмкін, сондықтанда жақындасудан қорқу,
- қателік жіберіп алудан қорқу,
- индивидуализация деңгейінің төмен болуы,
- эмоция мен қатынастағы амбиваленттілік, бір сөзбен айтқанда невротикалық тұлғаны сипаттайды.

Сонымен қатар келтірілген сипаттар орта деңгейдегі қажеттіліктерді қанағаттандыратын төменгі деңгейдегі жағдайдың «жауабы» болып табылады (А.Маслоудың қажеттіліктер тұжырымдамасының терминологиясы).

Баланың өзін субъективті түйсінуге сәйкес қылықтары:

- шамадан тыс тәуелділік,
- жабысқақтық,
- жылампаздық,
- өзіне шамадан тыс назар аударуды талап етуі.

Бұл баланың өзі қалайтын әрекетті тудыртуына талпынысы. Ата-аналық стиль ретіндегі гипопротекция пайда болуының себептері төмендегідей болуы мүмкін:

- ата-аналары өз тұлғалық сипаттарының қасиеттерін жасыруы,
- олардың ерлі-зайыптылық қатынастарының ерекшеліктері,

- белгілі бір жағдайлар.

Мысалы:

- Ата-ана балалы болуды жоспарламайды, ал шешім элеуметтік стереотиптердің немесе басқа адамдардың ықпалымен қабылданады. Соның нәтижесінде жұбайлар өмірлік жоспарларынан бас тартады (үйлі болумен, карьерамен және т.б. байланысты) немесе оларды ұзақ уақытқа кейінге қалдырады.

- Кейбір жағдайларда жұбайлардың жасанды түсікке қатысты бағдарлары жағымсыз болады, жүктілік мәжбүрлікке айналады.

- Гипопротекция ата-ананың баласының кейбір қасиеттеріне көңілі толмаушылығының нәтижесі болуы мүмкін; оларды уақытша өзгертуге болмайды, мысалы, жынысы, сыртқы келбеті, мінез-құлық ерекшеліктері (шамадан тыс қозғалғыштығын, жайбасарлығын).

Хоментасукастың болжауынша, гипопротекция жағдайының нәтижесі баланың өзін қабылдаудың төртінші типінде келтірілген қамқорсыздық жағдайы болады. Дегенмен, А.Адлер (1992) сипаттаған төртінші типтегі «**кек алу**» дұрас болып саналады.

4. Егер бала ата-анасының *қауіптілік, махаббат, мейірімділік* қажеттіліктеріне қанағаттанса, жағымды эмоцияларына бөленсе, қалаулы нәтижеге ұмтылмайды, ол онда келесі ата-анасымен байланыстағы уайымның сапалы жаңа деңгейіне ауысады: **«Сіздер маған төзбейтін ауыртпалықты артып жүрсіздер, менде солай жауап қайтарамын».**

Осы кезеңде бала ата-анасымен маңызды, эмоционалды, негативті қатынаста болады. Оның осы кезеңге ауысуының белгісі ата-анасының онымен өзара әрекет жасаудағы жан жарасын сезінуі болып табылады. **Баланың негізгі мақсаты** – кек алу жолы арқылы интенсивті эмоционалды байланысқа түсу.

Мұндай баланың тұлғалық ерекшеліктері алдыңғы типтің ерекшеліктеріне ұқсас, мұндай қылықты бала қатты ерекшеленеді:

- Оны бағындыру мүмкін емес,
- Ұстанымы оппозициялы,
- Негативист,

- Қауіпті жағдайда девиантты.

5. **Әлеуметтік қажеттіліктерге түбегейлі қанағаттанбау** және олардың қанағаттанатынына үміттің болмауы, «Мен ешкімге керегім жоқ, мені жайыма қалдырыңдар» деген формулада бейнеленетін күрестен бас тарту, қорғансыздық жағдайына алып келеді. Бала:

- талап қоймайтын,
- назардан тыс жүзуге,
- байсалды,
- ақымақ болып көрінуге
- жалғыз болуға тырысады.

Терапевтикалық жұмыстарда мұндай жағдайлар күрделірек және болжамыда минималды болады.

Пысықтау сұрақтары:

-баланың ата-анасын қабылдау ерекшеліктері неде?

-бала мен ата-ана қатынасындағы мақсаттар қандай?

4.5. Асырап алуға қатынас психологиясы

Асырап алу – бұл қаны бөлек бала мен ерлі-зайыпты жұптардың арасындағы заңды түрде бекітілген бала-ата-аналық өзара қатынас.

Сондай-ақ, туыс емес, еріксіз түрде туындаған өзара қатынас жайлы айтылып отыр (жұптардың қалауы бойынша); ол үрдіске қатысушылардың тек біреуінің психологиялық қалауымен болады (ерлі-зайыптылар жұбы).

Асырап алушылық қатынас туындау фактісі жағынанда психологиялық күрделі, туыстардың мінез-құлық толеранттылығы жоғары болып келеді.

Бұл қатынастар үлкен күш жұмсауды қажет ететін күрделі өзара қатынастарды жасайтын параметрлерден тұрады:

Бірінші параметрі ата-аналық мотивация күші болып табылады.

Асырап алушылар көбіне балалы бола алмайтын ерлі-зайыптылар (бедеулік, жай некеге тұру, туған баласының өлімі).

Демек, мұндай жұптардың ата-аналық мотивациясы өте күшті (фанатикалық ата-аналық), ол *белгілі бір стильдік сипаттардан тұруы мүмкін – бала үшін жағымсыз салдарды мақұлдау және гиперпротекция үстем болады.*

Екінші параметр ата-аналық бағдар немесе күту. Баланы қатты қалау қауіпті, идеалданған болуы мүмкін, өйткені қатынас ұзақ мерзімдік қалаудың негізінде құрылатын қатынас, біз неғұрлым көп тоссақ, соғұрлым күту объектісі үлкен идеализациямен беріледі.

Үшінші параметр – баланың өзінің сипаты.

- Баланың эмбриогенезі жек көрушілікпен күрделендірілуі мүмкін.

- Осындай балада аналық депривация тәжірибесі бар; тіпті ол туғаннан кейін асырап алынсада, оның тұлғалық салдары көрінеді.

- Сонымен қатар, асырап алушы ата-аналардың күш салуына қарамастан бала бүкіл онтогенез барысында өзінің биологиялық ата-анасына ықылас танытатын болады.

Психогенетикалық жұмыстарда психологиялық сипаттың генетикалық детерминациясының жоғарғы мәнінің жүзеге асу фактілері бірнеше рет дәлелденген.

XX ғасырдың 60-шы жылдарында басталған асырап алушы отбасыларын Техасстық жобамен зерттеуде туғаннан кейін бір немесе екі баланы асырап алған 300 отбасы сыналды. Асыранды балалардың интеллектуалдық және тұлғалық сипаттары, олардың биологиялық аналары, асырап алушы-отбасылардың туған балалары мен өгей ата-аналары жайлы мәліметтер алынған. Іріктеуге тек бірінші кластағы ақ нәсілділердің өкілдері ғана енді (бұл әрине биологиялық аналарға да қатысты). Асыранды балалардың орташа жасы зерттеудің басында шамамен 8 жылға теңелді. 10 жыл өткеннен соң, біріншіден кейін екінші зерттеу жүргізілді. Іріктеудегі әртүрлі себептерге байланысты отбасының 300-ден 181-ге дейін азаюынан бір және аса маңызды нәтиже алынды: асыранды баланың интеллектуалдық және тұлғалық бағасының ұқсастығы (түзету) және өлшенген психологиялық сипаттары бойынша баланың әлеуметтік

ата-аналарына қарағанда биологиялық анасымен ұқсастығы жоғары болды (Равич-Щербо И.В. және басқалар., 2002).

Бейнеленген күрделіліктер балалар мен оларды асырап алушыларды үлкен психикалық травмаға алып келетін асыранды балалардан бас тарту жоғары пайыздың себебі болып табылады.

Пысықтау сұрақтары:

-асырап алу психологиясы мен әмеңгерлік отбасы психологиясының ерекшелігі неде?

5. Ағалы-інілі қатынастар психологиясы

5.1. Сиблингті ұстаным және оның бала мен ересектердің тұлғалық ерекшеліктеріне ықпалы

Баланың тұлғасы оның ағалары мен апайларының арасындағы ұстанымға тәуелді деген алғашқы идеяларды А.Адлер ұсынған.

Қазіргі ағылшын тіліндегі әдебиеттерде сиблингті ұстанымды зерттеу көп қаралуда, және олардың барлығы эмпирикалық сипатта, яғни тұлғаның сиблингті ұстанымға тәуелділігі жайлы терең теориялық негіздер жоқ. Бірізді отбасында туылған балалар қандайда бір тәжірибелерге соқтығысады және оны соған ұқсас тәсілдермен жеңеді, соның нәтижесінде жағдайлар мен қасиеттердің белгілі бір дағдылары қалыптасады деп болжанады.

Сиблингтік ұстаным (ағылшын тілінен аударғанда siblings, sibs – бір отбасындағы ағалы-інілілер мен апалы-сіңлілілер) – дүниеге келген белгілі бір адамның жағдайын формальды сипаттаудан тұратын түсінік: өмірге келу тәртібі, жынысы мен туылу арасындағы интервал.

Сиблингті ұстаным мен тұлға ерекшеліктерінің арасындағы байланыстардың болжамы ықтималдық сипаттан тұрады. Сонымен қатар көптеген зерттеушілердің (Ричардсон Р., 1994; Дрисколл Р., Икстейн Д., 2003; Бразингтон Р., 2003) дәлелдеуінше, сиблингті ұстаным басқа тепе-тең жағдайларда тұлғаға,

ерлі-зайыптылар мен ата-ана мінез-құлқына, достарымен өзара қатынасына, жұмыстағы әріптестері мен басшылыққа ықпал етеді.

Эмпирикалық мәліметтер **сиблингтік ұстанымның төрт түрін бейнелеуге және бөлуге** мүмкіндік береді.

Үлкен бала-тұңғышы, ата-ана одан көп үміт күтеді, және ол олардың үмітін көбірек ақтайды.

- Жетістікке жету мотивациясы жоғары,
- Академиялық үлгерімі жоғары,
- Кәсіби жетістігі жоғары.

Оның жетістіктері тек ата-ананың үмітімен ғана емес, «детронизация» тәжірибесіменде байланысты (тақтан құлау). Бұл терминді тұңғыш баланың кенжесі туғандағы қатты уайымын бейнелеу мақсатында Адлер ұсынған. Бұл жағдайда тұңғыш бала ата-ананың назарын, қамқоры кездейсоқ жаңа туылғанға ауысады, және осы тәжірибе тұңғыш баланың когнитивті, мотивациялық дамуын стимулдайды, өйткені бала өз ата-анасының қамқорына, махаббатына бөлену үшін жақсы, ақылды, жемісті болуға тырысады.

Дегенмен, егер тұңғыш баланың эмоционалдық депривациясы тым күшті болып, ал оның ресурсы шектеулі болса, бұрын қалыптасып қойған дағдылар бұзылып, регрессивті мінез-құлық пайда болуы мүмкін. Мысалы, ол өзбетінше тамақ ішуді, төсекке жатып ұйықтауды «ұмытып», оның вербалды дағдылары мен «дәретханаға» бару дағдылары жойылуы мүмкін.

«детронизация» тәжірибесінің негізінде бала, кейінірек ересек

• Беделді фигураны ренжітуден, қателік жіберіп алудан қорқады;

• Ол өз ата-анасының эмоциясын «келбеттерінен оқуды» ерте үйренеді, сондықтанда басқа адамдардың эмоциясына сезімтал болып келеді;

• Ол ата-аналарының фигурасына идентификацияланған және басқалармен ата-анасы сияқты байланысқа түседі;

• Тұңғыш баланың басқаларға қамқорлық көрсетуде, шешім қабылдауда, жауапкершілікте, лидерлікте тәжірибесі мол.

Сиблингтік ұстанымдағы адамның ересектік жағдайының нәтижесінде «тұңғыш баланы» біз әлеуметтік, саяси, ғылыми бірлестіктерді басқарушы адамдардың арасынан көптеп кездестіреміз.

Амарика президентінің жартысы және астронавтардың 23-ң 21-і отбасының тұңғышы немесе жалғызы болған (Ричардсон Р., 1994).

Ағайындылардың ішіндегі үлкен ағасы еркектерді басқаратын болады (әскери, халықаралық, саяси ұйымдар), **қыздардың үлкен ағасы** - әйелдердің бірлестігін (мектепті, аурухананы) және ары қарай бейнеленген логикаға сәйкес басқарады.

Отбасылық өмірде тұңғыш бала ерлі-зайыптылыққа, рөлге қарағанда ата-анаға жақын болып келеді.

Сиблингтік ұстанымдардың ішіндегі нәтижелісі «некедегі ортаншы бала».

Негативті мәліметтерді келтіруде аса маңызды, яғни тұңғыш балалар қиын балалардың тобын құруда да маңызды орын алады; ол мүмкін ата-аналарының шамадан тыс үміт артуынан немесе «детронизация» тәжірибесін сәтсіз нәтижесінен болар.

Екінші бала (ортаншы бала)

- Ересектерге және беделді фигураларға тәуелді,
- Жиі көмекке жүгінеді,
- Көп жағдайда басқалардың қолдауына мәжбүр,
- Әділетсіздікке өте сезімтал,
- Оған қатысты басқалардың қателіктеріне, өтіріктеріне.

Сондай-ақ ол өзінің жасына қарай өзін епті, үлкен ағасымен салыстырғанда өзінің аз білетінін мойындауға мәжбүр, ол үлкеннің көлеңкесінде қаладыда ортаншы өзін сезінетін болады

- Жарқын, өзіне сенімді,
- Бірақ ағасы ерекшеленбейтін салаларда қаблеттілік тантуы мүмкін,
- Коммуникабельді,
- Дипломатиялы,
- Топта нәтижелі жұмыс атқарады.

Кенже бала

• «оны ешкім шалмайды» деген мағынада ерекше сиблингтік ұстанымда болады,

• Ол әрқашан кенже болып қалады,

• өзін қартайған шағына дейін барлығының сүйіктісі деген сезімін сақтап қалады,

• қамқорға бөленген, сондықтанда оның сезімдері қауіпсіз, қорғанысы ересектік өмірде де сақталып қалады.

Балалар, кейінірек ересектердің кенже бала–адамдар сиблингтік ұстанымында

• айқын жағымды эмоцияны иемденеді,

• жақсы көңіл-күйде болады,

• балалық манипуляцияға бейім (өз дегеніне жету үшін ернін бұртиту, ренжу тенденциясы).

Жалпы жетістікке жету мотивациясына қатысты әдебиеттерде екі сценарилер бейнеленеді. Көп балалы отбасынан шыққан кенже балалар сайысқа түссе, жетістікке жету мақсаты өте жоғары болады. Егер «жанына жақындардың» махаббатына бөленіп, өзін өте жақсы сезінсе, онда жұмысты орындау және жеңу дағдылары қалыптаспай, ересектік өмірге аяқ басқанда сәтсіздікке ұшырап, тіпті ішімдікке салынуы мүмкін.

Сиблингтік ұстанымы бар адамдар («кішкентайлар») некелік қатынасы сәтсіз, тұрмысты сирек құрады, ерлі-зайыптылық жағдайында олардың некесі қысқа мерзімді болады.

Жалғыз бала сиблингтік ұстанымды ұстанады, үлкен баланың ұстанымына жақын болады, өйткені ата-ана соған үміт артады, кішкентайлық ұстанымда кездеседі – себебі ол жалғыз өзінен кіші ағаларымен, апайларымен бәсекелестікке түспейді.

Бұл көбіне –

• интеллектуалдық қаблеттері дамыған табысты бала,

• өзімшіл,

• коммуникативтік қаблеттері жеткілікті дамымаған бала,

• қамқорлық дағдылары қалыптаспаған,

• аффилиациялық (басқаларды қабылдауы) қажеттілігі өте төмен.

• Басқаларға қарағанда қателік жіберіп алудан аз қорқады.

Сиблингтер бәсекелесі – арнайы әдебиеттерде жиі бейнеленіп жүрген феномендерді Г.Т. Хоментаскас (1989) толықтай көрсеткен. Сиблингтердің өзара қатынасы өмір барысында аз зерттелген. Ересек ағайындылар кәрі және науқас ата-аналарымен байланысты отбасылық дағдарыс кезінде бірігеді.

Пысықтау сұрақтары:

-сиблингті ұстаным дегеніміз не?

-тұлғалық қалыптасуда сиблингтік қатынастардың ерекшелігі неде?

5.2. Өзара қатынас психологиясы және көпбалалы отбасындағы балалардың психикалық дамуы

Көпбалалық қазіргі уақытта – сирек жағдай.

Көпбалалы отбасындағы балаларды зерттеу көрсеткендей, бір немесе екі балалы отбасылармен салыстырғанда бұл балалардың **психодиагностикалық тесттердегі көрсеткіштер төмен**. Олар:

- Интеллектке,
- Шығармашылық қаблетке, әлеуметтік бейімделуге,
- Сөйлеудің дамуына,
- Психикалық денсаулығына қатысты.

Жеткілікті түрде нақты дәлелденбеген фактілердің көмегімен алынған нәтижелерді түсіндіру үшін экономикалық, физиологиялық, генетикалық сипаттағы болжамдар алға тартылды.

Ерекше зейінді американ авторлары **Р.Зайонц пен Х.Маркустың «Отбасының тәрбиелік және интеллектуалдық ресурстар» болжамына** аударуға болады.

Осы болжамның негізінде отбасының интеллектуалдық ресурстары оның мүшелері интеллектілерінің санын отбасы мүшелерінің санына бөлуден шығарылады. Осыған байланысты отбасының интеллектуалдық ресурсы әр келесі баланың

туылуымен төмендеп, ал ол араласқан органың байлығы төмендейді. Бұл жерде әрине, екі ата-анасы бар нуклеарлы отбасы жайлы айтылып отыр; егер отбасының ата-аналық ресурсы басқада қатысушылармен толықтырылса, онда бұл заңдылық күшіне енбейтін болады.

Пысықтау сұрақтары:

-көпбалалы отбасындағы бала тәрбиелеудің жағымды жағымсыз ерекшеліктері?

-үлкен отбасында тәрбиеленетін баланың психологиялық ерекшеліктері неде?

Отбасы құрылымының психологиялық ерекшеліктері

Ұсынылып отырған әдістер арқылы отбасы құрамын, шегін және құрылымын анықтауда: топтасуын(эмоционалды байланыс, жақындық және отбасы мүшелерінің бір-біріне үйренісуі), иерархия (сатылы), шекара, коммуникация сипаты, отбасының бір –біріне икемділігі мен болады.

6.1.1Отбасына бейімделу мен топтасу шкаласы.Faces-3 сауалнамасы

Отбасына бейімделу мен топтасу шкаласы қалыпқа түсірілген сауалнама, мақсаты-отбасы құрылымын бағалау. Сауалнама авторлары

Д.Х. Олсон, Дж Портнер, И. Лави [3]. 1986 жылы алғаш бейімдеуге М. Перре ұсынған

Сұрақнамада отбасы мінез-құлқын үш негізгі шамада: топтасуы, бейімделуі және коммуникациясы жинастыра «дөңгелек моделі» қарастырылады.

Отбасы топтасуы: отбасы мүшелерінің эмоционалды көңіл –күйде бір-бірімен байланысуы, оған мынадай белгіде көрсеткіштер : эмоционалды байланыс, отбасылық шекара, уақыт, шешім шығару, достары, қызығуы мен демалуы қарастырылады.

*Отбасы бейімделуі:*Отбасы мүшелері стестік жағдайға қаншалықты икемді (иілгіш) немесе кертартпалық қасиеттері бойынша бейімделуі

Оның көрсеткіш белгілері : отбасында көшбасшы, бақылаушы, тәртіп, ереже және ролдері.

«*Дөңгелек моделі*»отбасылық топтасуды 4денгейде қарастырады: төтенше жағдайдың төмендігінен оның жоғарылауына дейін,осыған сәйкес аталуы: бытырау, бөлектеу, байланысу және тұтасу

Сауалнама авторлары теңдестікте және соңғы деңгейдегі отбасы топтасын және бейімделуін анықтауда-отбасы жүйесінде қызметтің жетістігін көрсетеді.

Алдымен сауалнаманы жүргізбес бұрын зерттеуші мен қатысушы арасында өзара сенім қалыптасу қажет. Егер сауалнаманы отбасы мүшелері бірге отырып, жұмыс жасай толтырса, ол психологқа қосымша мәлімет алуға: коммуникациясын, мінез-құлық ерекшеліктерін бақылауға септігін тигізеді.

Сауалнаманы жүргізер алдында түсіндіріп өтеді. Ал орындаубарысында кездескен сауалнамадағы түсініксіз жерлерді, психолог қосылмай өзара түсіндіруіне мүмкіндік туғызғаны жақсы.

Нұсқау:Бұл әдістемені 12 жастан жоғары отбасы мүшелерінің бәріне жүргізуге болады.Зерттеуді отбасы мүшесінің бәрімен толық жүргізгені абзал, ол коммуникацияерекшелігін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді.

Әдістеме сипаттамасы: Сауалнаманың жауабын бекітуі 5 ұпайды шкаладан тұрады.

- Ешқашанда
- Сирек
- Оқтын-оқтын
- Жиі
- Барлық уақытта

Бұл әдістеме екі рет қолданылады : біріншіде сіз «шыннайы» өміріңізде отбасы мүшелерін қалай бағалайсыз, екінші қандай болса деп өзгеруін армандайсыз «идеалды»деңгейде бағалауға әкелдіру, екеуінде де осы сұрақнама беріледі.

Отбасына бейімделу мен топтасу шкаласы.Faces-3

Вариант «А»-шынай өміріңізді бағалап жазуыңызды өтінемін.

Вариант «В»-идеалды өмірін жазуын сұрану.

Аты жөні _____

Жасы _____

Зерттеу уақыты _____

Бекітулер	Ешқашанда	сирек	Оқтын-оқтын	жиі	Барлық Уақытта
1.Бізде отбасы мүшелері бір-бірінен көмек сұрай алады.					
2.Мәселені шешубарысында балалардың ұсыныстары да ескеріледі.					
3.Біз достарымыздың отбасы мүшелерін мақұлдап ,қолдап отырамыз					
4.Балалар өз еріктерінше дербес мінез-құлық түрлен таңдай алады.					
5.Біз тар шеңберде өз отбасымызбен қарым-қатынасқа түскенді жоғары бағалаймыз					
6.Біз кез-келген отбасы мүшесі көшбасшы бола алады.					
7.Біздің отбасы мүшелері өз ортамызға карағанда, бөгде адамдармен етене жақын болады .					
8. Біздің отбасымызда күнделікті айналысатын тірлік өзгеріп отырады.					
9.Біз бос уақытымызды бірге өткізуді ұнатамыз					
10.Отбасында жаза қолдану ата-ана мен балалар арасында бірге талқы-ланып отырады					
11.Отбасы мүшелері бір-біріне өте жақын екендігін сезінеді.					
12.Біздің отбасымызда шешімді көбінесе ата –анамыз шығарады.					
13.Отбасылық мерекелерде барлығы бірге болып, қатысуға ат салысады.					
14.Біздің отбасындағы ереже өзгеріп отырады.					
15.Біз отбасында қалай бірге отырып, шешім шығаратынымызды елестету қиынға түседі					
16.Отбасында күнделікті орындалатын жауапты әрекеттер әрдайым бір-бірімізге ауысып отыады.					
17.Біз шешім шығарарда бір-бірімізбен ақылдасып, кеңесеміз.					

18.Отбасында кімнің көшбасшы екенін айту қиын.

19.Бірлік –отбасымыз үшін маңызды

20.Отбасы мүшелерінің үйде қандай жұмысты атқаратыны туралы айту қиын

өңдеу және нәтижені көрсеткіштері:

1. *Отбасы құрылымының түрлерін анықтау.* Өңдеу барысында жұп және тақ сандар бойынша нәтиже көрсеткіші жеке қосылады. Тақ сандар нәтижесі қосындысы –отбасы топтасуын білдіреді, ал жұп сандар отбасы бейімділігін анықтайды. Отбасы жүйе түрлерін екі жақтың топтасу мен бейімделу қосындысын ала отырып, бағалауды қалыпқа сай көрсеткіштерде берілген(№2-кесте)

2. *Отбасы өміріне қанағаттану деңгейін анықтау.* Екі жауаптың реалды және идеалды бағалау айырмашылығынан байқалады. Қазіргі таңда эмпирикалық нормада идеалды және идеалды көзқарас арасында көп алшақтық байқалмайды. Жоғары бағалау отбасында төмен қанағаттану деңгейін білдіреді. Топтасуы мен бейімделу арасында алшақтықтың болуы мүмкін, нәтижесінде отбасы қанағаттану деңгейін бақылаймыз. (кесте№1).Әдістемені кеңінен қолдану мүмкіндігіне , диагностикалық шек шкаласы Белгілер : х- орта көрсеткіштер Sd- қалыпты ортадан төмен ауытқу

Шкаланы бағалау көрсеткіштері (кесте№1)

№	Диагностикалық көрсеткіш	№ бекітуі	Шкала
1	Эмоционалды байланыс	1,19,11	Отбасылық
2	Отбасы шегі	5, 7	Топтасу
	Шешім шығаруы	17	
	Уақыты	9	
	Достары	3	
	Қызығуы мен дем алуы	13,15	
	Көшбасшылық	6,18	Отбасылық
	Бақылау	2,12	Бейімделу.
	Тәртіп	4,10	
	Ролдер	8,16,20	
	Ереже	14	

Зерттеудің нақты көрсеткіш нәтижесі дағдарыста жүрген отбасына, болжам жасауға, алдағы жүргізілетін жұмыстарға бағыт береді және соған қажетті деген психологиялық көмек көрсетіледі. Отбасы бұзылысын әдістеме арқылы анықтау,

психологиялық алдын-алу жұмыстарына, тәуекел топтарына психокоррекциялық жұмыстар жоспарлауға мүмкіндік береді. Тәуекел тобын регидті құрылымдағы жағдайға тез бейімделе алмайтын отбасылар құрайды, отбасы стрестік деңгейде көрінеді, ол отбасы дамуында ролдері мен міндеттерін орындай алмауға әкеледі. Бұл құрылым дағдарыс кезеңдерінің өтуілуіне, отбасы циклымен дұрыс дамуына кедергі келтіретін болады.

Бағалау нормасы және орташа көрсеткіштері: (№2-кесте)

Басты көрсеткіштері.	Жетілген		Жеткіншектегі		Жас шаңырақ	
	Х	sd	х	sd	х	sd
Топтасу	39,8	5,4	37,1	6,1	41,6	4,7
Бейімделу	24,1	4,7	24,3	4,8	26,1	4,2
	Дәреже	%	Дәреже	%		%
Т о п т а с у						
Бытырау	10-34	16,3	10-31	18,6	10-36	14,9
Бөлектеу	35-40	33,8	32-37	30,3	37-42	37,2
Байланысу	41-45	36,3	38-43	36,4	43-46	34,9
Тұтасу	46-50	13,6	44-50	14,7	47-50	13,0
Бейімделу						
Жекелену	10-19	16,3	10-19	15,9	10-21	13,2
Құрылымдық	20-24	38,3	20-24	37,3	22,26	38,8
Икемді	25-28	29,4	25-29	32,9	27-30	32,0
Былыққан	29-50	16,0	30-50	13,9	31-50	16,0

«Отбасылық социограмма» жобалау тесті

«Отбасылық социограмма» тесті телімелі тесттердің қатарына жатады. Оның авторлары Э.Г.Эйдемиллер және О.В.Черемисин болды. Ол субъектінің тұлғааралық қатынастағы орнын анықтауға, отбасындағы коммуникация сипатын - тікелей немесе аралық , анықтауға мүмкіндік береді.

Әдістеменің мазмұны. Сыналушыларға диаметрі 110 мм. болатын шеңбер салынған бланк парағы беріледі. Содан соң нұсқау беріледі: «Парақ бетінде шеңбер салынған оның ішіне өзіңізді және отбасы мүшелерін дөңгелектер үлгісінде бей-

нелеңіз де, аттарын жазып қойыңыз». Отбасы мүшелері бұл тапсырманы бір – бірімен кеңеспестен орындайды.

Нәтижелерді талдау. Авторлар ұсынған критерийлер бойынша тестілеудің бағалауы жүргізіледі:

1. Шеңбер аймағына енген отбасы мүшелерінің саны;
2. Дөңгелектердің көлемі;
3. Дөңгелектердің орналасу қатынасы;
4. Арасындағы қашықтық;

Бірінші критерий нәтижелері бойынша, зерттеуші сыналушының бейнелеген отбасы мүшелерінің санын шынайы санымен салыстырады. Мүмкін, бұл сыналушының қақтығысты қатынастағы отбасы мүшесі болуы мүмкін, ол үлкен шеңберге кірмей қалады, «ұмытылып» кетеді. Осы арада басқа бір жануар, зат немесе адам отбасы мүшесі ретінде бейнеленеді.

Содан соң біз дөңгелектердің көлеміне назар аударамыз (2-ші критерий бойынша). «Мен» дөңгелегі басқаларға қарағанда үлкен болса, жоғары немесе жеткілікті деңгейдегі өзіндік баға, ал көлемі кішкентай болса, өзіндік бағаның төмен деңгейінің белгісі. Басқа отбасы мүшелерінің көлемі сыналушы көзқарасымен олардың мәнділігін білдіреді.

Келесі кезекте дөңгелектер шеңбердің шекарасына қатысты және бір – біріне қатысты орналасуына назар аудару қажет (3-ші критерий). Сыналушының өз дөңгелегін шеңбер ортасына орналастыруы тұлғаның эгоцентрикалық бағыттылығын білдіреді, ал өзін басқа отбасы мүшелерінен төмен немесе шет жағында бейнелеуі эмоциялық шеттелуді уайымдауына сілтейді.

Неғұрлым маңызды отбасы мүшелері үлкен дөңгелектер бейнесімен шеңбердің жоғарғы аймағында немесе орталық бөлігінде бейнеленеді.

Төртінші критерий бойынша дөңгелектер арасындағы арақашықтықты талдау арқылы да көп мәлімет алуға болады. Бір дөңгелектің басқалардан қашықтау орналасуы отбасында қақтығыстық қатынастарды, сыналушының эмоциялық шеттелуін сипаттайды. Дөңгелектердің бір-бірімен қиылысуы «Мен» құрылымының дараланбағанын, симбиотикалық байланысты білдіреді.

«Отбасылық социограмма» тестін қолдану аз уақытта, «қазір және осы жерде» отбасындағы қарым-қатынас туралы түсініктерді байқауға болады.

Бұл әдістемені жүргізудің әртүрлі нұсқалары бар. Мысалға, И.М. Никольская отбасылық диагностика барысында сыналушыға отбасылық социограмманың бірнеше нұсқасын салуды ұсынады:

1. Стандартты социограмма, онда сыналушының өзі және отбасы мүшелері бейнеленген.

2. нақты отбасы мүшелері бейнеленбеген немесе отбасына қатысы жоқ адамдар және объектілердің бейнеленуі көрінген социограммалар.

3. отбасы өмірінің әртүрлі кезеңдеріне қатысты социограммалар.

Бұл әртүрлі отбасы құрамындағы шынайы қарым – қатынас жүйесінің ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Алынған социограммаларды салыстыру және біріктіре отырып талдау психолог пен отбасы мүшелеріне мәселені жан – жақтан көруге мүмкіндік береді, оның нәтижесінде нақты диагноз қоюға және қиын жағдайдан тиімді түрде жол табуға ықпал етеді.

«Отбасының кинетикалық суреті» жобалау тесті

Телімелі тест зерттеленетін баланың оқиғаны субъективті қабылдауы туралы мол ақпарат береді. Ол баланың отбасы мүшелеріне қатынасын, сурет салушыны үрейлендіретін отбасылық қарым-қатынастарды, өзінің отбасындағы орнын қалай қабылдайтынын айқындайды.

Бұл телімелі тесті қолданған кезде ескеру қажет: әр сурет баланың отбасын қабылдауы ғана емес, оның қарым-қатынастарды талдауға, қайта ойлануға көмектесетін творчестволық жұмыстың нәтижесі. Бұл мағынанда отбасы суреті қазіргі кездегі отбасы түрін емес, болашақтағы қатынасын көрсетеді.

Телімелі тест 2 бөліктен тұрады: отбасы суретін салу және суретті салып болғаннан кейін әңгімелесу. Тесті орындау үшін балаға бір парақ қағаз, қалам және өшіргіш таратылуы қажет.

Отбасы кинетикалық суретінің симптомокомплексы

Симптомокомплекс	Симптом	Бал
1. Қолайлы отбасылық жағдай	1. Отбасы мүшелерінің жалпы іс-әрекеттері	0,2 0,1
	2. Суретте балалардың көптігі	
	3. Отбасы мүшелерінің барлығының бейнеленуі	0,2 0,2
	4. Бөлектенген отбасы мүшесінің болмауы	0,1 0,1
	5. Штрихтардың болмауы	
	6. Сызықтың жақсы сапасы	0,2
	7. Дұшпандылық көрсеткіштерінің болмауы	0,1 -
	8. Паракта адамдардың теңбе-тең қойылуы	
	9. Басқа да мүмкін болатын белгілер	
	2. Үрей	1. Штрихтау
2. Негізгі сызық – еден		0,1
3. Сурет үстінде сызық болуы		0,1
4. Сызықтың қатты сызылуы		0,1
5. Өшірілуі		0,1; 2
6. Бөлшектерге назардың көп бөлінуі		0,1
7. Заттардың көп болуы		0,1
8. Екулік және үзілмелі сызықтар		0,1
9. Бөлек заттардың астын сызуы		0,1
10. Басқа да мүмкін болатын белгілер		0,1
3. Жанжалдық	1. Тұлғалар арасындағы тосқауыл	0,2
	2. Жеке тұлғаларды өшіру	0,1; 2
	3. Кейбір денелерде негізгі мүшелерінің болмауы	0,2
	4. Жеке тұлғаларды бөлу	0,2
	5. Жеке тұлғаларды оқшалау	0,2
	6. Жеке тұлғалардың қолайсыз үлкендігі	0,2 0,1
	7. Суреттік вербалды сейкессіз бейнесі	0,1
	8. Заттардың көптігі	
	9. Отбасы мүшелерінің кейбіреулерінің жоқтығы	0,2 0,1
	10. Арқасымен тұрған отбасы мүшесі	-
4. Өзін толықтырылмаған сезіну	11. Басқа да мүмкін болатын белгілер	
	1. Сурет авторы басқаларға қарағанда өте кішкентай	0,2
	2. Денелердің парактың төменгі жағында орналасуы	0,2

	3. Сызық әлсіз, үзілмелі	0,1
	4. Өзін басқалардан бөлек салу	0,1
	5. Тұлғалардың кіші болғаны	0,1
	6. Басқа тұлғаларға карағанда өзін әрекетсіз етіп салу	0,1
	7. Өзінің жоқтығы	0,2
	8. Өзі артқа қарап отырғанын салу	0,1
	9. Басқа да мүмкін болатын белгілер	-
5. Отбасылық жағдайда дұшпандылығы	1. Бір тұлға басқа парақта немесе парақтың екінші жағында	0,2
	2. Тұлғаның басқыншылық қалыпы	0,1
	3. Сызылып тасталынған тұлға	0,2
	4. Түрі өзгерген тұлға	0,2
	5. Теріс профилі	0,1
	6. Қолдары екі жақта орналасқан	0,1
	7. Саусақтары ұзын, сызылған	0,1
	8. Басқа да мүмкін болатын белгілер	-

Зерттелушіге нұсқау: «Отбасыңның суретін сал, отбасыңның әрбір мүшесі бір нәрсемен айналысқан болсын». Қалған нақты сұрақтарға ешқандай нұсқауларсыз жауап берген жөн. Мысалы: «Салуыңа болады, өзіңе қалай ұнаса, қалай салғың келсе».

Сурет салу кезінде баланың айтқан әр бір сөзін жазып отыру керек, оның мимикасын, қолдарының қимылын және сурет салу ретін жазып отыру керек.

Сурет салынып біткеннен кейін, баламен келесі жүйе бойынша әңгімелесу өажет:

- Суретте кім салынған және отбасының әр мүшесі не істеп тұр

- Отбасы мүшелері қай жерде оқиды немесе жұмыс істейді

- Үйде тұрмыстық міндеттер қалай таратылады

- Баланың отбасының әр мүшесімен қарым-қатынасы қандай

ЖКС интерпретациясы кезінде келесі көріністерге назар аударылуы керек:

- отбасы суретінің құрылымын талдау;

- отбасы мүшелерін жеке сурет ерекшелігін талдау;

- сурет салу процесін талдау.

Отбасы суретінің интерпретациясының әрбір көрінісін толық талдайық.

1. Бала отбасы мүшелерін толығымен салмайды. Ол жанжалдық қатынаста болған отбасы мүшелерінің суретін салмайды. Отбасы мүшелерінің орналасуы олардың өзара қарым қатынасын көрсетеді. Кейбір кездері отбасы мүшелерінің арасына оларға кедергі болатын бір заттар суреті салынады. Отбасы мүшелерінің бірігіп қызмет істеуі олардың жағымды қарым-қатынаста екендігін көрсетеді. Кейде бірнеше отбасы мүшесі бірігіп қызмет істейтіні бейнеленеді. Бұл отбасында ішкі топтасу бар екендігін көрсетеді.

Отбасының суретін салған кезде, кейбір балалар өзін парақтың астыңғы жағында бейнелейді. Бұл балада бір жетіспеушіліктің барын көрсетеді.

Кейбір суреттерде адамдар емесе заттар, көп жағдайда жиһаз суреттері басым болады. Бұлда баланың отбасы жағдайымен мазасыз екендігін көрсетеді.

2. Бала суретте ең алдымен өзі жақсы көретін отбасы мүшесін бейнелейді. Егерде бала біреуді ұнатпайтын болса, оны суретте толықтырмай, кейде негізгі дене мүшелерін салмай бейнелейді.

Егер бала қатынасы жанжал немесе үрейлі болатын болса, ол суретте қарым-қатынасы дамымаған отбасы мүшесін штрихтап салады. Ұқсас жағдайларда өшіру және қайта салуды аңғаруға болады.

Сурет салудың бірнеше түрін байқауға болады, ол жасы кіші балаларда ерекше байқалады, бір стильде әкесі мен ағасы, екінші стильде анасы мен әпкесі бейнеленеді. Әсіресе шаш пен киім бейнеленуі ерекшеленеді. Баланың өзінің бейнесін салу, өзін кімге теңейтіні көрінеді және ол баланың жынысына теңбе-тең.

3. Сурет салу процесін талдау баланың отбасылық қарым-қатынасы жөнінде ақпарат беріп қана қоймай, оның жұмыс стилін де көрсетеді. Мектеп оқушылары мен жеткіншектер сурет сала алмайтындығын айтса, оны түсінуге болады. Психолог балаға түсіндіруі тиіс, бұл тапсырмада суретті әдемі салу мақсат емес, отбасы мүшелерінің қызметін ойлап табу мақсат.

Көптеген сылтаулар, қолмен салған суретін жабу, бұл баланың өзіне өзі сенбеуін, ересек адамнан көмек қажеттілігін көрсетеді.

Бала өзі жақсы көретін отбасы мүшесін бірінші салады. Бір тұлғаны салар алдында біраз үзіліс те болады. Кейбір жағдайларда бұл баланың ол отбасы мүшесіне негативті қатынасын білдіруі мүмкін. Түсінік берген кезде баланың отбасы мүшелеріне деген қарым-қатынасы айтылуы мүмкін, бірақ тестті орындау кезде психолог баламен әңгімелеспей жөн.

ЖКС үшін сандық мағалар жүйесі құрастырылған. 5 симптомдар айқындалады: 1) қолайлы отбасылық жағдай; 2) үрейлік; 3) жанжалдық; 4) өзін толықтырылмағанын сезіну; 5) отбасы жағдайындағы дұшпандық.

Балдар сомасы қаншалықты көп болса, соншалықты белгінің айқын болғаны. Белгінің айқындалуы 0 ден 3 ке дейін мағаланады. Алынған нәтижелер психолог үшін психокоррекциондық жұмысқа және бала мен отбасын ары қарай диагностикалауға негіз болады.

ЖКС нәтижелер бағаларын тіркеу бланкісі

Баланың аты-жөні _____

Туылған күні _____

Зерттеу мерзімі _____

Симптомокомплекстің балдар сомасы

қолайлы			өзін	
отбасылық	үрейлік	Жанжалдық	толықты-	отбасы
жағдай			ылағанын	жағдайындағы
			сезіну	дұшпандық

Балаларға әлеуметтік – психологиялық зерттеуді жүргізу негіздері

Балаға зерттеу жүргізу барысында келесі аспектілер бойынша мәлімет жинау керек:

- өмір сүру шарттары;
- отбасылық және әлеуметтік байланыстар;
- дене және психикалық саулық ;
- бала тұлғасының ерекшеліктері, мінез – құлық қасиеттері;

- оқу іс - әрекетінің ерекшеліктері (оқуға қатынасы және оқудағы жетістіктері)

- ересектер мен құрдастарымен қарым – қатынас ерекшеліктері;

- өзі - өзіне қызмет көрсету дағдыларының деңгейлері;

Әлеуметтік – психологиялық зерттеу нәтижелері бойынша балалардың жекелік және мінез – құлықтық ерекшеліктері анықталады.

Баланың өзіндік санасы құрылымының ерекшеліктері:

- өз қасиеттері, қабілеттері және мүмкіндіктері жайлы түсініктері;
- өзіндік баға деңгейі;
- жыныстық – рольдік идентификация;

Эмоциялық даму ерекшеліктері:

- сезімдері мен уайымдарын сөзбен сипаттай білу іскерлігі;
- эмпатияға қабілеті;
- әлеуметтік эмоциялардың қалыптасуы;
- кобалжу деңгейі;
- агрессия деңгейі(сөздік және дене агрессиясы);
- қызбалылық деңгейі;

Қарым – қатынас ортасының ерекшеліктері:

- коммуникативті хабардарлық деңгейі;
- өз іс - әрекетін отбасы мүшелерінің іс - әрекетімен сәйкестендіре білу;
- қақтығыстық жағдайларды шешуге дағдылардың болуы;
- отбасы жүйесіне бағыттала білу;

Бала қажеттіліктері:

- базалық физиологиялық қажеттіліктердің қанағаттандырылу деңгейі;
- әлеуметтік қажеттіліктердің қанағаттандырылу деңгейі (сүйіспеншілікте, достықта, адамдармен қарым - қатынасында);
- өзін - өзі жетілдіру қажеттіліктерінің қанағаттандырылуы деңгейі(өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін дамыту).

Көркем сурет әдістемесі

Бұл әдістеме сезімдік ерекшеліктерді айқындауға бағытталған. Баланың қолданатын түстер гаммасы оның сезімдік күйі жөнінде көп нәрсені айтып бере алады. Түстік қалауларды айқындау, көпке мәлім Люшер тестіне негізделген. «Көркем сурет» тесті арнайы құралдарды қажет етпейді. Бұл тест бастауыш мектеп оқушыларына арналған, өйткені оларға белгілі және табиғи бейнелеу қызметінде негізделген. Тестті орындау үшін бір парақ қағаз (баланың алдына қойылады) және түрлі-түсті қаламдар(он екі қаламнан аз болмасын, 24 түстен тұратын қаламдар жиынын қолданған өте жақсы) қажет.Түрлі түсті қаламдар фломастерлерден жақсы, өйткені түстің тығыздығын түрлендіруге мүмкіндік береді.

Нұсқау. «Түрлі түсті қаламдармен өзің қалаған бір әдемі сурет сал». Сурет салу кезінде баланың түрлі түстердің қолдану ретін жазып отыру қажет.

Нәтижелер интерпретациясы (түсіндіру)

Нәтижелерді интерпретациялау кезінде суреттің жалпы түстердің үндестігі бағаланады. Жұмыс басында баланың қолданған түстері, ең көрнекі түстер. Қараңғы түстерді қолдануы көңіл күйінің төмендеуінің белгісі. Үнемі тек қараңғы түстерді қолдануы депрессияның клиникалық түрі кезінде байқалады. Осы жерде қара түстің үйлесімдері қоңыр мен сия көк түстері қолданылатыны көрінеді.

Түстер гаммасының кедейленгені түстің

«Шварцландердің моторлық сынау» әдістемесі

Мақсаты – талаптану деңгейін анықтау.

НұсқауТапсырма моторлық үйлестік тест ретінде беріледі. Зерттелушіге тәжірибе сынау санына байланысты төрт төрт-бұрыш секциясы бар іс-қағаз беріледі. Берілген уақытта төрт-бұрыштардың біреуінің ішіндегі квадраттардың көбін бегілеп шығу қажет. Зерттеленушіден 10 секундтың ішінде қанша квадрат белгілей алатынын атауын сұрайды. Ол жауабын бірінші төртбұрыштың жоғарғы үлкен ұяшығына жазады.

Зерттеушідің айтуымен басталатын және бітетін сынаудан кейін зерттеленушінің қанша квадрат белгілегені саналады және бірінші төртбұрыштың астыңғы үлкен ұяшығына жазылады. Осы жүйе сияқты қалған сынаулар жүргізіледі, үшінші сынауда уақыт 8 секундқа азаяды. Бұл тапсырма мақсаттық айырмашылықты зерттеуге арналған.

I.

уш

уді

II.

УП2

УД2

III.

УП3

УД3

IV.

УП4

УД4

V.

УП5

УД5

Нәтижелер талдауы

Мақсаттық айырмашылықтың орташа көлемі талаптану деңгейі (ТД) мен жетістік деңгейін (ЖД) салыстыруды топшалайтын формула бойынша есептеледі.

$$MA = ((ТД2 - ЖД1) + (ТД3 - ЖД2) + (ТД4 - ЖД3)) / 3$$

Мақсаттық айырмашылық стандарты : 5 және одан жоғары болса, талаптанудың мүмкін емес өте жоғары деңгейі.

4,99-3 – талаптанудың жоғары деңгейі

2,99-1 – талаптанудың орташа деңгейі

0,99-(-1,49) – талаптанудың төмен деңгейі

(-1,50) және төмен – талаптанудың мүмкін емес өте төменгі деңгейі

Нұсқау

Талаптанудың деңгейі дегеніміз, қиыншылықтарға қарамастан адамның қабілеті жететін мақсатқа жетуге тырысу. Баланы тірбиелегенде талаптану деңгейін ескеру қажет, өйткені оның баланың қабілетіне сай болуы – жеке тұлғаның үйлесімді жетілуінің бір шарты. Оның сәйкес болмауы, баланың өзімен және басқа да адамдармен жанжалдасуының қайнар көзі болып табылады, бұл баланың жетілуінің ауытқуына әкеліп соғады.

Бұл тест талаптану деңгейін жылдам диагностикалау болып табылады. Әдістеме зерттенушілердің көбіне қолданылуы мүмкін, оның ішіне өзінің уақытын секінді ішінде жоспарлай білетін ересек адамдар мен жас балалар.

Тұлғалық қасиеттерді анықтауға арналған балалар сұрақнамасы (Холл және Халберштат)

Мақсаты – мектеп жасындағы балалардың жыныстық ерекшелікке даралығын анықтау, ер және әйелдік көрсеткіштердің қатынасы.

Нұсқау

Берілген тұжырымдар бойынша өзіңізге қатыстылықты бес балдық шкаламен бағалаңыз.

2. Менің ойлап тапқаным әрдайым ерекше және қайталанбас болып келеді.

3. Мен басқа адамдарға көп көмектеспеймін.

4. Мен басқа адамдарға қатты тілектес боламын.

5. Мен басқа адамдарға қатысты әрдайым мейіріммен қараймын.

6. Мен өзіме маңызды адамдарға қолымнан келгеннің барлығын істеуге тырысамын.

7. Мен мейірімді адаммын.

8. Мен өнер мен музыканы қатты ұнатамын.

9. Мен кішкене балаларды қатты ұнатамын.

1. Маған шешім қабылдау қиын тудырады.
2. Барлық жағынан, көптеген құрдастарыма қарағанда, мен мықтымын.
3. Мен барлығын өзім істеуге, ересектер мен басқа балалардан көмек сұрамауға тырысамын.
4. Қиын жағдайларда әрдайым іс - әрекетті ойластыруға бейім боламын.
5. Мен оңай жеңіле саламын.
6. Өз достарымның арасында әрдайым алда жүруге тырысамын.
7. Мен өзім сенетін нәрсені қорғап шығуға тырысамын.
8. Басқа адамдардың ықпалымен өз пікірімді жеңіл ауыстыра саламын.

Алғашқы сегіз сұрақ әйелдік сипаттағы сұрақтарды мазмұндайды. 2 пункттен басқасының барлығынан жоғары бағалар әйелдік сипатқа қарсы келеді. 2 пунктінің төмен бағасы әйелдік сипаттың көрсеткішін береді.

Келесі сегіз сұрақ тобы – ерлік шкаласы. Ерлік көрсеткіштері ретінде 1,5,8 пункттер бойынша төмен бағалар және сұрақнаманың қалған пункттері бойынша жоғары бағалар сипатталады.

Ерлік және әйелдік қасиеттер шкалалары бойынша бағалар өзара байланыста болады. Бұл дегеніміз, егер әйелдік сипат бойынша бағалар жоғары болса, онда ерлік сипат бойынша бағалар міндетті түрде төмен болуы қажет емес. Балаларда екі шкала бойынша да жоғары немесе төмен көрсеткіш болуы мүмкін, және де бір шкала бойынша төмен көрсеткіш болса, екінші шкала бойынша жоғары көрсеткіш те көрінуі мүмкін. Екі шкала бойынша да төмен немесе жоғары көрсеткіш алған баланы андрогенді деп атайды. Тұлға қасиеттерінің психологиялық саулыққа қосатын үлесі оның мәдени топтардағы бейімделген құндылықтары мен нақты әлеуметтік шарттарымен анықталады.

Айзенк сауалнамасы (жеткіншектер-12-17 жас аралығына)

Мақсаты – бала темпераментінің ерекшеліктерін айқындау.

Нұсқау: Сіздің іс-әрекеттеріңіздің ерекшеліктері жөнінде сізге бірнеше сұрақтар беріледі. Егер сұрақтың жауабы келісетін болса, «+» белгісін қой, егер келіспеймін болса, «-» белгісін қой. Жауапты ойланбай тез беру керек, өйткені бірінші әрекетіңіз маңызды.

Сауалнама мәтіндері:

1. Өзіңнің айналаңда шуды және әбігершілікті ұнатасың ба?
2. Сені жұбататын достарыңды жиі қажет етесің ба?
3. Сабақта отырмаған кезінде сенен бір нәрсе сұрағанда жауапты тез таба аласың ба?
4. Сен кейде ашуланшақ боласың ба немесе ызаланасың ба?
5. Сенің көңіл күйін жиі өзгеріп тұрады ма?
6. Саған достарыңмен кездескеннен, жалғыз болған ұнайды ма?
7. Түрлі ойлар сенің ұйықтауыңа кедергі жасайтын кездер болады ма?
8. Саған айтқандың дәл солай істейсің бе?
9. Басқалармен әзілдескенді ұнатасың ба?
10. Еш себепсіз өзінді бақытсыз сезіндің бе?
11. Сен көңілді адамсың ба?
12. Мектеп ережелерін бұзған күндерің болды ба?
13. Сені көп нәрсе ашуландырады ма?
14. Жылдамдықты керек ететін жұмыстарды ұнатасың ба?
15. Бола жаздаған бірақ соңы жақсы біткен оқиғаларды көп уақыт уайымдап жүресің бе?
16. Саған сеніп кез келген құпияны айтуға болады ма?
17. Зерігіп отырған балалардың көңілін көтере аласың ба?
18. Кейбір кездері еш себепсіз жүрегің қатты соғады ма?
19. Біреумен достасу үшін бірінші қадам жасайсың ба?
20. Өтірік айтқан кездерің болды ма?
21. Сен істеген жұмысыңынан адамдар кемшілік тапса қатты ренжисің бе?
22. Достарыңмен қызық әңгімелер айтып, әзілдескенді ұнатасың ба?

23. Еш себепсіз шаршайсың ба?
24. Сен бірінші сабағыңды орындап сосын ойнайсың ба?
25. Сен әдетте разы емес көңілдісің, солай ма?
26. Көп ренжисің ба?
27. Басқа балалармен ойнағанды және әңгімелескенді ұнатасың ба?
28. Тұрмыста жақындарыңа көмектесесің бе?
29. Басыңның айналған кездері болады ма?
30. Біреулерді ыңғайсыз жағдайға қоғанды немесе біреуге күлгенді ұнатасың ба?
31. Бір нәрседен жалыққан кездерің жиі болып тұрады ма?
32. Мақтанғанды ұнатасың ба?
33. Басқа балалардың арасында үндемей тұрасың ба?
34. Сен қатты толқығаннан бір орында отыра алмай кететін кездерің болады ма?
35. Бір нәрсеге тез шешіле аласың ба?
36. Мұғалім жоқ кезде сабақ уақытында шулайсың ба?
37. Қорқынышты түстерді жиі көресің бе?
38. Бәрін ұмытып, достарыңның арасында жақсы көңіл көтеріп отырасың ба?
39. Сені ренжіту оңай ма?
40. Біреуді жамандаған күндерің болды ма?
41. Өзіңді бейқам, қамсыз деп санайсың ба?
42. Өзің ыңғайсыз жағдайға түскен кезінде көп уақыт уайымдап жүресің бе?
43. Шулы және қызықты ойындарды жақсы көресің бе?
44. Саған ұсынған тамақтың барлығын жей бересің бе?
45. Сенен бір нәрсе сұранса жоқ деп жауап беру қиын ба?
46. Қонаққа жиі барғанды ұнатасың ба?
47. Өмір сүргің келмей кететін кездерің болады ма?
48. Ата-анаңа дөрекі болған кездерің бар ма?
49. Сені көңілді адам деп санайды ма?
50. Сабағыңды орындаған кезінде көңілің басқа жаққа алаңдайды ма?
51. Үлкен думанға қатыспай, жанынан қарап отырғанды ұнатасың ба?
52. Түрлі ойлардан ұйықтай алмайтын кездерің болды ма?

53. Саған тапсырылған жұмысты орындай алатынына сенімдісің ба?
54. Жалғысырау сезімде боласың ба?
55. Бейтаныс адамдармен бірінші сөйлеуге ұяласың ба?
56. Кеш болғанда бір нәрсе істеуді жиі шешесің бе?
57. Саған баланың біреуі айқайласа сенде оған айқайлайсың ба?
58. Кейбір кездері еш себепсіз өзінді қайғылы немесе көңілді сезінесің бе?
59. Қонақта, шыршада шын риязлық алуға болады деп есептейсің бе?
60. Бір нәрсені ойламай істегеніңе жиі толқисың ба?

Кілт:

1. Экстрроверсия – интроверсия:

«ия» («+») 1, 3, 9, 11, 14, 17, 19, 22, 25, 27, 30, 35, 38, 41, 43, 46, 49, 53, 57.

«жоқ» («-») 6, 33, 51, 55, 59,.

2. Нейротизм

«ия» («+») 2, 5, 7, 10, 13, 15, 17, 18, 21, 23, 26, 29, 31, 34, 37, 39, 42, 45, 50, 51, 52, 56, 58, 60.

3. Өтірік көрсеткіші

«ия» («+») 8, 16, 24, 28, 44

«жоқ» («-») 4, 12, 20, 32, 36, 40, 48.

Нәтижелер бағасы

Экстра – интроверсия шәкілінің бағлау кестесі

Интроверсия		Экстраверсия	
Едәуір	Орташа	Едәуір	Орташа
1-7	8-11	12-18	19-24

Нейротизм шәкілінің бағлау кестесі

Сезімдік салмақтық		Сезімдік салмақсыздық	
Едәуір	Орташа	Едәуір	Орташа
1-10	11-14	15-18	19-24

Мәліметтер түсініктемесі

Әдістеме 3 шекілден тұрады – экстраверсия-интроверсия, нейротизм және ерекше шекілдер, олар зерттелушінің зерттеуге қатынасы мен адалдық бағалауға арналған.

1. Экстраверсия-интроверсия

Типтік экстравертке мінездеме бергенде, оның адамдармен үйрлігін, таныстарының көптігін, қарым-қатынасты қажет етуін белгіленеді. Экстраверт жағдайға байланысты әрекеттер жасайды, серпінді, ашушаң. Ол қамсыз, оңтайлы, көңілді, мейірбан. Сезімі қатаң бақылауда емес, тәуекелді қылықтарға бейім. Оған әр уақытта сенуге болмайды. Типтік интроверт – ол тынық, ұялшақ, интроектті адам, өз-өзін талдауға бейім. Ұстамды, өзін туысқандарынан басқа адамдардан алысырақ ұстайды. Өзінің іс-әрекеттерін алдын ала жоспарлайды, кенеттілікке сенбейді, шешім қабылдауға байсалды қарайды, барлық кезде тәртіпті ұнатады. Өзінің сезімдерін бақылайды, оны ашыландыру оңай емес. Өнегелі нормаларды бағалайды, түңілуші.

2 Нейротизм – сезімдік тұрақтылық

Сезімдік тұрақтылықты немесе тұрақсыздықты сипаттайды. Сезімдік тұрақтылық – ұйымдастырушылық іс-әрекеттерді, стресстік және кәдімгі жағдайларда жағдайлық мақсаттықты сақтауда көрінеді. Ержетумен, жақсы бейімделумен, қатты қызулықтың, мазасыздандудың болмауымен, сонымен бірге адамдармен үлесуімен, озаттықпен сипатталады. Нейротизм тұрақсыздықта, қатты ашышандылықта, бейімделуінің нашарлығында, көңіл-күйдің тез өзгеруінде, ұиытшақтықта, мазасыздандуда және кінә сезімінде, қамсыздандуда, депрессияларда, стресті жағдайларда тұрақсыздықта байқалады. Сезімділік, серпінділік, адамдармен қатынаста ашушандылық, ықыласының өзгеруі, әсерлілігі, өзіне сенімсіздік нейротизмге сай сезімдер. Нейротизм шәкілінде үлкен көрсеткішке ие адамдарда жағымсыз стресті жағдайларда невроз дамуы мүмкін.

Экстра-интроверсия шәкілінің орташа көрсеткіштері: 7-15 балл. Нейротизм шәкілінің орташа көрсеткіштері: 8-16 балл.

Егер адалдық шәкілінің көрсеткіштері 10 балдан асқан болса, онда зерттеу нәтижелері дұрыс емес және зерттелуші сұрақтарға ашық жауап беруі тиіс деп есептеледі.

Жүйке жоғары қызметінің физиологиясынан мәліметтерді ала отырып, Айзенк Павловтың күшті және әлсіз түріндегі адамның экстраверттік және интроверттік түрлері сай келеді деп гипотеза береді. Интро- және экстраверсияларының табиғаты орталық жүйке жүйесінің туа байда болған қасиеттерінде көрінеді. Осылайша, Экстра-интроверсия шәкілінің мәліметтерін қолдана отырып, Павлов таптастыруы бойынша адамның темперамент көрсеткіштерін шығаруға болады. Ол төрт классикалық түрлерді бейнелеген: сангвиник (орталық жүйке жүйесінің негізгі қасиеттерінен күшті, салмақты, еті тірі деп сипатталады); холерик (күшті, салмақсыз, еті тірі); флегматик (күшті, салмақты, салғырт); меланхолик (әлсіз, салмақсыз, салғырт). Кестеде темперамент түрлерінің сауалнама шәкілдерімен ара қатынасын көруге болады:

ТҰРАҚСЫЗ

Оңай абыржиды
Мазасыз
Ойлануға бейім
Пессимисті
Ұстамды
Адамдарға үлессіз
Тыныш

Белсенді
Сезімталды
Тынышсыз
Қозмалы
Өзгермелі
Тұрақсыз
Серпінді
Оптимистік

Интроверттік

Меланхолик
Флегматик

Холерик
Сангвиник

Экстраверттік

Енжар
Сақ
Ақылды
Мейірбан
Бейбітшілік сүйгіш
Еркін
Басқара алатын
Сенімді
Тынық
Тұрақты

Адамдармен үлесті
Қатынасты
Сөзшең
Ықыласты
Еркін
Жарқын
Қамсыз
Ынталы

Сауалнама парағы

Аты, тегі, әкесінің аты _____

Мерзім _____

Жасы _____

Білімі _____

№	Жауап Иә	Жоқ	№	Жауап Иә	Жоқ	№	Жауап Иә	Жоқ
1			21			41		
2			22			42		
3			23			43		
4			24			44		
5			25			45		
6			26			46		
7			27			47		
8			28			48		
9			29			49		
10			30			50		
11			31			51		
12			32			52		
13			33			53		
14			34			54		
15			35			55		
16			36			56		
17			37			57		
18			38			58		
19			39			59		
20			40			60		

Тест «Адам суреті»

«Адам суреті» әдістемесі баланың жеке ерекшеліктері жөнінде ақпарат алудың ең оңай рәсімі болып саналады. Адам денесін немесе мүшелерін бөлек салу сипатының негізінде баланың жеке дамуының жалпы беталысын байқауға болады. Айттып өту керек, бұл әдістеме баланың психологиялық келбетін толығымен бейнелеп бере алмайды, оның нәтижелері басқа әдістемелердің нәтижелерімен толықтырылуы және нақтылануы мүмкін.

Нұсқау: «адам суретін сал». Бала суретті қарапайым қара қаламмен салады. Бала суретті салып болғаннан кейін, одан

салынған «адам»жөнінде сұраған жөн. Біздің көңілімізді алған мәселе жөнінде сұрақ қоюға болады (тек баламен сезімдік жақын қатынас болған жағдайда), олар тура болмай («ол кіммен дос?», «оның достары көп пе?», «ол төбелеседі ма?» және т.б.) , жанама болуы тиіс («сен қалай ойлайсың, ...?», «саған қалай көрінеді, ...?»). мектеп жасына дейінгі балалардың өзіндік ерекшелігіне қарай, сұрақтарды балама түрде қойылуы дұрыс: «сенің ойыңша, ол біреумен дос па жоқ па?» немесе «саған қалай көрінеді, ол төбелескенді ұнатады ма жоқ па?» және т.б.

Айта кеті керек, әдістеменің жобалық мүмкіншіліктері балалардың жасымен шектеулі (5 жасқа дейінгі балаларға арналған жобалық әдістеме ретінде қолданылады).

Баланың әлеуметтік қатынасты қажет етуі, одан алған сезімдік тәжірибесі және шыққан мәселелердің бейнеленуі оның басқа адамдармен және өзіне деген қарым-қатынасының қалыптасуында білінеді.

Осының бәрі суреттегі адамның қолын салғанда білінеді. Тағы бір рет ескерту қажет, баланың қатынас кезінде байқалатын ерекшеліктерінің нәтижелері тек расталуды және нақтылауды қажет ететін топшылама ретінде қабылдануы тиіс.

Егер бала адам қолын ең соңында бейнелесе, онда ол әлеуметтік қатынастардан қорқады деп топшалауға болады.

Қолдары екі жаққа кең қойылғаны әлеуметтік қатынастың кең өрісін қажеттігін көрсетеді.

- Төмен түскен қолдар, керісінше – қатынасының тар екендігін көрсетеді (бұл ерекшелік баланың әлеуметтік қатынасының сезімдік тереңдігін сипаттамайды).

- Екі жаққа кең қойылған қолдар мен қол басының үлкейтілгені бейнеленсе, баланың қатынасымен қанағатсыздығын, айналасындағылармен қарым-қатынасының нашарлығын көрсетеді.

- Қолы төмен түскен және қол басының жақсы бейнеленген адам суреті, баланың қатынасты таңдайтынын көрсетеді.

- Суретте адамның қолының басы жоқтығы немесе редуцивті, баланың қатынас практикасының төмендеуін көрсетеді. Алайда қатынасты қажеттік төмендемейді. Ол өте жоғары болуы мүмкін.

- Екі жаққа кең қол басынсыз салынған қолдар (әсіресе қолдар өте ұзын болып келсе), бала қатынасы кең, бірақ формальды және жанама деп есептелінеді.

- Қолы төмен түскен адамның қолының басы жоқ болса, қатынас қажеттілігінің төмендеуі сезімдік кедейлігімен үйлескен. Бұндай қатынас сипаты баланың сезімдік дамуының бұзылуымен байланысты.

- Қолдың ұзындығы тәуелсіздік қажеттілігінің көрсеткіші болып табылады: қол қаншалықты ұзын болса, қажеттілік те соншалықты көп.

- Қолдың басы жұдырық түрінде немесе саусақтар таяқша ретінде салынған болса, басқыншылық тенденция белгісі.

- Егер бала қолдарды штрихтесе немесе мүлдем салмаса, әлеуметтік қатынастардың қиыншылығын көрсетеді.

Кіндік салынуы, эгоцентризм көрінісін түсіндіреді. Эгоцентризм мектеп жасына дейінгі балалардың жастық ерекшелігі деп қарастырылады, бірақ бұл жерде эгоцентризм жеке ерекшелік сипаттамасына ие және жеке тұлғаның өзімшілдік бағытымен байланысты.

Адамның басы қырынан немесе адам арқасымен салынса бұл баланың жабықтылығын, қатынастарға түспейтіндігін көрсетеді. Бұл қатынас қажеттілігінің төмендеуі емес, қатынас кезінде қиыншылықтардың салдарынан пайда болатын негативті күйзелулерден қорғаныс.

Жер сызығының бейнеленуі – баланың қорқыныш, сенімсіздік басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіндегі нақты жағдайын көрсететін сезімінің көрсеткіші (зерттеушінің міндеті – отбасында немесе топта, осындай қорқыныш сезіміне себепші болған қарым қатынасты анықтау).

Егер бала өзінің сенімсіздігінен қарым-қатынасы тар болса, онда адам суреті «портрет» түрінде немесе басқа да шектеулермен шектеледі (мысалы тереземен).

Баланың басқалармен қарым-қатынас талдауының нәтижелерін оның сезімдік фонының сипатының мәліметтерімен салғастыру керек.

«Адам суреті» әдістемесінің көмегімен қарым-қатынас өрісін зерттеуде оның мүмкіншіліктері баланың жеке дамуының демонстративтілігі, басқыншылық, үрейлілік сияқты жалпы тенденцияларын айқындауға көмегін тигізеді.

Демонстративтік.

Демонстративті балалар ойындарда өте табысты, олар түрлі қызық ойын ұсына алады. Сондықтан олармен құрдастары жиі қарым-қатынасқа түседі, бұл олардың қарым-қатынаста табысты деген әсер беруі мүмкін. Алайда бұндай балдардың көңіл қажеттілігінің жоғарылығынан проблемалар пайда болуы мүмкін.

Егер жобалық әдістемелер тапсырмаларының нәтижелерінде бала қарым-қатынасында проблемалар, жанжалдар бар екендігі айқындалса, көңіл бөлу қажеттілігі толығымен қанағаттандырылмайды.

Баланың демонстративті тенденциясы біріншіден адам денесінің сәнділігі көрсетеді (көйлектің сәнділігі, тәж, жіне т.б. – қыздардың суреттерінде, көптеген әр түрлі қалталар, тігістер, бір түрлі қалпақтар – балалар суреттерінде). Демонстративтілікті бейнелейтін персонаждардың әдеттіліксіз, стандарттылықсыз көрсетеді.

Демонстративтілікті пішін мөлшері де көрсетеді. Сурет соншалықты үлкен болуы мүмкін, бала оны бітіру үшін орын таппайды.

Жоғарыда қарастырылған сурет ерекшеліктерінде айқындалатын демонстративті тенденцияларды демонстративті «елестетуге қашу» түрінен айыра білу қажет. Мұндай жемонстративті түрі балалар қарым-қатынасы төмен. Көңіл қажеттілігін сезе отырып, өздеріне тән қорқыныш сезімінен олар қарым-қатынасын дамыта алмайды, ал демонстративті тенденциялары елестету жоспарына ауысады.

Көңіл бөлінуден тарыққан балалар өтірік айта бастайды, бұл басқа балалардың оларға теріс қарауын тудырады, сонымен бірге ата-анасымен қарым-қатынасында қызбалық пайда болады.

Адам суретін салғанда, бұндай балалар, өзін ханзада түрінде салады, өзінің бейнесін сәндеуге тырысады. Ол кезде суреттің сәнділігі шыдамды сипатта салынған, одан жеке дамудың төмендігін кездестіреміз, негізінен қорқыныш көрсеткіштері. Нәтижелерді өңдеу және интерпретациялау. Барлық сұрақтарға жауап беріп болған соң, алдыңғы сұрақтамалар сияқты «иә» немесе «жоқ» жауаптарының жалпы санын есептеп шығарыңыз. «жоқ» деген жауаптардың саны көп болған сайын бала өзінің үлкен әпкесі мен ағасына қызғанышпен қарау сезімі жоғары болады. Әсіресе бала үшін «жоқ» жауабы 6-дан немесе 60% көп болғанда ең жағымсыз жағдай болады.

«Отбасындағы балалардың арасындағы бәсекелестік деңгейін анықтау шкаласы»

Әдістеменің мақсаты – отбасындағы балалардың өзінің кіші бауырына қызғаныштық дәрежесінің, бір – біріне бәсекелестік деңгейінің диагностикасы. Берілген сұрақнама мектепке дейінгі, кіші мектеп жасындағы және орта мектеп жасындағы балаларға арналған.

А нұсқауы: «Төменде келтірілген сұрақтарға «иә» немесе «жоқ» деген нұсқада өз жауабыңызды беріңіз. Жауап нұсқасының астын сызып қойыңыз»

№ 1 Сұрақнама бланкісі

Егер саған байланысты болса, онда сен.....

1. Әрдайым кіші бауырыңмен (қарындасы,сіңлісі) бірге ойнар едің - иә, жоқ.
2. Өзіңнің жақсы көретін ойыншықтарыңды берер едің – иә, жоқ.
3. Оны өзіңмен бірге серунге алып шығар едің – иә, жоқ
4. Оны басқалардан қорғап жүрер едің – иә, жоқ
5. Оны қарайтын едің – иә, жоқ
6. Оны анаң мен әкеңе мақтайтын едің – иә, жоқ
7. Оның бар болғанына қуанар едің – иә, жоқ
8. Ол үйде жалғыз қалмасын деп, жанында отырар едің - иә, жоқ
9. Ертегі оқып берер едің - иә, жоқ
10. Оны бала бақшаға немесе мектепке алып барар едің - иә, жоқ

Нәтижелерді өңдеу және талдау. Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін, «иә» және «жоқ» нұсқасындағы жауаптардың жалпы саны есептеледі. «Жоқ» жауаптарының басымдылығы, баланың өз кіші інісіне немесе қарындасына қызғанышты қатынасын білдіреді. «Жоқ» жауабының 6-дан жоғары болуы немесе 60%-ті құрауы бала үшін ерекше қолайсыз жағдай.

Үлкенбауырларына қызғаныш сезімі мен балалар арасындағы бәсекелетік деңгейінің әртүрлі жастарға арналған сұрақнамасы арқылы анықтауға болады.

Нұсқау Б сұрақнаманың әр пунктіне бала нақты иә немесе жоқ деп жауап беруі қажет

№ 2 сұрақнама бланкісі

Егер саған байланысты болса, онда сен....

1. Өзіңнен үлкен бауырыңның бар болғанына мақтанасың-иә, жоқ
2. Одан үлгі алып жүруге ынталысың- иә, жоқ
3. Онымен жақсы дос болар едің- иә, жоқ
4. Үлкен ағаң бар екені жайлы барлығына айтар едің- иә, жоқ
5. Оны анаң мен әкеңе мақтар едің- иә, жоқ
6. Сабағын дайындауға кедергі келтірмейтін едің- иә, жоқ
7. Ата-анаң ол жайлы шағымдар айтпайтын едің- иә, жоқ
8. Үйде барлық шаруаларды орындауға көмектесер едің-иә, жоқ
9. Онымен барлық тәттіні бөлісер едің- иә, жоқ
10. Барлық жақсыны соған берер едің- иә, жоқ

Нәтижелерді өңдеу және талдау: Барлық сұрақтарға жауап берілгеннен кейін , «иә» және «жоқ» жауаптарының жалпы санын есептеу қажет. «Жоқ» жауаптарының саны неғұрлым көп болса, соғұрлым баланың үлкен ағасына немесе әпкесіне қызғаныш сезімінің деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Әсіресе «жоқ» жауаптары 6 немесе 60%-дан көп болса, қиын жағдайды болжайды.

Тұлғаның агрессивтілік деңгейін анықтауға арналған Басс- Дарк сауалнамасы

Отбасында зорлықтың бар болуы агрессивті мінез - құлықтың қалыптасуына жағдай жасайды. Агрессивті мінез құлықтың бұл адам іс-әрекетінің ерекше бір түрі, ол күштің басымдылығы мен басқа адамдарға күш көтсетумен сипатталады.

Агрессивті мінез- құлықтың нақты көріністерінің пайда болуын түсіну үшін агрессивті акт отбасы мүшесінің аффективті жағдайының нәтижесі тепе-теңсіз қорғаныс реакциясы ма, әлде ол мақсатқа бағытталған мәнге ие ме соны біліп алған жөн. Көптеген зерттеушілер ағылшын әлеуметтанушысы Г.Вильсонның айтуымен келіседі. Яғни, қазіргі замандағы зорлық бұл өзінің бейімделуіне қиын болған әлеуметтік орта шарттары мен әртүрлі стрестік факторларға наразылық көрсететін, жеке тұлғаның нервотикалық қарсылығының 1 түрі болып табылады. Сондықтан да біз агрессивті мінез- құлықты бейімдеуге қарама-қарсы ұғым ретінде қарастырамыз [12]

Бейімдеу іс-әрекеті бұл адамның от басы мүшесі мен сипаттайтын өзара іс-әрекеті. Баланың немесе ата-ананың жоғары агрессивтілігі отбасы іс-әрекетіне әсер етіп, оның мүшелері арасында бақталастық, жан-жалдың туындауына жағдай жасайды.

Агрессивті мінез – құлықтың төмендегі типтерін бөліп көрсетуге болады: 1) Вербальды агрессия; басқа адамдарға деген өатынасында өз агрессиясын вербальды, сөзбен, сөздік қор кемсітулерді қолдану арқылы көрсетеді. 2) Физикалық агрессия; басқа адамдарға деген қатынасында өзінің агрессиясын физикалық тұрғыдан көрсетіп, тіпті күш көрсетуі де мүмкін. 3) Заттық агрессия; адам өз агрессиясын айналадағы заттарға шығарады. 4) Эмоционалды агрессия; басқа адамдармен қарама-қарсылықта шеттетілу, икемдену, өштесу, қабылдамау сезімдері пайда болады. 5) өзіндік агрессия; адам өзімен-өзі келісімді өмір сүре алмайды, оның «Мен» қорғаныс механизімі әлсіреген немесе тіпті жоқ, ол агрессивті ортада қорғансыз болып қалады.

1.3. Қосымшасында Басса-Дарк сауалнамасы берілген оның негізгі мақсаты – тұлғалық агрессивтілік деңгейін бағалау.

Ата-ананы психологиялық зерттеуден өткізу негіздері

Ата-ананы диагностикалық зерттеуден өткізу негізінде 2 міндет жатыр олар:

1. Ата-ана көзқарасынан «ата-ана-бала» жүйесіндегі тұлға аралық қатынасты зерттеу.
2. Ата-ана қабілеттерін анықтау

Э.Г.Эйдемиллердің ЖТТ (Отбасылық тәрбиелеудің талдамы) сауалнамасы

ЖТТ сауалнамасы отбасылық тәрбиелеудің түрлерін диагностикалау және оны бұзуының сипаттамасы. Отбасылық тәрбиелеу бұзылуының келесі түрлері диагностикаланады:

I. Деңгей протекциясы – бала тәрбиесіне ата-ананың қанша күш және уақыт бөледі:

- 1) гиперпротекция (тым артық) – Г+ шәкілі;
- 2) гипопротекция (жетіспейтін) – Г- шәкілі.

II. Қажеттіліктерді қанағаттандыру дәрежесі – баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруда ата-ананың қандай мөлшерде қызмет жасайды.

- 1) теңдесу ыңғайы (баланың барлық қажеттіліктерін жоғары деңгейде және қарсыласпай қанағаттандыруға ата-аналардың ұмтылуы) – У+ шәкілі;
- 2) баланың қажеттіліктерін елемеулік (баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруда ата-ананың ұмтылуы жеткіліксіз) – У- шәкілі.

III. Отбасында балаға талап деңгейі. Олар міндеттері, жаза, тыйым салу түрінде шығады.

- 1) Міндет-талаптарының артықшылығы психожарақат қауіпін көрсетеді – Т+ шәкілі;
- 2) Міндет-талаптарының кемшілігі баланы белгілі бір жұмысқа тартуды қиындатады – Т- шәкілі;
- 3) Тыйым салу-талаптарының артықшылығы эмансипация реакциясын қалыптастырады немесе үрейлі күмәншіл акцентуация және сенситивті дамуына келтіреді – 3+ шәкілі;

- 4) Тыйым салу-талаптарының кемшілігі мінез-құлықтың тұрақсыздық, гипертимдік түрлерін дамуын ынталандырады – 3-шәкілі;
- 5) Мақұлдаудың артықшылығы – іс-әрекеттің кішкене де болса бұзылуына әрекеттену артықшылығы – С+ шәкілі;
- 6) Мақұлдаудың кемшілігі – мадақтауға үміттену, кез келген жазалаудың нәтижелілігінде күмәндану – Н шәкілі.

Нәтижелер кесте түрінде дайындалады:

Отбасы тәрбиелеу түрлерінің диагностикасы

Бұзу сипаты	Жақтау деңгейі	Қажеттілікті қанағаттандыру толықтығы	Қойылған талаптар дәрежесі	Тайым салу дәрежесі	Мақұлдау каталдығы
Отбасы тәрбиелеу бұзуды түрлері	П(Г ⁺ Г ⁻)	У	Е	3	С
Потворствті гиперпротекция	+	+	-	-	-
Басым гиперпротекция	+	±	±	+	±
Сезімдік терістеу	-	-	+	+	+
Қаталдық	-	-	±	±	+
Гиперпротекция	-	-	-	-	±
Моральдік жауапкершіліктің артықшылығы	-	-	+	±	±

Жауаптар бланкісі

V	21 22	41 42	61 62	81 82	Е± 7 Г- 8
X	23 24	43 44	63 64	83 84	У+ 6 У- 4
4					
5	25	45	65	85	Т+ 4
6	26	46	66	86	Т- 4
7	27	47	67	87	3+ 4
8	28	48	68	88	3- 3
9	29	49	69	89	С+ 4
10	30	50	70	90	С- 4
11	31	51	71	91	Н 5
12	32	52	72	92	РРЧ 6
13	33	53	73	93	ПДК 4
14	34	54	74	94	ВН 4
15	35	55	75	95	ФУ 6
16 17	36 37	56 57	76 77	96	НРЧ 7 ПНК 4
18	38	58	78	97 98	ВК 4
19	39	59	79	99	ПМК 4
20	40	60	80	100	ПЖК 4
101	107	113	119	125	г+
102	108	113	120	126	г-
103	109	115	121	127	у+

104	110	116	122	128	РРЧ
105	111	117	123	129	ФУ
106	112	118	124	130	НРЧ
Бала неше жаста					

Валидизация әдісінің барлық шәкілдерінің мәліметтері: $r=0,56$; $\rho=0,60$; $p=180$; $p=Ж=0,01$; $p<0.01$.

Ескерту: + тәрбиелеу түрінің артықшылығын анықтайды; - кемшілігін анықтайды; \pm тәрбиенің бұл түрінде артықшылық та кемшілік те болуы мүмкін.

Тәрбиелеу түрінің бірнеше түрі тұрақты үйлесуде болса, бұл тәрбиелеудің мақсаттылық типін береді.

Отбасылық тәрбиелеу бұзушылықты таптастыру келесі түрде болады:

Потворсттік протекция (Г+, У+, Т-, З-, С- шәкілдерінің үйлесуі). Жеткіншек отбасы назарының ортасында, олар баланың барлық қажеттіліктерін жоғары деігейде қанағаттандыруға тырысады. Бұл тәрбиелеу түрі жеткіншекте гипертимдік және қыр көрсеткіш мінез-құлқының дамуына әкеліп соғады.

Басым гиперпротекция (Т+, У \pm , Т \pm , З \pm , С \pm). Жеткіншек әлі де отбасы назарының ортасында, олар балаға барлық күш-жігерін жұмсайды, баланы тәуелсіздіктен айырады, көптеген тыйымдар мен шектер қояды.

Сезімдік терістеу. (Г \pm , У-, Т \pm , З \pm , С \pm). Бұл «Золушка» типтес тәрбиелеу түрі.

Моральдік жауапкершіліктің артықшылығы (Г-, У-, Т+). Бұл тәрбиелеу түрі балаға қойылған талаптардың артықшылығы мен ата-ананың оған деген назарының кемшілігінің үйлесуімен сипатталады.

Гиперпротекция (гипоколдау) (Г-, У-, Т-, З-, С \pm).. Жеткіншек өзіне өзі берілген, ата-анасы баланы бақыламайды, бала оларды қызықтырмайды.

Дұрыс тәрбиелемеу себептері алуан түрлі. Кейде бұл отбасы өміріндегі теңбе-тең тәрбиелеуді қалыптастыруға кедергі жасайтын нақты бір жағдайлар болып келеді. Жиірек ата-аналардың педагогикалық мәдениетінің төмендігі. Екінші жағдайда ата-аналардың жеке ерекшеліктері тәрбиелеу процесінің бұзуы-

на себепші болады. Көп жағдайларда ата-аналар бала есебінен өздерінің жеке мәселелрін шешкісі келеді. Бұл мынада айқындалады:

- ата-ана сезім өрісінің үлкеюі (РРЧ шәкілі)
- жеткіншекте жас бала қылықтарын қалау (ПДК шәкілі)
- ата-ананың тәрбиелеу сеніміздігі (ВН шәкілі)
- баланы жоғалту қорқынышы (ФУ шәкілі)
- ата-аналық сезімінің дамымауы (НРЧ шәкілі)
- бала жынысына қатысты ата-ананың құрылуының жылжуы (ПЖК шәкілі - әйелдік сапасын қалау, ПМК шәкілі – еркектік сапасын қалау)
- өзінің қажетсіз сапаларын жеткіншекке проекциялау (ПНК шәкілі)
- ерлі зайыптылар арасындағы жанжалды тәрбиелеу өрісіне шығару (ВК шәкілі)

Қандай бұзылыстар ата-аналардың осындай қарым қатынастарын шақырады? Артқан протекцияны немесе керісінше гипопротекцияны, сезімдік терістеу және каталдық. Тәрбиелеу түрінің карама-қайшылығы да болуы мүмкін.

Сауалнамамен қолдану ережелері.

Ана немесе әке сауалнаманы толтырмай тұрып, олармен сенімді психологиялық қарым-қатынас құруға талпыныңыз. Ата-аналар өзінің жауаптарында ашық болуы тиіс.

Әр сұранушы жауапты тіркеу бланкісін және сауалнама тексті алады. Сауалнама басында жазылған нұсқауды оқып, ата-аналардың бәрін дұрыс түсінгеніне сенімді болыңыз. Жауапты тіркеу бланкісін толтыра бастаған кезде артық ешқандай түсіндірулер немесе ұсыныстар беру қажет емес.

Нәтижелерді өңдеу. Жауапты тіркеу бланкісінде бір шәкілде тиесілі сандар, санауды тездетету үшін бір қатарда орналасқан. Белгіленген сандарды санаңыз. Жауапты тіркеу бланкісінде тік сызықтан кейін әр шәкілге диагностикалық мағынасы көрсетілген. Егер юелгіленген сандар саны диагностикалық мағынаға жетсе немесе асып кетсе, онда тексерілуші ата-ананың тәрбиелеуде ауытқу түрі анықталды деп есептеледі.

Сызықтан кейінгі әріптер – берілген әдістемелік ұсыныстарда қолданылатын шәкілдердің қысқа аттары. Кейбір шәкіл-

дер аттарының асты сызылған: бұл көлденең жолдағы нәтижеге қосымша шәкілдегі нәтижені қосу керек деген, қосымша шәкіл бланктің төменгі жағында көлденең сызықтың астында орналасқан және негізгі шәкіл әріптерімен белгіленген.

Бірнеше шәкілдерде ауытқу байқалса, «Отбасы тәрбиелеу түрлерінің диагностикасын» қолданған жөн. Бұл зерттелуші отбасының тәрбиелеуде ауытқу түрін тура анықтауға көмек береді.

Ата-аналарға арналған ЖТТ сауалнамасы Жеткіншек нұсқасы

Қымбатты ата-ана! Сізге берілген сауалнамада бала тәрбиелеудегі бекітулер жазылған. Бекітулер нөмірленген. Сондай нөмірлер «Жауаптар бланкісінде» де бар.

Сауалнамадағы бекітулерді кезекпен оқыңыз. Егер сіз бекітумен келіссеңіз, «Жауаптар бланкісіндегі» бекітудің нөмірін дөңгелетіп белгілеңіз. Егер таңдау қиынға соқса, нөмірдің үстіне сұрай белігісін қойыңыз. Сауалнамада «дұрыс» немесе «дұрыс емес» бекітулер жоқ. Өзіңіз қалай ойлайсыз, солай жауап беріңіз. Бөліп жазылған бекітулерге әкелер жауап бермесе де болады:

1. Істегенімнің бәрін, балам үшін істеймін.
2. Баламмен бір қызық нәрсемен айналысу үшін, бір жерге бірге бару үшін, қызық бір нәрсе туралы сөйлесу үшін менің уақытым жетпейді.
3. Басқа ата-аналар рұқсат бермейтін нәрсеге мен балама рұқсат етемін.
4. Балам маған сұрақтарымен келгенін ұнатпаймын. Өзі аңғарса жақсы.
5. Біздің бала басқа балалардан қарағанда үйдегі міндеттері көп.
6. Менің балама үйде тірлік істету өте қиын.
7. Ата-анасының көзқарасының дұрыстығын баланың ойламағаны дұрыс.
8. Балам үйге өзі қалаған уақытта келеді.

9. Егер балаңның адам болып өскенін қаласаң, оның бірде бір жаман қылығын жазасыз қалдырмауың қажет.
10. Мүмкіндігінше баламды жазаламауға тырысамын.
11. Көңіл күйім көтеріңкі болған кезде баламның басқа уақытта жазаланатын қылығын кешіремін.
12. Баламды жарымнан да жақсы көремін.
13. Жас балаларды жеткіншектерден қатты жақсы көремін.
14. Егер балам ұзақ уақыт қыңырланса немесе ашуланса, оған қарай жаман қылық жасау сезімі туады.
15. Көп уақыт күткенімен, бізде бала болмады.
16. Баламен қарым-қатынас - өте бір қиын нәрсе.
17. Баламның кейбір қылықтары мен мінезі мені өзімнен шығарады.
18. Егер маған жарым кедергі болмағанда, баламның тәрбиесі әлде қайда жақсы болар еді.
19. Әйелге қарағанда еркектің көбісі жеңілтек болады.
20. Еркектерге қарағанда әйелдің көбісі жеңілтек болады.
21. Менің балам мен үшін - өмірімнің ең маңыздысы.
22. Кейбір кездері баламның қайда жүргенін білмеймін.
23. Балама қымбат болғанның өзінде де қалаған киімін алып беруге тырысамын.
24. Балам түсіңсіз. Оған бір рет түсіндіргеннен, өзің екі рет істегенің жақсы.
25. Кейде балама өзінің кіші інісіне (сіңілісіне, қарындасына) қарап отыруға тура келеді.
26. Балама бір нәрсені істеуі туралы қайта-қайта есіне түсіремін, ақырында барып өзім істеймін.
27. Ата-аналар өзінің кемшіліктері мен әлсіздігін балаларына білдіртпеуі тиіс.
28. Менің балам кіммен дос болуы туралы шешімді өзі қабылдайды.
29. Балалар ата-анасын жақсы көріп қана қоймай, қорқуы тиіс.
30. Мен баламды өте сирек ұрысамын.
31. Біздің балаға деген қаталдығыңызда шамалы тербелістер болады. Кейде біз өте қаталмыз, ал кейде бәрін рұқсат етеміз.
32. Балам мен күйеуімнен қарағанда, біз баламыз екеуміз бір бірімізді жақсы түсінеміз.

33. Баламның ерте ертежетуі мені қатты ренжітеді.
34. Егер бала ауырып тұрғанда қырсықса, оның айтқанын істеген дұрыс.
35. Менің балам әлсіз және аурушаң болып өсті.
36. Егер менің балаларым болмағанда, мен өмірде үлкен биіктіктерге жететін едім.
37. Мен қаншалықты күрессем де, менің баламның жойылмайтын әлсідіктері бар.
38. Мен баламды жазалаған кезімде, менің жарым мені кінәлап баламды жұбата бастайды.
39. Әйелдерге қарағанда, еркектер жұбайылық опасыздыққа бейім.
40. Еркектерге қарағанда, әйелдер жұбайылық опасыздыққа бейім.
41. Баламды қамқорлау уақытымның көп бөлігін алады.
42. Маған көп рет ата-аналар жиналысын өткізіп жіберуге тура келді.
43. Балама қаншалықты қымбат болса да қалағанының бәрін алып беруге тырысамын.
44. Баламның қасында көп уақыт болсаң, қатты шаршайсың.
45. Мен балама көп рет маңызды және қиын жұмыстарды тапсырдым.
46. Менің балама маңызды жұмыста сенуге болмайды.
47. Маңыздысы – ата-ана баласын тыңдайға үйретуі қажет.
48. Менің балам темекі шегу шекпеуін өзі шешеді.
49. Ата-ана балаға қаншалықты қатал болса, соншалықты балаға жақсы.
50. Мен жұмсақ адаммын.
51. Егер менің балама менен бір нәрсе керек болса, ол менің көңіл күйімнің көтеріңкі болған кездерді таңдайды.
52. Менің балам ержетіп мен оған керек емес болатынымды есіме түсірсем қатты күйзелемін.
53. Бала есейген сайын, олармен жұмыс істеу қиын.
54. Көп жағдайда бала неге қыңырланады, өйткені ата-аналар балаға дұрыс қатынас таба алмайды.
55. Мен баламның денсаулығы туралы көп уайымдаймын.

- 56.Егер менің балаларым болмағанда, менің денсаулығым жақсы болар еді.
- 57.Мен қаншалықты шара қолдансам да, баламның өте маңызды кемшіліктері жойылмайды.
- 58.Менің балам менің жарымды ұнатпайды.
- 59.Әйелге қарағанда, еркектер басқа адамның сезімдерін түсіне бермейді.
- 60.Еркекке қарағанда, әйелдер басқа адамның сезімдерін түсіне бермейді.
- 61.Менің балам үшін менің өмірде көп нәрседен бас тартуыма тура келді.
- 62.Күнделікті тексермегенімнен баламның ескерту немесе екілік алғанын байқамаң күндерім болды.
- 63.Балама өзіме қарағанда көп қаражат жұмсаймын.
- 64.Балам менен бір нәрсе сұрағанын жақтырмаймын. Мен балама не керек екенін өзім білемін.
- 65.Менің баламның балалық шағы басқа оның құрдастарына қарағанда қиын.
- 66.Үйде балам керек нәрсені емес, өзінің қалағанын істейді.
- 67.Балалар өзінің ата-анасын басқа адамдарға қарағанда қатты сыйлауы тиіс.
- 68.Менің балам өзінің ақшасын неге жұмсайтынын өзі шешеді.
- 69.Мен балама басқа ата-аналарға қарағанда қаталмын.
- 70.Жазалаудың пайдасы жоқ.
- 71.Отбасы мүшелері балаға деген қаталдығы әр түрлі. Біреулері еркелетеді, басқалары керісінше – қатты қатал.
- 72.Менің балам менен басқа ешкімді жақсы көрмесе екен деймін.
- 73.Мен баламды қазіргіге қарағанда, кішкентай кезінде қатты жақсы көретінмін.
- 74.Кейбір кездері баламмен не істерімді білмеймін.
- 75.Баламның денсаулығының нашарлығынан, оған көп нәрсеге рұқсат ететінмін.
- 76.Бала тәрбиелеу – ауыр және рахымы жоқ жұмыс. Оларға бәрін бересің, ал орнына еш нәрсе ала алмайсың.
- 77.Менің балама жақсы сөз жәрдем бермейді. Оған әсер ететін бір ғана нәрсе бар – үнемі қатал жазалау.

78. Менің жарым баламды өзіме қарсы қойғысы келеді.
79. Әйелдерге қарағанда, еркектер салдарын ойламай ақылсыз жұмыс жасайды.
80. Еркектерге қарағанда, әйелдер салдарын ойламай ақылсыз жұмыс жасайды.
81. Мен үнемі баламды ойлап жүремін, оның жұмысын, денсаулығын және т.б.
82. Баламның күнделігіне бірнеше аптаға бірден қол қоюға тура келеді.
83. Менің балам менен өзіне керектігін оңай алады.
84. Мен тыныш және сабырлы балаларды ұнатамын.
85. Менің балам маған көп жәрдем етеді (жұмыста немесе үйде).
86. Менің баламның үйдегі міндеттері аз.
87. Балалар ата-анасының айтқаны дұрыс емес екендігін білгеннің өзінде, олардың айтқанын істеуі тиіс.
88. Менің балам үйден шығарда қайда кетіп бара жатқанын сирек айтады.
89. Ең жақсы жаза – белдік болатындай жағдайлар болады.
90. Баламның іс-әрекетіндегі кейбір жаман қылықтары өздігінен жасы келе жойылды.
91. Баламыз бір нәрсені бұлдірсе, біз онымен айналысамыз, егер бәре жақсы тыныш болса, қайтадан өз еркіне жібереміз.
92. Егер менің балам менің балам болмаса, ал мен жас болсам, мен баламды жақсы көріп қалар едім.
93. Маған үлкен балаларға қарағанда кішкентай балалармен әңгімелескен ұнайды.
94. Менің баламның кемшіліктеріне мен кінәлімін, өйткені дұрыс тәрбие бере алмадым.
95. Тек біздің үлкен күшіміздің арқасында, баламыз аман қалды.
96. Баласы жоқ отбасыларға жиі қызығамын.
97. Егер менің балама еркіндік берсең, сол сәтте ол өзіне немесе айналасындағыларға кесірін тигізеді.
98. Егер мен балама бәр нәрсе айтып тұрсам, жарым әдейілеп керісінше сөйлейді.
99. Әйелдерге қарағанда, еркектер жиі өзін ғана ойлайды.
100. Еркектерге қарағанда, әйелдер жиі өзін ғана ойлайды.

101. Мен балама өзіме қарағанда көп уақыт пен күшімді жіберемін.
102. Мен баламның тірлігі туралы өте аз білемін.
103. Менің баламның қалауы мен үшін заң.
104. Менің балам кішкентай кезінде менің қасымда ұйықтағанды жақсы көретін.
105. Менің баламның асқазаны нашар.
106. Балаға ата-ана ол өскенше ғана керек. Одан кейін ол ата-анасын өте сирек ойлайды.
107. Балам үшін мен неге де болса дайынмын.
108. Менің балама менің қолымнан келетіннен артық уақыт бөлінуі керек.
109. Менің балам өте сүйкімді бола алады, сол кезде мен оған бәрін кешіре аламын.
110. Мен балам кешірек үйленсе екен деймін, 30 жасынан кейін.
111. Менің баламның қолдары мен аяқтары өте жиі мұздай болады.
112. Балалардың көбісі – кішкентай өзімшілдер. Олар ата-анасының денсаулығы мен сезімдерін ойламайды.
113. егер балама барлық уақыт пен күшімді бермесем, бұл жақсылыққа әкелмейді.
114. Бәрі жақсы болған кездерде, мен баламның жұмыстарына көңіл аудармаймын.
115. Мен балама «жоқ» деп айтуым өте қиын.
116. Менің балама керектігімнің төмендеуі мені қатты күйзелтеді.
117. Баламның денсаулығы басқа жеткіншектерге қарағанда нашарлау.
118. Балалардың көбісі ата-анасына деген рахымы жоқ.
119. Балам менің көмегімсіз еш нәрсе істей алмайды.
120. Балам бос уақытының көбін далада өткізеді.
121. Баламның көңіл көтеруіне уақыты өте көп.
122. Маған менің баламнан басқа ешкімнің де керегі жоқ.
123. Менің баламның ұйқысы үзілмелі және мазасыз.
124. Өзімнің ерте үйленгенімді (тұрмысқа шыққанымды) жиі ойлаймын.

125. Баламның осы уақытқа дейінгі жетістіктерге (сабақта, жұмыста немесе басқа) тек менің көмегімнің арқасында ғана.
126. Баламның тірлігімен негізінде жарым айналысады.
127. Сабағын оқып бітіргеннен (немесе жұмыстан келгеннен) кейін , менің балам өзіне ұнайтын жұмыспен айналысады.
128. Баламды бір қыз балдамен елестетсем, менің көңіл күйім бұзылады.
129. Менің балам өте жиі ауырады.
130. Отбасы маған көмек бермейді, тек өмірімді қиындатады.

Ата-ананың балаға деген қарым-қатынасын анықтау тесті (А.Я.Варга, В.В.Столин)

Ата-ананың қарым-қатынасының тест-сауалнамасы – бұл психодиагностикалық құрал, ол балаларды тәрбиелеу және олармен қатынасу сұрақтарымен психологиялық көмек сұрап келген адамдардың ата-аналық қарым-қатынасын айқындауға арналған.

Ата-аналық қарым-қатынас дегеніміз, балаға қатысты түрлі сезімдердің, іс-әрекет стереотиптерінің, баланы түсіну және қабылдау ерекшеліктері.

Сауалнама құрылымы:

Сауалнама 5 шәкілден тұрады.

I. «Қабылдау – қабылдамау». Шәкіл балаға интегралды сезімдік қарым-қатынасты білдіреді. Шәкілдің бір полюсінің мазмұны: бала ата-анаға қандай да болса ұнайды. Ата-ана баланың даралығын сыйлайды. Ата-ана баламен көп уақыт өткізуге тырысады, оның қызы, ушылықтары мен жоспарларын мұқалдайды. Шәкілдің екінші полюсында: ата-ана өзінің баласын жаман, табыссыз, бейімсіз деп қабылдайды. Бала өзінің қабілетінің төмендігінен, ақылының аздығынан, бейімділігінің жамандығынан өмірде табысқа жетпейді деген сенімде. Көп жағдайда ата-ана баласына ашу, ыза, реніш сезімдерімен қарайды. Баласына сенбейді және сыйламайды.

II. «Кооперация» - ата-ананың қарым-қатынасының әлеуметтік-қалаулы бейнесі. Бұл шәкілдің мазмұнамасы мынада:

ата-ана баласының тірлігіне және жоспарларына қызығушылығымен қарайды, оған барынша көмек көрсетуге тырысады, жаны ашиды. Ата-ана баланың зияткерлік және творчестволық қабілеттерін жоғары бағалайды, баласын мақтан тұтады. Баласының тәуелсіздігін және ынтасын мадақтайды, онымен бірдей болуға тырысады. Ата-ана баласына сенімді, талқылау сұрақтарында оның көзқарасымен көруге тырысады.

III. «Симбиоз» - шәкіл баламен қатынастың жеке аралық қашықтықты айқындайды. Бұл шәкілде жоғары балдар жиналса, ата-ана баласымен симбиотикалық қарым-қатынаста деп есептеуге болады.

Бұл тенденцияға мынадай мазмұндама беріледі: ата-ана өзін баламен бір бүтін деп санайды, баланың барлық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, өмірлік қиыншылықтар мен реніштерден қорғауға тырысады. Ата-ана баласы үшін үнемі қорқып отырады, баланы әлі кішкентай және қорғаныссыз деп көреді.

Бала өсе келе жағдайларға байланысты тәуелсіздікке үйрене бастаған кезде ата-ана үрейі жоғарылай бастайды, өйткені ата-ана балаға ешқашан өздігінен тәуелсіздік берген емес.

IV. «Авторитарлық гиперсоциализация» - баланың іс-әрекеттерін бақылаудың түрін және бағытын айқындайды. Бұл шәкілде жоғары бал жиналса, ата-ананың қарым-қатынасында авторитаризм байқалады. Ата-ана баласынан сөзсіз бағыну мен тәртіпті талап етеді. Балаға өзінің еркін байлағысы келеді, ал оның көзқарасын аңғармайды. Баланы өз еркін танытқаны үшін жазалайды. Ата-ана баласының әлеуметтік жетістіктерін қадағалап жүреді және әлеуметтік табысты талап етеді. Сонымен бірге ата-ана баласының жеке мүмкіншіліктерін, әдеттерін, ой-өрісін, сезімдерін жақсы біледі.

V. «Кішкентай жолы болғысыз адам» - ата-ананың баласын қабылдау мен түсіну ерекшеліктерін айқындайды. Бұл шәкілдің жоғары белгілері ата-ананың қарым-қатынасында баланы инфантилеуге тырысу, өзін әлеуметті түрде дәрменсіз деп есептеуге іс-әрекет жасайтыны байқалады. Ата-ана баласын өз жасынан кіші көреді. Баласының қызығушылықтары, ойлары, сезімдері ата-анасына балалық, шалағай болып көрінеді. Ата-ана баласына сенбейді, оның табыссыздығына әшә ашиды. Осы

үшін ата-ана баласын өмірлік қиындықтардан қорғауға тырысады және оның іс-әрекеттерін қатал бақылайды.

АҚҚ сауалнама тексті

1. Мен балама әрдайым жаным ашиды.
2. Баламның не ойлайтынын білуім менің парызым.
3. Мен баламды сыйлаймын.
4. Маған менің баламның іс-әрекеттері мөлшерден тыс болып көрінеді.
5. Баланы өмірлік қиындықтардан алысырақ ұстау қажет.
6. Мен балама бейімділік сезімін сезінемін.
7. Жақсы ата-ана баласын өмірлік қиыншылықтардан қорғайды.
8. Менің балам көп уақытта маған ұнамайды.
9. Мен балама көмек беруге тырысамын
10. Қорлық қарым-қатынас балаға үлкен пайда әкелетін жағдайлар да болады.
11. Мен балама өкініш сезімін сеземін.
12. Менің балам өмірде еш нәрсеге қолы жетпейді.
13. Балалар менің баламды мазақ ететін сияқты.
14. Менің балам жеккөрініш сезімін тудыратын қылықтарды жиі жасайды.
15. Өзінің жасына менің балам әлі жетілмеген.
16. Менің балам әдейі жаман қылықтар жасайды, мені ренжіту үшін.
17. Менің балам жаман нәрсенің бәрін өзіне тартып алады.
18. Менің баламды қанша ынталансаң да жақсы үлгіге үйрете алмайсың.
19. Баланы қатты ұстау қажет, сонда одан жақсы тәртіпті адам өседі.
20. Баламның достары үйге келгенін ұнатамын.
21. Баламның өсуінде мен қатысамын.
22. Менің балама барлық жаман нәрсе «жабысады».
23. Менің балам өмірде табысқа жетпейді.
24. Таныстар жиылысында балалар жайында әңгіме қозғалғанда, мен кішкене ұяламын, менің баламның мен ойлағандай ақылды және қабілетті болмағанына.
25. Мен өз баламды аяймын.

26. Баламды оның құрдастарымен салыстарғанда, олар іс-әрекеттерімен де ой-өрісімен де менің баламнан үлкен болып көрінеді.
27. Мен өз баламмен бос уақытымды қуана өткіземін.
28. Мен баламның өсіп ержетіп келе жатқанына өкінемін, оның кішкентай кездерін нәзіктікпен еске аламын.
29. Балама қастық қатынаста екенімді жиі сеземін.
30. Менің балам өмірде мен жете алмаған жетістіктерге жетсе екен деймін.
31. Ата-ана баладан тек талап ете бермей, оған бейімделуі қажет.
32. Баламның барлық өтініштерін орындауға тырысамын.
33. Отбасылық шешімдер қабылдағанда баланың да пікірін ескеру қажет.
34. Баламның өмірі мені өте қызықтырады.
35. Баламмен жанжал болған кездерде, оның өзінше рас екенін жиі мойындаймын.
36. Ата-анасының қателесетінін балалар ерте жастан біледі.
37. Мен баламмен үнемі санасамын.
38. Мен балама достық сезімін сеземін.
39. Баламның қыңырлығының басты себебі - өзімшілдік, қырсықтық және жалқаулық.
40. Демалыс күндерінді баламен өткізсең жақсы дем ала алмайсың.
41. Ең бастысы баланың тыныш және қамсыз балалық шағы болуы.
42. Кейбір кездері баламның жақсы нәрсеге дағдысы жоқ деп есептеймін.
43. Баламның әуестерін мақұлдаймын.
44. Менің балам кімді болсада өзінен шығара алады.
45. Баламның реніштерін түсінемін.
46. Менің балам мені жиі ашуландырады.
47. Баланы тәрбиелеу – жүйкені тоздырады.
48. Балалық шақтағы қатал тәртіп балада күшті мінез-құлық дамытады.
49. Мен балама сенбеймін.
50. Қатал тәрбиелік үшін кейін бала рахметін айтады.
51. Кейбір кездері баламды жек көретін сияқтымын.
52. Баламда қадыр-қасиеттен кемшіліктер көп.

53. Баламның қызығушылықтарын мақұлдаймын.
54. Балам өздігінен еш нәрсе әстей алмайды, істегеннің өзінде дұрыс емес.
55. Менің балам өмірге бейімсіз болып өсіп келеді.
56. Менің балам қандай да болса өзіме ұнайды.
57. Баламның денсаулығын қатта қадағалаймын.
58. Баламды мақтан тұтамын.
59. Бала ата-анасынан құпия сақтамауы тиіс.
60. Баламның қабілетінен жоғары пікірде емеспін және оны баламнан жасырмаймын.
61. Бала ата-анасына ұнаған балалармен достасып жүргені дұрыс.

Сауалнама кілті

I. «Қабылдау-қабылдамау»: 3, 4, 8, 10, 12, 14, 15, 16, 18, 20, 23, 24, 26, 27, 29, 37, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 51, 52, 53, 55, 56, 60

II. Мінез-құлқының әлеуметтік қалауының бейнесі: 6, 9, 21, 25, 31, 33, 34, 35, 36.

III. «Симбиоз»: 1, 5, 7, 28, 32, 41, 58.

IV. «Авторитарлық гиперсоциализация»: 2, 19, 30, 48, 50, 57, 59.

V. «Кішкентай жолы болғысыз адам»: 9, 11, 13, 17, 22, 28, 54, 61.

Тесттік балдардың саналу реті:

Тесттік балдарды барлық шәкілдерде «дұрыс» жауабы есептеледі.

Сейкес шәкілдердегі жоғарғы тесттік бал:

I – қабылдамау;

II – әлеуметтік қалау;

III – симбиоз;

IV – гиперсоциализация;

V – инфантилизация (инвалидизация).

Тесттік мөлшерлер сәйкес шәкілдердің тесттік балдардың пайыздық рангтары кесте түрінде беріледі.

Сауалнама шәкілдерінің шикі балдары пайыздық рангтарға ауыстыру кестесі

I шәкіл «қабылдау-қабылдамау»

«Шикі бал»	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11
Пайыздық ранг	0	0	0	0	0	0	0,63	3,79	12,0	13,0	53,	68,3
«Шикі бал»	12	13	14	15	16	17	18	19				
Пайыздық ранг	77,	84,1	88,6	90,	92,4	93,6	94,3	95,5				
«Шикі бал»	21	7	0	50	0	7	0	0				
Пайыздық ранг	20	21	22	23	24	25	26	27				
«Шикі бал»	97,	98,1	98,7	99,	100	100	100	100				
Пайыздық ранг	46	0	3	36								
«Шикі бал»	28	29	30	31	32							
Пайыздық ранг	10	100	100	100	100							
Пайыздық ранг	0											

II шәкіл «Кооперация»

«Шикі бал»	0	1	2	3	4	5	6	7	8	9
Пайыздық ранг	1,57	3,46	5,67	7,88	9,77	12,29	19,22	31,19	48,82	80,33

III шәкіл «Симбиоз»

«Шикі бал»	0	1	2	3	4	5	6	7
Пайыздық ранг	4,72	19,5	39,06	57,96	74,97	86,63	92,93	95,65

IV шәкіл «Авторитарлық гиперсоциализация»

«Шикі бал»	0	1	2	3	4	5	6
Пайыздық ранг	4,41	13,86	32,13	53,87	69,30	83,79	95,74

V шәкіл «Кішкентай жолы болғысыз адам»:

«Шикі бал»	0	1	2	3	4	5	6	7	8
Пайыздық ранг	14,55	45,57	70,25	84,81	93,04	96,83	99,37	99,83	100

Ата-аналарға арналған сауалнама «Балаларды тәрбиелеу түрлері»

Тәрбиелеу – жаңа сұраққа қоғамдық- тарихи тәжірибені берудегі іс-әрекет; адамның даму шарттарын қамтамасыз ететін, қоғамдық өмірге, еңбекке даярлайтын, белгілі бір құрылым, түсінік, қстаным, құндылық бағдарын қалыптастыру мақсатында

оның мінез- құлқы мен санасына мақсатты және жоспарлы түрде әсер ету. Отандық психология арнайы ұйымдастырылған тәрбие жүйесінің шарттарында өзіндік даму заңдылықтарын зерттейді.

Бекіту (нұсқау беру) Тәрбиені ұйымдастыру қоғамдық тәжірибеде адамның субъективті әлемінің дамуына бағыттайды, сол арқылы қоғам туралы түсінік, құндылық кездескен қиыншылықтарды жеңуге деген күш пайда болады.

Ата-аналардың бала тәрбиелеу типін анықтауға арналған сұрақтама.

Нұсқау: Құрметті ата-ана! Берілген сауалнамадан сіз баланы тәрбиелеу типінің кейбір жасырын жақтарын, ой- пікірлер мен түрлі сенімдерін таба аласыздар. Барлық пікірлер реттік нөмірге ие. Осы реттік сандағы «Жауап беруге арналған іс-қағаздан таба аласыздар. Сұрақтамада берілген пікірмен келіссеніз оны дөңгелекке алып қойыңыз. Қалған нөмірлерді сызып тастаңыз».

Сұрақтама.

1. Біздің үйде ең бастысы – бала
2. Менің баламның менімен ақылдаспай бір нәрсені жасағанын көз алдыма елестете алмаймын
3. Сіздер түсініңіздер, мен күні бойына өз тірліктерімді бітіре алмаймын және есесіне баланың жанын түсінуге де уақытым жоқ.
4. Менің балам балабақшада емес үйде, отбасында тәрбиеленіп жатқанына маған риза шығар
5. Балам менің көңілімнен шығуға ұмтылса да, мен оның тек кемшілікткрін көремін.
6. Егер менің балам кінәлі болып қалса, онда оның 3 қайтара терісін сыпырып аламын.
7. Мен әрдайым балама барлық нәрсені ақылмен жасауын айтып отырамын
8. Мен баламның денсаулығы жақсы болуы үшін, оның барлық еркеліктерін кешіремін.
9. Балама сағаттар бойы уақытымды бөлгенше, оған бір нәрсе сатып ала салғаным жақсы

- 10.Өзімнің ойындағы жауабына қол жеткізу үшін менің балам дәл сол сұрақпен кімге (әкесіне немесе шешесіне) бару керектігін жақсы біледі
- 11.Бұрында мен балама барлық нәрсеге рұқсат ететінмін, ал қазір ешнәрсе де жасатпаймын
12. Менің балам туылғанна бастап, өзіне ешкімнің тең келмейтінін біледі
- 13.Менің балам ешқашан менсіз шешім қабылдамайды
- 14.Мен балама барлығын беремін: тамақ, киім, нан- онда оған қоса көңіл бөлудің қажеттілігі қанша деп ойлаймын.
- 15.Менің баламның маған қаншалықты кедергі келтіретінін білсеңіздер ғой!
- 16.Көршімнің баласына қарағанда, менің балам 100 есе нашар
- 17.Баланың ойы ешнәрсе емес, ал ата-ананың ойы – заң
- 18.Мен-«ең бірінші баланың міндеттері, содан соң ғана құқықтары болуы тиіс», -деп есептеймін.
- 19.Мен баламды барлығынан қорғаштаймын. Ол мен үшін денсаулығымның қаншалықты қымбат екенін жақсы біледі
20. Менің балам күнделікті сыйлық алуға үйренген Оның әрдайым неге көңіл толмайтынын түсіне алмаймын
- 21.Біздің үйдегі ересек адамдар баланы тәрбиелеуде әр қайсысы өзінің стилін қолданады
- 22.Менің балам (қызым) енді өзінің кіші қарындасы (інісі) болғандықтан, оған көп көңіл бөле алмайтынымызды еш түсінбейді
- 23.Мен тек өзімнің балам үшін өмір сүремін
- 24.Баламның тек қана сілтеулерімен өмір сүретініме мені неліктен кінәләйтінін түсінбеймін
- 25.Маған баланы көбінесе телефон арқылы тәрбиелеуге тура келеді
- 26.Мен балама көңіл бөлуге ұмтылмаймын. Маған ешкім көңіл бөлмеген
- 27.Мен балама жақсы болу үшін ғана, басқа балаларға қарсы қоямын
- 28.Тәрбиелеудің ең жақсы тәсілі- белдік
- 29.Балам біздің үміттерімізді ақтаулары қажет екендігін біледі
30. Мен баламның денсаулығының нашар екендігін әрдайым есімде, ұстап оның айтқандарын орындаймын

31. Менім балам еш нәрсеге мұқтаж емес, тіпті «күс сүті» де бар
32. Бала тәрбиесі сұрақтарына келгенде күйеуіміз екеуіміздің көз қарастарымыз әр қалай
33. Егер отбасында жалғыз өзі болған да, енді үлкен ұлына азырақ мейірімділік, көңіл бөлінетін болса, онда қандай қайғы болатынын түсімбеймін
34. Менің өмірімнің мәні ол балам
35. Менім балам өзінің денсаулығына зиян келтіретін ешқандай іс-әрекет жасамайды
36. Менің баламның достарыммен танысуға еш уақытым жоқ
37. Менің балам үйге қонбаса ол оның ісі
38. Менің қызым (ұлым) ұлыма (қызыма) қарағанда 100есе қабілетті
39. Тек қана қорқыныш, жазалау қорқынышы менің баламды ауыздықтайды
40. Менің балам басқалармен бірге үйдің тәртібіне жауап береді
41. Балам ден-саулығын айтып шағымданса, менім дегбірім қашады
42. Жұмысымда қаншалықты бос еместігімді және басқа балалар сияқты ешнәрсеге мұқтаж болмауы үшін маған қаншалықты айлықтың қажеттілігін менің жақсы біледі
43. Менің балам бәрімізге жағу үшін әкесі мен шешесінің, атасы мен апасының арасында күні бойы тіл табысу үшін жүгіріп жүреді
44. Отбасында жаңадан баланың тууына байланысты үлкен ұлды тәрбиелеу стилін еріксіз түрде өзгертуге тура келеді
45. Менің балам мақтауға тұралық ахуалда отбасыда өмір сүруге үйренген
46. Менің баламның бүкіл өмірінің майда –шүйделеріне дейін ойластырып қойдым
47. Бала үшін бір нәрсе даярлау менің ісім, ал оны жеу-жемеу баламның ісі
48. Мен балама ойыншық үшін бір тиында бермеймін
49. Маған әрдайым баламның жөнін жөндеп отыруыма тура келеді. Ол не істеседе, басқаларға қарағанда нашар болып шығады
50. Тәртіп бұл –жазалау және қорқыныш

51. Өмірде бір нәрсеге қол жеткізу үшін музыка мен тілді білу керек екендігін біледі
52. Балам ауырып қалғанда, мен оның барлық тілегін орындауға дайынмын
53. Егер менде таңдау болса: мен іс сапарға бару немесе баламен бірге болу, онда әрине мен іс сапарды таңдар едім, өйткені бұл өсуім үшін маңызды, ал балама сыйлық алып келер едім
54. Біздің үйімізде әрдайым баланы қалай дұрыс тәрбиелеуге болады деген пікір-талас болып тұрады
55. Мен ендігі жерде баланы еркелетпеймін, одан да барына қанағат етсін
56. Менің балам нені қажет етсе, ол мен үшін заң
57. Мүмкіндік болғанынша мен баламды қорғаштаймын
58. Бала кезімде маған ата-анам онша көңіл бөлмеген. Не үшін мен көңіл бөлуім керек
59. Мен баланы әр күні не киіндірем, не ішкізем деп ойланып отыру үшін дүниеге келген жоқпын. Бұл туралы мемлекеттің өзі ойлансын
60. Менің ойымша тәрбиелеудің ең жақсы тәсілі- баланы басқа адамдарға қарсы қою
61. Тек белдіктің көмегімен есін жиғызамын
62. Мен жұмыста болған уақытымда үлкен (қызым) кішілерінің қамын ойлайды
63. Маған әрдайым балам ауырып тұрған сияқты болады
64. Егер мен баламмен үйде отыратын болсам, онда оның басқалардың көзін қызықтыратындай қымбат ойыншықтары болмайтын еді.
65. Демалыс күндері мен баламды қайта тәрбиелеумен айналысамын, өйткені мен жұмыста болған кезде ата-әжесі оны қатты еркелетеді.
66. Менің балам біздің отбасының ендігі жерде еліктейтіні басқа екенімен келісе алмауда.
67. Біздің үйде барлығы тек баланың тынысымен тыныстайды.
68. Егер мен балама бір нәрсені, оған тек жақсылық ойлағанымнан істетер едім.
69. Мен әрине баламның дамуын қалаймын, бірақ оған кеткен уақытыма ішім ашиды.

- 70.Ендігі жетпегені менің баламның жағдайын жасау еді.
- 71.Мен өз балаларымның ішінде сүйіктімнің бар екенін жасырмаймын.
- 72.Мен баламды еркелетіп емес, қамшымен тәрбиелеймін.
- 73.Мен балама үлкендердің жауапкершілікті жұмыстарын тапсыруға үйреніп қалғанмын.
- 74.Мен баламның қалпақ астында өсуіне келісемін, тек ол ауырмаса болғаны.
- 75.Менің балама не жетпейтінін түсінбеймін, біз оған бейнекамераны да сатып әпердік.
- 76.Баламыздың кесірінен біздің үйде әрдайым ұрыс-керіс, өйткені күйеуім екеуміздің тәрбиелеу мәселесіне келгенде көзқарастарымыз әртүрлі.
- 77.Менің қызым (ұлым) әкесімен ажырасқаннан кейін оның әздектіктерін орындау үшін ақшамның жоқ екендігімен еш келіскісі келмейді.
- 78.Менің балам өзінің ең жақсы екенін біледі.
- 79.Балам барлық кезде менің таңдауыма сенеді.
- 80.Менің баламды тәрбиешілер тәрбиелесін.
- 81.Балам ауырып қалғанда мен дәрігер шақырмаймын, өзі жазылады.
- 82.Менің қызым (балам) ертегідегі ханзаданы (ханшайымды) күтетін сияқты, алайда оған әлі алыс.
- 83.Мен баламның өзіме түгелдей бағынатынына үйреніп қалғанмын.
- 84.Менің балам үздік болу керектігін біледі, әйтпесе мен оған шыдай алмаймын.
- 85.Балам өзін жайсыз сезінген кезде, мен ол жаңа туғандай безгек қағамын.
- 86.Мен өз орнымды жаңа бір ойыншық қалдырып кетер болсам балам қуанады деп ойлаймын.
- 87.Мен бүгін балама рұқсат еткеніме, ертең әкесі тыйым салады.
- 88.Мен өз баламның пайдасы үшін тәрбиелеу стилімді өзгерттім.
- 89.Егер менің балам айды әперуімді талап етсе, оны да жасауға дайынмын.
- 90.Менің балам екі нәрсені уайымдайды,өйткені барлық нәрсенің қамын ойлайтынымды біледі.

91. Менің балам толығымен ерікті : мектепке , балабақшаға барғысы келсе барады, барғысы келмесе бармайды .
92. Жасырмаймын мені баламның өз уақытын қайда , кіммен өткізетіні қызықтырмайды .
93. Менің қызым (ұлым) түсіндегідей өзінде әрдайым тісін қышырлатады. Одан гөрі әпкесіне (ағасына) болса да ұқсап, жақсы бір іспен айналысса ғой.
94. Мен өз балаларымды өте қатал «кірпішешен» үстінде ұстаймын.
95. мен әрдайым балама өзіміздің тұрмыс-тіршілігімізді басқаруына сенім білдіремін.
96. Баламның басқалардан ауру жұқтырып алмауы үшін, оған қонаққа, театр, кино, циркке баруына тыйым саламын.
97. Балам мені мақтап тұрады . Мен бәріне қол жеткіздім және баламда бәрі бар. Оған менімен қарым-қатынаста болудың қажеті қанша.
98. Менің балам ненің болатынын, не істеуге болмайтынын ешқашан білмейді.
99. Менің күйеуім (әйелім) өзіне жаңа отбасын тапса, онда мен баламды бұрынғыша әздекете алмаймын.
100. Менің балам өзінің идеал екенін жақсы біледі.
101. Менің балам вундеркинд болып туылмаса да, сондай болуы үшін барлығын жасаймын.
102. Өз баламмен серуендеуге шыққаннан гөрі, маған дүкенге барған маңыздырақ.
103. Менің балам маған артық жүк.
104. Кіші ұлым (қызым) мені әрдайым тітіркендіреді. Біздің тағы бір баламыздың болғаны қандай жақсы.
105. Егер маған баламды айтып біреу шағымданса, мен баламмен оның есінде ұзақ уақыт бойы қалатындай етіп есеп айырысамын.
106. Менің ұлым (қызым) атасына қарау керектігін өте жақсы біледі.
107. Мен баламды асыра жүктеуден және стрестен қорғауға ұмтыламын.
108. Мен балама аз уақыт көңіл бөлсем де, оның орнын кезкелген құнды сыйлықтармен толтыруға мүмкіндік аламын.

109.Бүгін баламды қалай тәрбиелейтінімді тек менің көңіл күйім біледі.

110.Әжеміздің ауылға кеткені жақсы болды, енді баламды өз қолыма аламын.

Жауаптарға арналған іс-қағаз.

1	12	23	34	45	56	67	78	89	100	I
2	13	24	35	46	57	68	79	90	101	II
3	14	25		47	58	69	80	91	102	III
			36							
4	15	26	37	48	59	70	81	92	103	IV
5	16	27	38	49	60	71	82	93	104	V
6	17	28	39	50	61	72	83	94	105	VI
7	18	29	40	51	62	73	84	95	106	VII
8	19	30	41	52	63	74	85	96	107	VIII
9	20	31	42	53	64	75	86	97	108	IX
10	21	32	43	54	65	76	87	98	109	X
11	22	33	44	55	66	77	88	99	110	XI

Нәтижелерді өңдеу. әрбір көлденең жолдағы жауап қанша, сан дөңгелекке алынған қатардағы шифр, ата-ананың өз баласын тәрбиелеуде қолданатын тәрбие типіне сәйкес келетінін білдіреді. Егер ондай жол біреу болмаса және тәрбиелеу типі әр

түрлі болса, онда бұл көбінесе қарама-қайшы тәрбиелеу іс-әрекеті екенін білдіреді.

Баланы тәрбиелеу типінің кодтарына арнайы шифр

I- Отбасы үлгісі.

II- Асыра қамқорлық

III- Аз қамқорлық

IV- Бақылау

V- Ғажайып қыз

VI- «кірпішешен» қолғабы

VII- Жоғары моральдық жауапкершілік

VIII- Ауру бастауы.

IX- ханшайым

X- Тәрбиедегі кертартпалық

XI- Тәрбиедегі үггілердің ауысуы.

XII- Қарама-қайшы тәрбие

XIII- Тәрбиелеу үлгісінің ауысуы.

Тәрбиелеудің синергетикалық типі бұл әдетте бір-бірімен үйлеседі және нәтижесінде тиімділікті арттыратын тәрбие типі б.т. «Синергизм»- грек тілінен аударғанда бірге әрекеттесу, серіктес болу деген мағынаны білдіреді. Бұл типтерге мысал : IV+III+VI немесе I+II+VIII және т.б.

Бала тәрбиесінің сұрақтарына қатысты әйел мен күйеуінің көз қарастарындағы қарама-қайшылық ата-ананың жауаптарын салыстырғанда айқын байқалады.

№№ ТЭБ (түсіністік ,эмоционалдылық және беделдік) сауалнамасы

Әдістеме авторы А.Н. Волков

Некеде түсінушілік ,эмоционалдылық пен беделдіктің (кұрмет) деңгейін анықтауға арналады.

Әдістеме мазмұны

Сұрақнамада 45 сұрақ , ол некеде тұрған адамдардың өзара қатынасын анықтауды көздейді. Сұрақнама мәтіні үш шкалаға түсірілген,оның орындары түсіністік ,эмоционалдылық,

беделдік әр қайсысына 15 сұрақтан берілген. Ерлі –зайыптылар жеке түрде өз алдына бөлек толтырады.

Нұсқау : Бұл сұрақтарда сіз жан-жарыңызды қалай түсінесіз, сол бойынша «ия», «жоқ», «білмеймін» жауаптарының бірін тандап сұрақтың қасына сәйкес « белгі » қойыңыз.

Сұрақнама мәтіні:

1. Мен оның ойын тез оқимын.
2. Мен оның көңіл –күйін әрең табамын.
3. Мен оны айтқызбай түсінемін.
4. Оның жағдайға байланысты өзін қалай ұстайтыны туралы мен кейде айта алмай қысыламын.
5. Мен оның әдеті мен талғамын жақсы білемін.
6. Оның қандай да сұрақ жайлы көз-қарасын айту қиын.
7. Мен оның қажетін және неге талпынысы бар екенін білемін.
8. Мен оны жақсы түсінбейтін сияқтымын.
9. Ол кейде күтпеген жағдайларды жасап мені таңқалдырады.
10. Мен оның кемшіліктері мен жетістіктерін жақсы білемін.
11. Оның ішкі уайымы мен үшін жұмбақ болып қалмақ.
12. Мен оның икемді және икемсіз жақтарын жақсы білемін.
13. Мен оның өміріне не маңызды екенін білемін.
14. Көп байқағаным мен оны түсінбейді екенмін.
15. Мен оны не қуантады, не қайғыртады білмейді екенмін .
16. Маған оның үйде болғаны жақсы ұнайды.
17. Маған оны тыңдау және бетіне қарап отыру ұнайды.
18. Маған оның өзін ұстауы ұнамайды.
19. Оның бет келбеті жағымсыз.
20. Мен оның қалай жұмыс істейтінін ,жүрісін бақылағанды ұнатамын.
21. Маған оның сүйюі ,күшақтауы , еркелетуі ұнамайды.
22. Маған оның жымиюы ,күлкісі ұнайды.
23. Оның қасымда болмайтыны мені қатты қынжылтады.
24. Оның бет келбетінен әйтеуір маған бір нәрсе ұнамайды.
25. Мен оның қимылы мен әңгімесін жиі сынға аламын.
26. Ол жиі қажетті және пайдалы нәрселер айтады.
27. Оның көп нәрседе көз-қарасы менің пікіріммен сәйкес келмейді.

28. Оның мен туралы пікірін құрметтеймін.
29. Ол менің досым екені қуантады.
30. Мен оның пікірі мен баға беруіне сирек қосыламын.
31. Оның қасында мен өзімді жеңіл және ашық ұстаймын.
32. Менің көңіл-күйім ол қасымда болса көтеріледі.
33. Оның қасында мен жиі шаршап, өзімді бақылай алмай қаламын.
34. Мен тек соның қасында болу үшін, маңызды жұмысымды қалдыруға бармын.
35. Мені одан алысырақ жерде демалу жиі ойландырады.
36. Мен ол жоқ кезде, өзімді жақсы сезінемін.
37. Мен оның бойынан көп жақсы қасиеттер табамын , сондықтан оны адам ретінде силаймын.
38. Менің таныс , туыстарымның арасында нағыз беделді адам, тек сол.
39. Мен кейбір нәрселерді шеше алмасам , жиі жан-жарымнан көмек сұраймын.
40. Ол мені жылдам өзгерте алады.
41. Менің пікірімше оның басы қатты жұмыс істейді.
42. Жан -жарыма әсер еткен кино мен кітаптар мені қызықтырады.
43. Оның қасында отыру мені жалықтырмайды, ол тамаша адам.
44. Кейде оның алыс адам емес екені, мені ойландырады.
45. Онда бар қасиеттерді мен өзімнен көргім келеді.

№	Иә	Білмеймін	жоқ	№	Иә	Білмеймін	жоқ	№	Иә	Білмеймін	жоқ
1				16				31			
2				17				32			
3				18				33			
4				19				34			
5				20				35			
6				21				36			
7				22				37			
8				23				38			
9				24				39			
10				25				40			
11				26				41			
12				27				42			
13				28				43			
14				29				44			
15				30				45			

Нәтижені өңдеу көрсеткіштері

Әр шкала кілтке байланысты сәйкес келсе 2 ұпай беріледі :
« иә» жауабы бойынша («+») сұрақтар; 1,3,5,7,10,12, 13,16, 17,
20, 22, 23,25,26,28,31,33,34,35,36,37,39,41,42,45;

« жоқ» жауабы бойынша («-») сұрақтары :2,4,6,8,9,11, 14,15,
18,19,21,24,27,29,30,38,40,43,44;

1- ұпай « білмеймін» жауабына беріледі;

ал 0- ұпай кілтпен сәйкес келмегенде қойылады. Бұл әдістемеден жоғары 30 ұпайды көрсетеді.

1.Түсіну (1-15 бекітуде) субъекті бейнесінде серіктесінің жеке ерекшеліктері туралы сезіну бар . Қарым –қатынас кезінде ойды , мінез-құлықты сезім мен көз-қарасты түсінуге болады. Осы шкала бойынша төмен ұпай жинаса онда түсінбеушілікті білдіртеді.

2. Эмоционалды (16-30) тартымды ,қарым-қатынасқа түсуге қызығатын ,субъектімен байланысқа терапевтік деңгейде әсер ете алады. Ұпайдың төмендігі қарым-қатынас арасында күрделі сипат пен бір-бірінен шаршағандық байқалады.

3. Беделі (құрметтеуі) (31-45) Субъектіні эталон ретінде құрметтейді,Оның көз-қарасы, қызығушылығы мен пікірін бөліседі.

Ал ұпайы төмен болса сыйламайды ,жеке тұлға ретінде қабылдамайды.

Б.И. Додоновтың «Тұлғаның жалпы эмоционалды бағытын анықтау» әдістемесі

Тұлғаның қажеттілігі эмоциясымен тікелей тығыз байланысты. Қажеттіліктің қанағаттанбауында немесе қанағаттандыру мүмкіндігі туған жағдайда адамда оңтайлы жағымды эмоция басым болады. Егер қажеттілік қанағаттанбаса немесе қанағаттандыру мүмкіндігі болмаса, адам жағымсыз эмоцияда болады. Сондықтан да үнемі өзінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға тырысады. Қажеттіліктерді қанағаттандыруға ұмтылу жағдайын Б.И. Додонов жалпы эмоционалдық бағыттық деп

атай келе, осы ерекшелікті зерттеуге арналған әдістемені жасады.

Мұнда тұлғаның 10 бағыттылығын анықтайды:

1. Альтруистік
2. Коммуникативтік
3. Глористік
4. Праксикалық
5. Пугнистік
6. Романтикалық
7. Гностикалық
8. Эстетикалық
9. Гедонистік
10. Акизитивтік

Нұсқау: Сізге 50 тұжырымдамадан тұратын тұлғалық эмоционалды сипаттайтын сауалнама беріледі. Сіз өз таңдауыңызды төмендегі шкалаларға сәйкес бағалаңыз:

- «Әрине, иә» – а
- «Дегенмен, иә» – в
- «Дегенмен, жоқ» – с
- «Әрине, жоқ» – д

Әдістеме бланкісі

1. Мен жақындарым мен достарым туралы жиі ойлаймын.
2. Басқа адамдармен өзімнің ойымды, күйзелістерімді айтып, бөлісу қажеттілігін сезінемін.
3. Маған басқалардың назар аударғаны өте ұнайды.
4. Жұмыста табысқа жету мен үшін маңызды.
5. Мен ащы сезімді ұнатамын.
6. Мен қандай да бір жаңа таныс емес жерлерге баруды қуана-қуана қалар едім.
7. Қиын мәселені өз бетімше шешкенде қатты қуанамын.
8. Өлең, музыканы тыңдағанда болатын әсерлену сезімін жақсы көремін.
9. Қарапайым қуаныштарды ұнатамын (дәмді тамақ, тәтті ұйқы).
10. Коллекция жинағанды жақсы көремін.

11. Адамдарға бақыт және қуаныш сыйлағым келеді.
12. Айналамдағылардың қолдағаны мен үшін маңызды.
13. Қарсыласынан үстемдікті сезіну жақсы сезім.
14. Орындайтын жұмыстардың кез келгеніне қызыға кірісіп кетемін.
15. Тәуекелге бел буамын.
16. Кейде маған таңғажайып бірдеңе болу керек сияқты көрінеді.
17. Уақиғалар мен құбылыстардың себеп-салдарын анықтауды ұнатамын.
18. Табиғаттың сұлулығына мен таңырқана аламын.
19. Міндеттерден тәуелсіз еркін тыныштық күйді ұнатамын.
20. Коллекциямды толықтырған кезде қуанамын.
21. Мен жолы болмайтындарды үнемі аяймын.
22. Мен достарымсыз өмір сүре алмаймын.
23. Жұрттың құрметі мен сыйласығына жету үшін мен көп нәрсені істей аламын.
24. Күннің бекер өтпегенін сезіну жақсы.
25. Мен батыл шешім қабылдайтын адаммын.
26. Барлық құпия таңғажайып нәрселерді ұнатамын.
27. Өзімнің білімімді жүйелеуге тырысамын.
28. Өнер туындылары мені көзіме жас келгенше әсерлендіреді.
29. Уайым-қайғысыз уақыт өткізуді ұнатамын. Мысалы, кештер.
30. Дүкен аралағанды ұнатамын.
31. Мен танымайтын адамдар жеңіске жетсе қуанамын.
32. Менің туыстарым мен таныстарымның арасында мен өте қатты ұнататын адамдар бар.
33. Мен өз-өзімді жақсы көремін.
34. Жұмыс жақсы жүріп жатқан кезде менің көңілім көтеріліп қуаныш сезімін сезінемін.
35. Қауіпті жағдайларды жеңуді ұнатамын.
36. Кейде ел кезіп кеткім келеді.
37. Мен ғылыми жаңалықтарды, мәліметтерді оқуды ұнатамын.
38. Ұнайтын музыканы тыңдағанда ләззат аламын.
39. Менде жалқаулық басым.
40. Коллекцияларымды тамашалағанды ұнатамын.
41. Адамдарға көмектескенді ұнатамын.

42. Маған жақсылық жасаған адамдарға өте ризамын.
43. Сәтсіздік болған жағдайда мен үнемі алдын ала қамданғым келеді.
44. Жұмыстың таза орындалғанын сезіну менің көңіл-күйімді көтереді.
45. Ынтызарлық, құмарлық, жанкүйерлік әдетте менің жұмыстарымның нәтижесін жақсартады.
46. Армандағанды ұнатамын.
47. Мен үшін ең жағымды сезім – мәселенің шешімінің жақындығы шындықтың ашылуы.
48. Таңғажайып сұлулықты көргенде көңілділікті жиі сеземін.
49. Мен уайым-қайғысыз, бейқам өмір сүргенді қалаймын.
50. Мен өз заттарымды бергім келмейді.
- Әдістеменің қорытындысының кілті: $a=2$, $b=1$, $c=(-1)$, $d=(-2)$.

Жауаптардың балы:

- 1) 1,11,21,31,41
- 2) 2,12,22,32,42
- 3) 3,13,23,33,43
- 4) 4,14,24,34,44
- 5) 5,15,25,35,45
- 6) 6,16,26,36,46
- 7) 7,17,27,37,47
- 8) 8,18,28,38,48
- 9) 9,19,29,39,49
- 10) 10,20,30,40,50

Бағыттылығы

1. Альтуристік эмоция: Бұл шкала бойынша жоғарғы балл алу, сіздің бойыңызда беру, бөлісу, әсер ету, көмектесу қажеттілігінің жоғары екендігін көрсетеді. Басқаларға деген ұмтылысыңыз, бағыттыңыз анық байқалады, ал керісінше бұл шкала бойынша төмен балл алу - беруден гөрі алу, пайдалану қажеттілігінің жоғары екендігі көрсетеді. 5-ден жоғары болса, қажеттіліктің сіз үшін маңыздылығы, -5-тен төмен болса, қажеттіліктің байқалмауы, егер 0-ге жақын болса, қажеттілік екі

жағы да бірдей деңгейде қалыптасқан, қатып қалған бағдар жоқ.

2. Коммуникативтік эмоция: Бұл шкала бойынша жоғарғы балл алу қарым-қатынас қажеттілігі анық көрінеді, ал төмен нәтиже оқшаулану, жекелену, даралану қажеттілігі байқалады.

3. Глорлық эмоция: Бұл латын сөзі, «атақ-даңқ» дегенді білдіреді. Бұл шкала бойынша жоғары көрсеткіштер даңқты болуға жеңіске жетуге, әйгілі болуға, жұрттың алдында жеңімпаз екенінді көрсетуге деген қажеттілікті байқатады. Ал төменгі дәреже елеусіз болуға ұмтылыс.

4. Праксикалық эмоция: Бұл шкала бойынша жоғары дәрежеге ие болу әрекетте, алға қойған мақсатына жетуде белсенді болуға қажеттілік. Ал төменгі балл - керісінше іс-әрекетке енжар қарау, кей жағдайда іс-әрекеттен гөрі көбірек ойлануға уақыт жіберу, кейде босаңсуға, бейқамдыққа икемділікті байқатады.

5. Пубникалық эмоция: Латын сөзінен аударғанда пуба-күрес дегенді білдіреді. Бұл шкала бойынша жоғарғы нәтиже көрсеткіші қауіп-қатерді жеңуге деген ұмтылыс эмоциясы. Тәуекелге барудың жоғарғы екендігін білдіреді, ал төменгі нәтиже көрсеткіші бойынша қауіпсіздік қажеттілігі кейде секемшілдіктің басым екенін білдіреді.

6. Романтикалық эмоция: Бұл шкала бойынша жоғарғы нәтиже көрсеткіші құпия таңғажайып, тылсым сырларға деген ұмтылыс эмоциясы, ал керісінше төмен болған жағдайда кез келген нәрседен пайданы көздеу, осының негізінде мінездің прагматикалық ерекшелігі қалыптасады.

7. Гностикалық эмоция: грек сөзінен аударғанда гнос-білім дегенді білдіреді. Жоғарғы көрсеткіште таным қажеттіліктерін қанағаттануға байланысты эмоциясы, оқып үйрену процесінен ләззат алуды білдіреді, ал төменгі көрсеткіште бұл қажеттіліктің белгілі бір деңгейде дамымағандығын білдіреді.

8. Эстетикалық эмоция: Жоғарғы нәтиже көрсеткіші бойынша сұлулықты, ғаламатты, әдемілікті қабылдаудан алатын эмоция. Практикалық психологияда ресурстық деп аталатын

жоғарғы сезімді, сіз өте жақсы сезінесіз; ал төменгі нәтиже көрсеткен жағдайда бұл сезім дамымағандықты білдіреді.

9. Гедонистикалық эмоция: тән мен жанның қажеттілігін қанағаттандыруға деген қажеттілік эмоциясы. Жоғарғы нәтижедегі баллда бұл қажеттілік айқын көрінеді, мұндай адамдар үшін жайлы жағдай күшті сезімді, ал жетістік жайлылығы іс-әрекеттің күшті мотиві болып саналады. Осыған сәйкес психотерапияда гедонистикалық бағдар деген термин бар. Төменгі балл – тұлғаның тақуалық (сопылық) бағыттылығы жайында айтуға болады.

10. Акзитивтік эмоция: (француз сөзі, қазақша мағынасы иемдену). Нәтиженің жоғарғы болуы - қажетсіз нәрселерді жинау эмоциясы, коллекционер болуға бейімділік; ал, төмен болған жағдайда бұл эмоция дамымағанды білдіреді

№№ Леонгардтың мінез акцентуациясын зерттеу әдістемесі

«Нұсқау»: Сізге қазір Сіздің мінезіңізге қатысты тұжырымдар беріледі. Егер Сіз берілген тұжырымдымылрмен келісетін болсаңыз сұрақтың жанына «Иә» + , белгісін , ал келіспейтін болсаңыз «жоқ» -- белгісін қойыңыз. Жауап берерде көп ойланбағаныңыз жөн. Дұрыс немесе дұрыс емес деген жауап болмайды Сіздің айтқаныңыздың барлығы дұрыс.

Сауалнама мәтіні

1. Сізде көңілді, бейқам күй жиі болып тұра ма?
2. Балағаттағанға шамданғышсыз ба?
3. Кинода, театрда немесе әңгімелесіп отырғанда көзіңізге жас толып, толқитын сәттер бола ма?
4. Бір демені істегеннен соң, Дұрыс жас\алды ма деп күмәндану және дұрыс орындалғанына көз жеткізбейінше тыным таппайтын жағдай сізде жиі бола ма?
5. Бала кезіңізде сіз құрбыларыңыз сияқты батыл болдыңыз ба?
6. Сізде шексіз бақытты сезіну жағдайынан, өзіңізді жек көріп өмірден түңілуге дейін баратын көңіл күйдің өзгеруі жиі бола ма?

7. Әдетте сіз топтың жұлдызы болып, баршаның назарында жүресіз бе?
8. Сізде себепсізден-себепсіз бұлқан талқан болып, көңіл күйіңіз бұзылатын жағдай бола ма?
9. Сіз байсалды адамсыз ба?
10. Сіз бір нәрсеге, бірдемеге таңырқана алатын адамсыз ба?
11. Сіз биязысыз ба?
12. Сізді біреу ренжітсе тез ұмытып кетесіз бе?
13. Сіздің жүрегіңіз жұмсақ па?
14. Сіз пошта жәшігіне хатты салғаннан соң, түсті ме деп қолыңызды жүгіртіп тексересіз бе?
15. Сіз жақсы қызметкерлер (оқушылар, студенттер) қатарындасыз ба?
16. Бала кезіңізде аспанда найзағай ойнаса, бөтен иттер кездесіп қалса, зәрең ұшып қорқатын сәттер болды ма?
17. Сіз әрқашанда барлық жерде реттілік пен тәртіп, тазалықтың сақталғанын қадағалайсыз ба?
18. Сіздің көңіл күйіңіз сырттың әсеріне тәуелді бола ма?
19. Достарыңыз сізді жақсы көре ме?
20. Сізде іштей қобалжып, мазасыздану, жамандықты сезу жиі болып тұра ма?
21. Сізде үн жұрғаңыз түсіп, езілетін көңіл күй жиі бола ма?
22. Сізде бір де болса истерика көтеріп, қозу жағдайы болды ма?
23. Сізге бір орында ұзақ отыру қиын ба?
24. Егер сізге әділетсіздік жасалса, өз позицияңызды табанды қорғайсыз ба?
25. Сіз қойды немесе тауықты сояласыз ба?
26. Егер үйде перде немесе дастарқан қисайып тұрса, сіздің жыныңыз келіп, лезде түзетіп қоясыз ба?
27. Бала кезіңізде үйде жалғыз қалуға қорқатын едіңіз бе?
28. Сізде көңіл-күйдің құбылуы жиі бола ма?
29. Сіз өз мамандығыңыз бойынша мықты болуға әрқашан талпынасыз ба?
30. Сіз жылдам қозғыш, ызаланып, ашуланғышсыз ба?
31. Сіз уайымсыз көңілі бола аласыз ба?
32. Сізде қуаныш қойныңызға сыймай шаттанатын кез бола ма?

33. Қалай ойлайсыз, сізден әзіл сықақ спектаклінің жүргізушісі шығар ма еді?
34. Әдетте сіз өз ойыңызды жұртқа ашық, тіке және астарламай жеткізесіз бе?
35. Сізде қанды көргенде тітіркену сезімі бола ма?
36. Сіз тұлғалық жауапкершілікті талап ететін жұмысты ұнатасыз ба?
37. Сіз әділетсіздікті байқасаңыз, әлсіз адам тарапын қорғауға бейімсіз бе?
38. Қараңғы ұраға түсу сізге қорқынышты ма?
39. Сіз жылдам жасауды талап ететін, бірақ орындалу сапасына мән берілмейтін жұмысты орындауды қалар ма едіңіз?
40. Сіз ашықсыз ба?
41. Мектепте сіз поэзиялық шығармалар оқуға құмар едіңіз бе?
42. Бала кезіңізде үйден қашатын әдетіңіз болды ма?
43. Сізге өмір қиын сияқты көріне ме?
44. Қандай да бір кикілжің, реніштен соң, сіздің көңіл-күйіңіздің бұзылғаны соншалық, жұмысқа мүлдем барғыңыз келмейтін жағдай бола ма?
45. Сәтсіздік болған жағдайда да сізді әзілқой адам деуге бола ма?
46. Біреу сізді ренжітсе, жарасу үшін бірінші болып ұмтылар ма едіңіз?
47. Жан-жануарларды өте жақсы көресіз бе?
48. Жұмысқа немесе үйге қайта айналып келер ма едіңіз, сол жердегі жағдай қауіпсіз екендігіне көз жеткізу үшін?
49. Сіздің жақындарыңызбен немесе өзіңізбен қорқынышты жағдай болып қалуы мүмкін деген ой сізге жиі келе ме?
50. Сізді көңіл-күйі ауыспалы адам деуге бола ма?
51. Көпшілік қауымның алдына шығып сөйлеу немесе баяндама жасау сіз үшін қиын ба?
52. Сізді ренжіткен адамға қол көтеріп, соға аласыз ба?
53. Сізде басқа адамдармен қарым қатынаста болу қажеттілігі жоғары ма?
54. Сізді сәтсіздік жағдайында езіліп, терең ойға кететін адамдарға жатқызуға бола ма?

55. Белсенді ұйымдастырушылықты талап ететін жұмыс сізге ұнай ма?
56. Діттеген мақсатыңызға жетуде көптеген кедергілер кездесе де табандылық көрсетесіз бе?
57. Трагедиялық фильмдер сізді көз жасыңызды төгетіндей дәрежеде әсерлендіре ала ма?
58. Болған күннің немесе болатын күннің сәтсіздіктері ойыңнан кетпей ұйқының мазасы қашатын кездер сізде жиі бола ма?
59. Мектепте сіз достарыңызға болысып, көшіртіп немесе сыбырайтын кездеріңіз болды ма?
60. Мазарлық жерден жалғыз өту үшін сізге ерік жігеріңізді жинақтап, күш салып өту қажет пе?
61. Әрбір зат орын орындарында тұрғанын сіз мұқият қадағалайсызба?
62. Ұйқтарда жақсы көңіл күймен жатып, таңертең бірнеше сағатқа созылатын жайсыздық, мазасыздану сезімі бола ма?
63. Жаңа жағдайға оңай үйренісіп кетесіз бе?
64. Басыңыз ауыра ма?
65. Сіз жиі күлесіз бе?
66. Сіз өзіңіз силамайтын, бағаламайтын адамдармен де ашық, ақжарқын бола аласыз ба?
67. Сіз жылдам адамсыз ба?
68. Сіз әділетсіздікке өте мазасызданасыз ба?
69. Сіз табиғатты өзімнің досым дейтіндей жақсы көре аласыз ба?
70. Үйден шыққанда немесе ұйықтар алдында, Сіз жарықтың сөнгенін, газдың өшірілгенін, есіктің жабылғанын тексересіз бе?
71. Сіз қорқақсыз ба?
72. Арақ ішкенде сіздің көңіл-күйіңіз өзгере ме?
73. Жас кезіңізде көркем өнерпаздар кружогына баруға ынталы болдыңыз ба?
74. Сіз өмірді тұнжырайған, қуанышсыз деп бағалайсыз ба?
75. Сізде жорыққа, саяхатқа шығу құмарлығы жиі бола ма?
76. Сіздің көтеріңкі көңіл-күйіңіз лезде жабырқау мен мұңайған күйге ауысуы мүмкін бе?
77. Достарыңыздың арасында адамдардың көңіл-күйін көтеру сізге оңай ма?
78. Ренішті ұзақ ұмыта алмай жүресіз бе?

79. Біреудің қайғысын көпке дейін қайғырасыз ба?
80. Оқушы кезіңізде, егер дәптеріңізге байқаусыздан сия тамып кетсе, барлығын қайта көшіру жиі болатын ба еді?
81. Сіз адамдарға сеніммен қарағаннан гөрі, сенімсіздік секемшілдікпен қарайсыз ба?
82. Қорқынышты түстерді жиі көресіз бе?
83. Жортып бара жатқан поездың астына түсіп кетермін ау немесе биік этажды үйдің терезесінен төмен құлап кетермін деп қауіптенетін кездеріңіз бола ма?
84. Қош көңілді топта әдетте сізде көңілдісіз бе?
85. Шешуді талап ететін күрделі мәселелерден қашқалақтауға икеміңіз бар ма?
86. Арақ ішіп алғанда өзіңізге сенімді, ұстамсыздау боласыз ба?
87. Әңгімелескенде сөзге сараңсыз ба?
88. Егер сахнада ойнау қажет болса, рольге кіргеніңіз соншалық, мұның бәрі небары роль екендігін ұмытуыңыз мүмкін бе?

Леонгард сауалнамасының әрбір шкала бойынша баллдарын есептеуде, оны стандарттау үшін шкала баллдары белгілі бір санға көбейтіледі.

Мінез акцентуациясы бар тұлғалар паталогиясы бар деп есептелінбейді. Олар тек қана мінездің анық білінен сипатымен ерекшеленеді.

К І Л Т І

1. Г-1 Гипертимді х 3 (шыққан санды үшке көбейтеміз)

«+» - **1,11,23,33,45,55,67,77.**

«-» - **жоқ.**

2. Г-2 Застревание х 2

«+» - **2,15,24,34,37,56,68,78,81.**

«-» - **12,46,59.**

3. Г-3 Эмотивті х 3

«+» - **3,13,35,47,57,69,79.**

«-» - **25.**

4. Г-4 Педант х 2

«+» - **4, 14,17,26,39,48,58,61,70,80,83.**

«-» - **36.**

5. Г-5 Үрейлі х 3

«+» - 16, 27, 38, 49, 60, 71, 82.

«-» - 5.

6. Г-6 Циклотивті х 3

«+» - 6, 18, 28, 40, 50, 62, 72, 84.

«-» - жоқ.

7. Г-7 Демонстративті х 2

«+» - 7, 19, 22, 29, 41, 44, 63, 66, 73, 85, 88.

«-» - 51.

8. Г-8 Қозғыш х 3

«+» - 8, 20, 30, 42, 52, 64, 74, 86.

«-» - жоқ.

9. Г-9 Дистимді х 3

«+» - 9, 21, 43, 75, 87.

«-» - 31, 53, 65.

10. Г-10 Экзалтанған х 6

«+» - 10, 32, 54, 76.

«-» - жоқ.

Е.М.Вайнердің нұсқауы бойынша акцентуация типтерінің интерпретациясы

1. Гипертимді. Белсенділігі жоғары. Энергиясы мол. Өмірлік тонусы жоғары, оптимист. Қайырымды, бейқам, адал. Қиындықтар кедергі болғанымен негізгі бағытынан таймайды. Өмірлік қиындықтарға бейімделгіш. Өзіне айтылған сынды көтере алмайды. Зейінінің тұрақсыздығынан және табандылығының әлсіздігінен қызығушылықтары үстіртін. Жеке басының еркіндігі өте маңызды. Зандар мен қағидаларға немқұрайдылықпен қарайды. Жалғыздықты ұнатады, топта көшбасшы болуға ұмтылысы жоғары. Дос таңдай білмейді. Үнемі болатын көтеріңкі көңілі, кей кездерде ғана сыртқы әсердің салдарынан бұзылуы мүмкін.

2. Застревание Табанды, сірескен, өзгерістерді ұнатпайды, жұмыс барысында бір нәрседен екіншіге жылдам ауыса алмайды. Қызығушылығы тұрақты, бірақ біртарапты. Өзіндік бағасы жоғары, өзін жақсы көреді, жетістіктері мен еңбегін өзгелердің жеткіліксіз бағалауы қанағаттандырмайды. Көшбасшы болғысы келеді, өзгелерден артық болуға ұмтылады. Өтірік

немесе шынайы жасалған әділетсіздіктерді терең сезінеді. Күдікшіл. Эмоционалдық бір күде ұзақ уақытқа шейін болады.

3. Эмотивті. Болмашы себептерге бола көңіл күйінің ауыспалылығымен ерекшеленеді. Соған байланысты қоршаған орта бірде жақсы, бірді тұнжырайған болып көрінеді. Әуестіктері мен қызығушылықтары тұрақты емес. Көшбасшылыққа ұмтылмайды. Сүйкімді болу үшін үнемі эмоционалдық қарым-қатынас орнатуға ұмтылады. Интуициясының жетілгендігі айналасындағылардың қарым-қатынасының қандай екендігін дәл анықтау мүмкіндігін береді. Оларға деген жауабы мүдірмей, ашық, тез қайтарылады. Борыштық, парыздық сезімдерінің дамуы әлсіз.

4. Педант. Қалыптасқан тәртіп, қағидаларға әбден берілген. Өзгерістерге қарсылығы жоғары болуы мүмкін, себебі зейінінің ауысуы баяу. Қалыптасқан тәртіп пен нормаларды бұлжытпай орындайды. Мәселенің ұсақ-түйектері мен сыртқы бергілеріне мән береді. Өзгелерден де соны талап етуге бейім.

5. Үрейлі. Үнемі іштей қобалжу мен сәтсіздік сезімін сезінеді. Жақсылықтан гөрі жамандықты күтуге бейім. Жағымсыздықтарға ерекше назар аударады. Істеген ісіне үнемі сенімсіздікпен қарайды, соның салдарынан шешім қабылдағанда айнымалы. Өзінің өмірлік проблемаларды шешу қабілеттілігімен қанағаттанбайды.

6. Циклотимді. Бірқалыпты көңіл күйі шығармашылық шабыттылыққа ауысып, одан өзіне сенімсіздік танытатын босаңсу, селкостық күйіне өтуі мүмкін. Көңіл –күйі жабырқау кезеңінде туындаған ұсақ-түйек жағымсыздықтар мұнаюға шейін жетуі мүмкін. Ешкіммен сөйлескісі келмейді.

7. Демонстративті. Эгоцентризмі жоғары. Үнемі басқалардың қолдағанын, жанашыр болғанын, мойындағанын қалайды. Өзгелерге көріну үшін барлық нәрсені жасауға дайын. Эмоциясы анық болғанымен, терең, тұрақты емес. Жұрттың назарын өзіне аудару мақсатында қиялдануы мүмкін, өзіне тән емес қасиеттерді және қылықтарды жасауы ықтимал. Көшбасшылық ролге немесе әйтеуір ерекшеленуге ұмтылады. Қызығушылықтары аса еңбектенуді талап етпейді, экстравагантты.

8. Қозғыш. Агрессивті, тікмінез, ренжігіш, өзін жақсы көретін. Үнемі іштей мазасызданады, тітіркенгіш, тітіркенуінің жиілігі тітіркендіргіштерден асып түседі. Көбіне айналасындағыларға үстемдік көрсетіп, қатты талап қояды ұнатады. Басқалардың пікірімен көбіне санаспайды. Кікілжіңге бейім. Әуестігінің жоғарылығы соншалық, оларды қанағаттандырмайынша тыным таппайды.

9. Дистимді. Көбіне ұзақ мезгілге созылатын, селқостық, мұңаю күйінде болып, ол жамандықты сезіну сезімімен жалғасуы мүмкін.

10. Экзальттанған. Болмашы нәрсеге таңырқанып, сәтсіздіктер жағдайында әбден мұңаюы мүмкін.

№№№ Өмірде жоқ жануар тесті

Өмірде жоқ жануар тестінің зерттеу тәсілі психикалық – моторлық байланыс теориясына негізделген. Психиканың жағдайын анықтау үшін моторикалық зерттеу қолданылады. И. М. Сеченовтың зерттеуіне сүйене отырып психикадағы әртүрлі елестеулер мен әр түрлі ой – пікірлер қозғалыспен тығыз байланысты деуге болады. (Әр ой қозғалыспен аяқталады).

Егер шынайы ой әртүрлі себептерге байланысты жүзеге аспаған жағдайда, керекті қозғалыс жауабын беруге әзір болғандықтан белгілі бұлшық еттерде энергия пайда болады. Мысалы: елестетілген, қорқыныш – үрей бейлеткен неше түрлі образдар мен ойлар нәтижесінде - аяқ пен қолдың бұлшық еттерінде қашуға немесе қолмен қойып жіберуге немесе бұғып қалуға әзірлік ретінде жиырылу пайда болады. Кеңістіктегі қозғалыстың белгілі бір бағыты болады: қашу, жақындау, иілу, түзелу, көтерілу, құлау, т.б. сурет салған кезеңде қағаздың бетін кеңістік деп қарар болсақ, суреттің әрі иірім туғызатын әрі кеңістікке сай өзіндік қатынасы бар екендігін көреміз. Кеңістік көңіл – күйдің сурет салу кезіндегі халімен және уақытпен (өткен, қазіргі және келешек) тығыз байланысты. Психиканың жұмысының шынайы немесе ойланған жоспар мен атқарылатындығына да, байланысты. Артқы жақтағы немесе сол жақтағы кеңістік - өткен өмір мен жұмыссыздық, оң жақтағы, алдыңғы жақтағы және жоғарғы жақтағы кеңістік – шынайылық пен

келешекті бейнелейді. Қағаздың сол жағында және төменгі жағында бейнеленген бейне – нақты іскерлікпен, энергиямен және пысықтықпен тығыз байланысты.

Инструкция өмірде жоқ жануарды ойлап салыңыз және оған атау беріңіз.

Интерпретация және көрсеткіштері:

Суреттің қағаз бетіне орналастырылуы

- суреттің нормасы вертикальды қойылған қағаздың орта сызықтарында орналасуы;
- қағаздың ақ немесе кремді, жылтыр болғаны дұрыс;
- қарындаш қолданылуы шарт, қалам мен және фломастермен сурет салуға болмайды.

Суреттің қағаздың жоғарғы бөлігіне салынуы - адамның өзін жоғары бағалайтындығын, қоршаған ортада өз орнына риза еместігін, өзіндік тәкәпарлығының жария етілуін қалайтындығын көрсетеді.

Суреттің қағаздың төменгі бөлігіне салынуы – қарама – қарсы иірім өзіне сенімсіздік, шешімсіздік өзін төмен ұстау, өз бағасын біле алмау, қоршаған ортада өз орнын білмеу.

Орта тұста орналастырылған сурет өзін қоршаған ортада қалыпты теңдей көріп ұстауы.

Бас және оның орнына қолданылған бөлшектері:

- **Оңға бұрылған бас** – іске нақты кірісушілік, әр нәрсені ойлап жоспарлап, орындайтын адам.
- **Солға бұрылған бас** – рефлексия мен неше түрлі ойларға жақын, шешім қабылдай алмаушылық.
- **Анфас жағдайы** – суреттің сурет салушының өзіне қарауы – эгоцентризм өзін орташа ұстай білу. Баста бейнеленген сезім мүшелеріне (құлақ, ауыз, көзге) келер болсақ;
- **Құлақ** - тік мінезді, қызығушылық, жан – жағындағылардың сөздеріне және талаптарына мән береді, өзінің мінезін өзгертпей жанындағылармен ой бөліседі, пікір алмастырады. (Олармен бірге қуанады, шаттанады, ренжиді, қиналады)
- **Ерінсіз ауыз** тіл мен бірге - сөзшен
- Ерінсіз ауыз тілмен бірге -сезімталдық
- Ашылған ауыз, ерінсіз тілмен бірге -сенімсіздік

- Тісті ауыз – агрессивті (тістеу зеку, ұру, өзіне дұрыс карамаған адамды жамандау) балалармен жас өспірімдер үшін тынышсыздық

- **Көзге көп мән беріледі:** Көз қыртысының көп болуы – адамның қорқақ екендігін көрсетеді. Кірпіктердің бар жоғына да, мән беру керек: кірпіктің болуы қоршаған ортаның әдемілігіне сүйсіну, әдемілеп модамен киіну, әдемілікке аса мән беру.

- **Бастың үлкен болуы** - өзіндік жіне жан – жағындағыларының рационалыды бастауды бағалайтындығын көрсетеді.

- Басқа қосымша детальда кездеседі: мүйіз қорғаныш агрессия, қанат өзін көрсету өзін әшекейлеу. Қыл жүн, т.б. шаш түрлері сезімталдық.

Дененің негізгі мүшелері қол аяқ формасына және фигурасына, үлкенді кішілігіне қарай анықталады.

- негізгі - ойшыл шешімді жеңіл және тез дұрыс қабылдағыш, жан – жақты ойлайтын адам.

- анық емес үстіртін ешкім қабылдай алмайтын адам аяғы жоқ болса, нақты ойланбайтын жеңілтек мінезді адам аяқтың денеге қалай жалғағандығына да, назар аудару керек, нақты ұқыпты бос немесе жалғанбаған т.б. – бұл адамның өзіндік шешім қабылдау, болып жатқан мәселелерге зер салып анализ жасау қабілетін анықтауға мүмкіндік берелі. Аяқтардың бір жаққа қарауы біркелкі болуы- адамның стандартты түрде әр нәрсені бағамдап, шешім қабылдай алатындығын көрсетед. Формалардың неш түрлі болуы, неше түрлі орналастырылуы ойдың өзіндік бағыты бар екендігін, өз бетімен өмір сүруге бейім екендігін көрсетеді. Бұл кейде шығармашылыққа беім екендігін де көрсетеді. Суреттің дәрежесін көтеретін бейнелер әшекейленген немесе функционалды болуы мүмкін: қанаттар, қосымша аяқтиар, бантиктер, бұйраланған шаш, тұяқ т.б. адамның адамның жан – жақты дамығаны, өзіне сенімділік, жан – жағындағыларғы өзінің пікірін құптата білу, жан – жағындағылар мен тығыз қарым – қатнаста болғанды ұнатады. Өзіне күннің астынан орын тапқысы келеді, батылдылық әшекейлі бейелер өзіне адамдардың назарын аудара білу, өзіндік манера қалыптастыру.

Құйрық – адамның өзіндік істе шешімділік қатыстылығын білдіреді.

Оңға бұрылған – құйрық - өзінің ісіне тәртібіне жауапты қарайтындығын білдірсе, **солға бұрылған құйрық** - өзіндік іс әрекетіне есеп бере алмайтындығын, жауапкершіліктің жоқ екендігін білдіреді. **Құйрықтың жоғары көтерілуі** – сақ, өзіне - өзі сенімді, құйрықтың төмен түсірілуі - өзіне сенімсізді іс істелегені үшін өкіну. Суретте бейнеленген қорғаныс бейнелері:

- инелі, агрессивті ашуланшақ
- көлеңкеленген - қорқақ және сескешек
- қалқанды - әр нәрсеге күмәнданғыш

Осы қорғаныс бейнелері салынған жеріне де, баса назар аударған жөн. Жоғарғы алаң жоғарғы дәрежелерге қарсылық, ол адамды жұмсайтын және шектеу қоятын үлкендерге қарсылық, (жас үлкендер, мұғлімдер басшылар) төменгі алаң - келеміжденуден қабылданбаудан өзі туралы неше түрлі сөздерден қорқу, кішілер қол астындағыларды авторитеттің болмауы. Суреттің екі жағында орналасқан бейнелер - әр түрлі жағдайларға тек қана өзін қорғауға дайын болу. Егер қорғаныс бейнелері суреттің ішінде бейнеленген жағадайда: Оң жағында шынайы еңбектенгіш, сол жағында өз ойын пікірін тыңдағыш.

Жалпы энергия

Бейнеленген бейнелердің жалпы санымен анықталады. Ойдан шығарылған өмірде жоқ хайуаның бейнесінің толтырылуына, штрихталмаған, әшекейленбеген, тек қана негізгі бөлшектер бейнеленген сурет пе, жоқ әлде, қосымша бейнелер онымен қоса түсініу қиынға соғатын күрделі бейнелер салынған ба? Анықтау керек. Соған байланысты адма бойындағ энергия анықталады. Бейнелер саны неғұрлым көп болса, адам соғұрлым энергиялы адам болып есептеледі. Аз болса адамның энергиясы да, аз болып есептеледі. Суреттің сызықтарның боялған қалың болуы – адамның бір нәрсені көп уайымдайтындығын білдіреді.

Жан – жануарлар тақырыптық түрде қорқатын қорқытатын, және нейтральді болып бөлінеді (құс, құмырсқа, немесе арыстан, қасқыр, бегемот, тиын, ит, мысық) Сондықтан сурет салған кісі өзін бейнелейді.

Дөңгелек шеңбер (іші бос) – момын өзін басқаларға көрсеткісі келмейтін, тұйық мінезді көрсетеді. **Суретке берілген атаулар: Мағыналы** – дұрыс адаптация, нақты, рационалды **Кітаптың тілімен** немесе латинді суффикспен ғылыми терминмен аталған ату өз білімін көрсетуге тырысу.

Әдемі бірақ мағынасыз атау – жеңілтек мінезді байыптай алмаушылық

Ұзартылған атау - фантазиясы жетік.

№№ Түстер арқылы қатынастарды анықтау тесті (ТҚТ)

Түстер арқылы қатынастарды анықтау тесті (ТҚТ) адамдардың өзіне маңызы бар адамдарға, соның ішінде, өзіне деген қатынастарының эмоциялық компоненттерін зерттеуге арналған және осы қатынастардың саналы, сондай-ақ жартылай саналы емес деңгейін көрсететін клиникалық диагностикалық тәсіл болып табылады.

Осы тесті жасау үдерісінде арнайы өңделген тәртіп, *ТҚТ* әдістемелік негізінің түспен байланысты тәжірибесі болып табылады. *ТҚТ* әдістемесін қолдану, маңызы бар адам мен өзіне деген қатынастардың ауызша емес сипаттамасы оларға т.спен байланыстарда көрінетін сипаттамалары туралы болжамдарға негізделеді. Бұл қатынастардың барынша терең, соның қатарында саналы емес құрамдас бөліктерін, сананың ауызша жүйесінің қорғаныс механизмдеріне «соқпай өтіп» анықтауға мүмкіндік береді.

ТҚТ көмегімен диагностикалық қатынастар мүмкіндіктерін негіздеуді А.М.Эткинд жүргізген болатын. Сонымен қатар, түспен байланыстарда шынында да, балаларға маңызы бар адамдар мен түсініктер қатынастары көрінетіні бейнеленген.

Ынталандыру материалы.Түстік гаммасы жәнге қанықтығы бойынша М.Люшердің (1949) сегіз түстік тестіне жақын түстік ынталандыру жиынтығы пайдаланылады. Ұсынылатын жиынтық ықшамдылығымен ерекшеленеді, балалар тәжірибесінде қолдануға қолайлы, өзінің көлемі бойынша (50см х50 мм) мектепке дейінгі және одан жоғары мектеп жасындағы балаларда көзбен қабылдаудың симуланттық түрлеріне бейімделген. Ынталандырудың салыстырмалы аздаған мөлшерінде

кезінде негізгі түс спектрлері (көк, жасыл, қазал, сары), екі аралас түс (күлгін, қоңыр) және екі ахроматикалық түстер (қара, сұр) көрсетілген. Әрбір түс сәйкес сандармен белгіленеді. М.Люшер енгізген сандық белгілерді пайланудың мәні бар.

Дәлірек:

- көк¹⁰ - 1;
- жасыл — 2;
- қызыл — 3;
- сары— 4;
- қызғылт — 5;
- қоңы—6;
- қара — 7;
- сұр — 0.

Қолданудың жас ерекшелік диапазоны. *ТҚТ* қатынастарды зерттеудің тәсілі ретінде 4,5-5 жастағы балалармен жұмыста қолданылады. Жоғары жас ерекшелік шекарасы анықталмаған.

Жүргізу тәртібі мен қорытындыларды тіркеу.

Баланың ата-анасымен немесе педагогпен алдын ала әңгімелесуде психолог баланың тікелей айналасындағы ортаның, сонымен қатар, оған маңызы бар басқа адамдар арасынан үлгілік тізім құрайды. Тізімнің нақты мазмұны зерттеудің міндеттеріне, баланың жеке тұлғасына және т.с.с байланысты. Мысалы, жоғары мектеп жасындағы балалар үшін бұл тізім мынадай жиынтықты құрауы мүмкін: ана, әке, ата, әже, әпай, көрші, аға, әпке, тәрбиеші, дос және т.б. Дәл осы сияқты, баланың эмоциялық-жеке тұлғалық бағалау үшін психологқа қажетті қабылдау сипаты қандай да бір мәнді түсініктер де анықталуы мүмкін. Баланың өзінен қосымша мәліметтер алу да артық болмайды. ҚТТ қолдана отырып зерттеу жүргізуден бұрын СОМОР әдістемесін жүргізген табысты болады.

Түспен байланысты тәжірибені жүргізудің жалпы шарттары М.Люшердің дәстүрлі *Түстерді Таңдау Тестін* жүргізу шарттарына ұқсас болып қала береді. мыналар оған жатады: күндізгі жарықта жүргізу, түстік ынталандырулар (карточкалар) жайылатын беттің ашық түсті болуы, зерттеу үдерісінің барысында барлық сегіз түстік ынталандырулардың (жайып

көрсетудің арнайы ұйымдастырылған тәртібі) сыналұшыларға біркелкі әсер етуі.

1-ші саты

Баланың алдына ашық түсті бетте кездейсоқ тәртіппен жарты шеңберде түрлі-түсті карточкалар жайылады. Олар бір-бірінен аспай, тура көз алдында, жарық беретін құралдардың сәулелері мен жылтырауы болмайтындай орналасқаны дұрыс. Осыдан кейін балаға нұсқаулық беріледі.

1 нұсқаулық. *«Қарашы, мына жерде түрлі-түсті бөлшектер орналастырылған. Қазір Сен, белгілі бір адамға, оның мінез-құлқына сәйкес келетін бөлшектерді жинақтайтын боласың».*

Бұдан ары қарай бала мінез-құлық деген не және түсті адамның киіміне емес, яғни, сол адам жақсы көретін түсті емес, нақ өзіне сәйкес келетінін таңдауы кекретігін түсіндірудің мәні бар. Ары қарай нұсқаулық жалғасады:

«Кәне, көрейік. Түсті сенің досыңның мінезіне қарай таңда (психолог атын атайды). Қалай ойлайсың оның мінезіне қандай түс сәйкес?».

Баланың таңдауынан кейін, ол қандай болғанына қарамастан, психолог мақұлді баға береді де, әрбір түс қажетінше таңдалатынын ескертеді.

Ескертпе: Балаға мәні бар тұлғаларды ұсынудың нақты реттілігін барынша қолданған дұрыс. Сонымен, бірінші таңдау ретінде балаға қатысты бейтарап адамды ұсыну қажет. Ары қарай психолог ұсынатын таңдауларда, бала субъективті бағалайтын адамдар – «бейтарап», «жағымды» және «жағымсыз» ретінде кезектесіп отыруына тырысу қажет. Сондықтан да тәжірибе басталар алдында бала үшін маңызы бар адамды шамалап анықтап алған қолайлы болар еді.

Бала өз таңдауын жасағаннан кейін, түстік карточка өз орнына қойылады. Одан кейін түстік таңдау үшін балаға маңызды адамдарды өсу дәрежесі ретімен, яғни, маңызы басым тұлғалар («жағымды» адамдармен қатар «жағымсыздары» да бірдей) ең соңынан атап көрсету дұрыс болады. Соңғы кезекте баладан оның өз сипатына сәйкес келетін түсті таңдауды сұрайды. Барлық таңдаулар, сонымен қатар, баланың әрекеттері

осы сатыдағы *«1 саты.Түспен байланысты таңдау»* хаттамасында сандық көрсеткішпен белгіленеді. Жұмыс барысында таңдалған түстердің қайталануы туралы тағы да еске салу қажет.

2-ші саты

Түспен байланысты тәртіп аяқталғаннан кейін түсті карточкалар ақ парақпен жабылады (немесе баланың көзі түспейтін жерге қойылады) және біраз уақыт баланы басқа бір қызықты бөгде әрекетпен шұғылдандыру қажет. Мұндай тапсырманың ұзақтығы 5-7 минуттан аспауы қажет.

Содан кейін түсті карточкалар ашылады (олар да баланың көз алдында жарық беруші құралдардың жарығы мен жылтырауы түспейтіндей етіп және алғашқыдай жарық түсу дәрежесінде болуы қажет) және түстер баланың ең жағымды таңдауынан бастап рет-ретімен тізбектеледі. *ТҚТ* жүргізу кезінде қалауы бойынша әдеттегідей таңдау жасау бір рет жүргізіледі.

Қалау бойынша түстік карточкаларды тізбектеуді жүргізудің екі түрі бар.

1 вариант

2А нұсқаулығы. *«Тағы да мына түрлі-түсті бөлшектерді қара, олардың арасында қайсысы саған өте ұнамды? Тек біреуін ғана таңда».*

Бала таңдау жасағаннан кейін оның көз алдынан сол карточка алынады, ал қалғандарын тағы да жарты шеңбер құрайтындай етіп орналастырылады. Баланың таңдауы *«2-ші саты. Стандартты орналасу»* хаттамасы бөлімінде төменгі сол жақ (бірінші) жолда сан түрінде белгіленеді.

Нұсқаулық жалғасады: «Ал, енді қалғандарынан ең ұнамдысын таңда».

Баланың таңдауы сол хаттаманың келесі (екінші) жолда санмен жазылады. Таңдау жасау рәсімі баланың осы сияқты алты таңдау жасауы және соның салдарынан қалған екі карточка қалғанша қайталана береді. Қалған екі карточкадан ең ұнамдысын таңдау ұсынылады. Қалып қалған карточка хаттаманың оң жақтағы төменгі жолына санмен жазылады.

Нәтижесінде психолог баланың түспен байланысты қалауларын, балаға ең ұнамдысынан бастап онша ұнамайтын түсті сипаттайтын сандық қатарға қол жеткізеді.

2 вариант

Қалауы бойынша түсті таңдаудың осы вариантын жігерсіздігі жоғары, басқа іс-әрекет типіне ауысу қиындығы бар балалар үшін қолдануға болады. (Зерттеудің бірінші бөлімін жүргізу мен нұсқаулығы 1 вариантқа ұқсас).

2В нұсқаулығы. *«Тағы да мына түсті бөлшектерге қара, оның арасында қайсысы саған ұнамды?Тек біреуін таңда».*

Баланың таңдауынан кейін сол карточка алынады, ал қалғандары қайтадан жарты шеңбер болатындай жиналады. Баланың жасаған таңдауы хаттаманың сәйкес бөлімінде шеткі сол жолда (бірінші) санмен белгіленеді.

Нұсқаулық жалғасады: *«Ал,енді қалғандарынан ең жағымдысын таңда».*

Баланың таңдауы хаттаманың қажетті бөлімінде келесі (екінші) жолда сан түрінде жазылады.

Таңдау тәртібі бала осылайша төрт таңдау жасағанша және оның алдында төрт түрлі-түсті карточка қалғанша қайталаанады.

2В нұсқаулығы. *«Ал енді қалған карточкалардың ішінен ең ұнамсыз, ең жағымсыз түсті таңда».*

Таңдау жасалған соң сол карточка баланың көз алдынан алынады да, қалғандарын қайтадан жарты шеңбер құрайтын етіп қозғалтылады. Баланың таңдауы хаттамаға сәйкес бөлімнің шеткі оң жақтағы жолда (ең ұнамсыз түс) санмен белгіленеді.

Нұсқаулық жалғасады: *«Енді қалғандарынан ең ұнамсыз, ең жағымсыз түсті таңда».*

Баланың жасаған таңдауы хаттамаға сәйкес бөлімнің келесі (ең ұнамсыз түсті білдіретін саннан солға қарай) жолда санмен белігеленеді.

Қалған екі карточка үшін нұсқаулық мынадай түрде жалғасады: *«Ал, енді мына екі карточканың ең ұнамсыз, ең жағымсыз түсін таңда».*

Баланың таңдауы хаттамаға сәйкес («жағымсыздығы» бойынша екінші түсті білдіретін саннан солға қарай) графада санмен жазылады.

Ең соңында қалған карточка хаттаманың қажетті бөлімінде қалған бос жолда санмен белгіленеді.

Осы үдеріс аяқталған соң, психолог баланың ең жағымды түстен бастап ең ұнамсызына дейінгі түспен байланысты таңдауларды сипаттайтын сандық қатарға ие болады.

Ескерпе. Қалау бойынша түстерді таңдаудың осы варианты, әуелден-ақ қандай да бір таңдау жасау қиындығына тап болған балалар үшін қолданылады. Ондай балалар: «Барлығы да жағымсыз, ұнамдылары (жақсылары) жоқ деп, тексеру жұмысының барысында таңдау жасау тәртібіне немқұрайдылық танытады» дегенді жиі айтады.

Қорытындыларды талдау және түсіндіру

Қорытындыларды түсіндіру формальдық және сапалық талдауға негізделеді.

Қорытындылардың формальдық талдауы.

ТҚТ -ның формальдық көрсеткіші, маңызы бар тұлға немесе түсінікпен қалауы бойынша таратумен байланысты түс дәрежесі болып табылады. Осылайша, түс дәрежесі өз алдына сол түстің қалау бойынша жинастыру орнын білдіреді. Ол сан «1»-ден бастап (жинастырудағы бірінші орын) «8»-ге дейін (жинастырудағы соңғы орын) өзгеруі мүмкін. Кейбір әдістемелік құралдарда бұл көрсеткіш валенттілік ретінде анықталады. Яғни, валенттілік баланың жеке түстік «жинастыруымен» байланысты айқындамасын өлшейді.

Әрбір түстердің дәрежесі түріндегі баланың түспен байланысты таңдауы «Формальдық талдау» хаттамасы бөлімінде тіркеледі. Валенттілікті (дәрежені) бағалау үшін әрбір маңызды тұлға (түсінік) үшін түс айқындамасын, сол маңызды тұлғаның жеке түстік жинастыруда байланысты болуын бағалау қажет.

Мысалы, М.Люшердің Түстік Таңдау Тестіне сәйкес жүргізілген стандартты жинастыру өз алдына келесі реттілікті көрсетеді:

3,4,2,7,0,1,5,6.

Егер «анасының мінезі» үшін қызыл түс (3) таңдалып, ал стандартты жинастыруда (*ТҚТ* -ін жүргізудің 2-ші сатысында) да қызыл түс таңдалатын болса, қалау деңгейі бойынша бірінші, ал анасының дәрежесі (валенттілігі) төмен болып табылатынын және теңесетінін көреміз. Демек, бұл жағдайда, бала үшін анасының эмоциялық жақындығының, тартымдылығының дәрежесі жоғары. Осы ретте, егер мұғалім балада күңгірт-көк түспен (1) байланысты болса, онда біз қарастырып отырған мысалда күңгір-көк түс алтыншы (6 ранг) айқындамада орын алады. Дәл осылайша «Формальдық талдау» кестесінің «Дәреже» бағанына сәйкес жолда түсініктердің қарым-қатынасын бағалау үшін психолог ұсынатын немесе барлық маңызды тұлғалар дәрежесі белгіленіп, жазылуы қажет.

Сұр түске қатынасы бойынша осы түспен байланысты алынатын орын басты көрсеткіш болып табылады. Сұр түс, әдетте, әлсіз, енжар, эмоциялық тұрғыдан шектеуші, айырушы ретінде қарастырылады. Сонымен, ол эмоциялық маңызды, эмоциялық тартымды, белсендіні – эмоциялық бас тарту, бейтараптық, маңызсыздан айыратын шекара іспеттес саналады. Демек, стандартты жинастыруда сұрдың алдында орналастырылатын байланыс тудыратын түстер, соған қатысты тұлғалар (түсініктер), баланың сұрдан кейін (оң жақта) орналастыратын – олар тартымдылығы, маңыздылығы төмен деп саналатын тұлғаларға (түсініктерге) қарағанда, маңыздылығы басым кіріспе топқа бөлінуі мүмкін. Хаттамада сұр түске қатысты қалай орналасуына байланысты түстерді бағалау қарастырылған.

□ «Дәреже белгісі» графасында, егер стандартты жинастыруда түспен байланысты таңдауға сәйкес сұр түстің позициясынан сол жақта болса, «+» қойылады, яғни, *ұнатуы* басым болып табылады.

□ «Дәреже белгісі» графасында «-» қойылады, егер, стандартты жинастыруда сұр түс позициясынан оң жақта орналасатын болса, яғни, *қабылданбайтын* қатарына жатады. Біздің мысалымызда анасының дәрежесі «+» (+1) белгісімен, ал мұғалімнің дәрежесі «—» (осыған сәйкес, - 6) болады.

Алайда, «+» және «-» белгілері бала үшін жағымды немесе кері қатынастарды білдірмейді, бірақ байланыс тудыратын түстердің орналасуы, бейтарап ретінде түсіндірілетін белгілі бір сапалық шекара (сұр түс).

Балаларды зерттеу кезінде, олардың күрделілігі немесе, керісінше, стереотиптілігін сипаттайтын түспен байланысты әрекеттердің қызықты параметрі анықталды. Белгілі дәрежедегі анықтығы бойынша осы параметр баланың креативтілігін көрсеткіші қызмет атқара алады. Ол белгілі бір ынталандыру жиынтығына ассоциялық әрекеттерде таңдалатын түрлі түстердің санымен өлшенеді және мына формуламен есептеледі:

$$K = C / N;$$

мұнда K — түспен байланысты әрекеттердің күрделілігі; C — ассоцияларды қолданылған түстердің әртүрлі саны; N — ынталандыру саны (бұл жағдайда $N \geq 8$ тең).

Осы көрсеткіштің мөлшері тікелей түстерді таңдауды қайталаулардың санына байланысты. Бақылаулар бойынша, бұл параметр баланың шартты-нормалық дамуы кезінде жасына қарай ұлғаяды. Кей жағдайларда оның төмен мәні тексеруге қатысты бейтараптық туралы куәлік етеді.

Дәл осылайша, ҚТТ көмегімен алынатын мәліметтер, баланың құрдастары, сыныптастары ортасына қарым-қатынасы туралы субъективті көзқарастар тұрғысынан сандық түрде бағалануы мүмкін. Дәрежелерді бөлу сипаты дәстүрлі «тірі» социометрия вариантында қолданылатын бағалау тәртібін пайдалануға мүмкіндік береді.

Әрбір баланың маңызды құрбы-құрдастары үшін таңдауының қорытындылары бойынша (сәйкес түстердің дәрежесін олардың белгілерін ескере отырып) балалардың өзара таңдаулар мен шеттетуін көрсететін социограмма құрастыруға болады.

Түспен байланысты жауаптардың сапалық талдауы

Жауаптарды бір-бірімен өзара байланыста біртұтас түсіндіру керектігін атап өткен жөн. Әртүрлі ынталандырулар бір түспен сәйкес болуында байланыстардың қиылысуы маңызды диагностикалық мәнге ие. Бұл, ұқсастықтар туралы (мысалы,

баланы ата-анасының бірімен сәйкестігі) жорамалдар жасауға мүмкіндік береді. Эмоциялық тартымдылық, жақындық, баланың ата-ананың біреуіне, құрбы-құрдастарына немесе педагогтарға деген мейірлі қарым-қатынасының деңгейі қаншалықты жоғары болған сайын, сол тұлға ең қалаулы түспен байланысты болады және осы таңдау дәрежесі соншалықты төмен болады. Керісінше, шеттелетін тұлға (ата-ананың, құрбы-құрдастарының, ересектердің біреуі) жинастыруда соңғы орын алатын (сандық қатардағы сол жақта) түстермен байланысты болады – сол себепті, осы тұлғаның дәрежесі жоғарылайды.

Түс алатын орын (дәреже) ғана емес, сонымен қатар сол түстің өзі де диагностикалық маңызды болып табылады. М.Люшердің Түстік Таңдау Тестінде қолданылатын түріндегі түстер тікелей маңызға ие екендігін, сондай-ақ таңдалатын түстердің мәні қолданылатын көптеген осы сәйкес диагностикалық құралдарда ол балалардың субъективті байланысын талқылауда айрықша ұқыптылықпен тасымалдау керектігін ескерген дұрыс. Балалардың жеке тұлғалық сапасы, әсіресе мектепке дейінгі жастағы балаларда, белгілі бір түсті дәрежелу үшін тұрақты эмоциялық-тұлғалық мәнін анықтайтын деңгейде әлі де қалыптаса қоймаған. Сондықтан да, балаларға қарағанда, ересектерге сәйкес келетін осы сипаттамаларды балалардың таңдауларын түсіндіруге толығымен дұрыс тасымалдау бізге оңайға соқпайды.

Баланың өз-өзін түстік белгілеуін талдау қызықты нәтижелер беріп отыр. Сол түстің дәрежесі неғұрлым төмен болған сайын, соғұрлым баланың өзіне сенімділігі, оның өз-өзін құрметтеуі жоғары болып келеді. Баланың өзін және ата-анасының бірін (балабақшадағы тәрбиешімен сыныптағы педагогпен) байланыстыратын түстердің сәйкес келуі, онымен тығыз байланысы, маңызды сәйкестігі туралы куәлік етеді. Түстік жиыстыруда өз-өзін белгілеу түсі беделді ересектермен (мен жаманмын-олар жақсы) байланыстыратын түстерден кейін немесе олардың арасында (байланыссыз қатынастар) орналасуы да маңызды.

Басқа әдістемелермен қатар *ТҚТ*-ні кешенді пайдалану тәжірибесі, осы проективтік техниканы тек таңдау әдісі ретінде

ғана емес, сонымен қатар, көптеген жағдайларда және баланың аффективті-эмоциялық сферасын зерттеуге жарамды аздаған тәжірибелік әдістердің бірі ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Балалар үшін түстердің мәні не екенін түсіндіру.

Көптеген зерттеулердің нәтижесі, балалардың ересектермен салыстырғанда, түстерді басқаша қабылдайтынын айғақтады. Сондықтан, М.Люшердің тестін пайдалану бойынша көптеген құралдарда келтірілген түріндегі интерпретациялық кестелер, баланың жағдайын бағалау үшін қолдануға келмейтінін нақтылап алу қажет. Соған қарамастан, белгілі бір баланың түсті таңдауы оның жеке тұлғасының сипаттамалары аайқын түрде өзгермейінше, басым дәрежеде тұрақты болып қала береді. Жасы есейе келе балалардың түсті таңдауы ересек адамның таңдауына ұқсай бастайды.

Тіркеліп отырған бақылаулардан, ұлдармен қатар қыз балаларда да қызыл мен сары түске бейімділік байқалады. Осы ретте, балалар, әсіресе, қыздар, балалық тұрақсыздық пен екі-үштылықты білдіретін күлгін түсті таңдауға бейім екендігін көрсетеді. Айрықша педагогикалық мән туралы әлеуметтік ортаға қайшы ортаның зақымданған балалары, көп балалы отбасынан шыққан балалар мен босқындардың, қауіпсіздікке, өз жағдайын нығайтуға талпынуды білдіретін қоңыр түсті жиі «ұнамды» түс ретінде таңдауы көрсетеді. Және де сыныптағы жаңа оқушылар немесе тұйық балалар сұр түсті қалайды.

Қазіргі кезде М.Люшердің тестін қолдану бойынша қандай да болмасын елеулі маңызы бар отандық зерттеулер жоқтың қасы. Балалардың түстердің белгілі бір факторларға байланысты қалау бойынша 7-8 жасқа дейінгі балаларға арналған статистикалық орынды сұрыптамалар жасалмаған. Осыған сәйкес, балалық жастағы түстік таңдауларға, осы кезге дейін тек үлкендерге арналып өңделген аздаған сандық бағалаулар (жиынтық ауытқулар көрсеткіші, «вегетативті коэффициент және т.с.с.) қолданылуы мүмкін емес. Сонымен қатар, балаларға тіпті, «жұмыс тобы», «жеке тұлғаның өзекті мәселелері», тұлғааралық ішкі шиеленістердің қарбаластығы, мазасыздықтар

мен компенсациялар сияқты сапалық сипаттамалар да «жараспайды».

Осы ретте, М.Люшердің, түстердің мәні сыналушының (бұл жағдайда баланың) қарым-қатынасына тәуелді емес, тұрақты болуы туралы басты жорамалына сүйене отырып, біз балалардың таңдауын түсіндіруде, жеке тұлғалық дифференциал шкалалары көмегімен алынған, жеке түстердің ортақ символикалық мәнін, олардың жеке тұлғалық сипаттарын пайдалануға болады деп есептейміз. Аталмыш символикалық мәндер мен түстердің сипаттамалары жаңадан қалыптасып келе жатқан баланың тек жалпы тенденциялары мен бағыттылығын көрсетеді дегенді тағы да тоқталамыз.

2 Қосымша

«Отбасындағы қатынас психологиясы» оқу курсының бағдарламасы

Отбасындағы қатынас психологиясы

Пәннің мақсаты: қазіргі отбасының негізгі әлеуметтік-психологиялық және әдістемелік-психологиялық мәселелермен, отбасы-некелік қатынастар дамуының тұжырымдамаларымен танысу. Ерлі-зайыптылар арасындағы дау-дамайлардың оқыту тәсілдері арқылы себептері мен шешілу жолдарын анықтау; отбасы мен отбасылық мәселелерді түзетудің негізгі әдістерін зерттеу.

Курстың мазмұны: отбасын орналастырудың пәні, қызметтері, құрылымдары, формалары, отбасындағы рөлдерді бөлудің типтері, отбасы динамикасы, отбасының өмірлік циклі, отбасындағы ережелер, отбасылық мифтер мен аңыздар. Жыныстық диморфизм, жыныстық әлеуметтену, ерлі-зайыптылардың ұқсастықтары мен некедегі қанағаттану мәселелері. Ерлі-зайыптылық қатынастарды және отбасы диагностикаларын зерттеу әдістері. Отбасындағы өмірлік іс-әрекеттің бұзылуы және отбасындағы қатынастарды түзету.

Практикалық жұмыстар, семинарлар: практикалық сабақтарды отбасы психологиясындағы тақырыптар бойынша, сондай-ақ отбасылық кеңес беру міндеттерін шешу және проблемді жағдайларды талдау формалары арқылы жүргізіледі.

Өзіндік жұмыс: оқу үрдісінің міндетті бөлімі және берілген әдебиеттердегі тапсырмалар бойынша студенттердің өзіндік зерттеу материалдарынан тұрады; алынған мәліметтер мен құбылыстарды талдау; жазбаша, практикалық және бақылау тапсырмаларын орындау.

Аудиториялық жұмыстардың мазмұны

№	Аудиторлық сағаттардың саны	Тақырыптары
1	4	Отбасы және неке. Негізгі түсініктер. отбасын орналастырудың пәні, қызметтері, құрылымдары, формалары, отбасындағы рөлдерді бөлудің типтері, отбасы динамикасы, отбасының өмірлік циклі, отбасындағы ережелер, отбасылық мифтер мен аңыздар.
2	2	Жыныстық диморфизм және отбасылық қатынастар мәселесі. Отбасының әлеуметтік-демографиялық мәселелері. В.А.Геодакян теориясы, В.Флисс, З.Фрейд, О.Вейнингер, М.Хиршвельд, В.Е.Каган, И.С.Кон, Б.Г.Ананьев, Н.Н.Обозова, С.В.Ковалев, Г.Аммон, Э.Маккоби, К.Джеклин, А.Анастази, У.Харлидің отбасылық қатынастар жайлы көзқарастары. Маскулдық. Феминдік. Андрогиния. Жыныстық айырмашылықтар. 8 жыныстық рөлдік типтер.
3	4	Жыныстық әлеуметтену және некеге дайындық. Жұбай таңдау және некеге түсу қаупінің факторлары. Махаббат мәселесі. Некелесу мәселесі. Жас отбасылар мәселесі. Жыныстық әлеуметтену мен жыныстық ұқсастықтың психологиялық механизмдері. Идентификация теориясы. Жыныстық типизация теориясы. Өзіндік категоризация теориясы. Тілді меңгерудің аналогиялық теориясы. Стадиалды теория. Жыныстық тәрбие. Жігерлік пен нәзіктік эталондарын қалыптастыру. Отбасылық өмірге дайындықтың бағыты. Некелік жұпты таңдау теориясы: (гомогамия теориясы (I.Nye, F.Berardo); қажеттіліктерді толықтырушы теория (R. Winch); «стимул-құндылық-рөл» теориясы (B. Murstein); махаббаттың айналма теориясы (I.L.Reiss); рөлдік теория (Т.Парсонс, Р.Бейлз, Б.Харбер, Р.Орг). отбасы ерекшеліктерінің ықпалы, некені қортындылау мотивтері, тұлға қасиеттері.
4	4	Ерлі-зайыптылық ұқсастық және некеден ләззат алу. Құрылымдық тәсіл (Р.Винч). функционалдық тәсіл. Адаптивтік тәсіл.
5	4	Ерлі-зайыптылық дау дамайлар. Дау – дамайлар типтері. дау дамайдың себептерін анықтаудағы көпдеңгейлі шеңберлік каузальдылықтың принциптері. Толық және толық емес отбасылар (дау-дамайлы, дағдарысты, проблемді). Ерлі-зайыптылар дау-дамайын шешудің тактикалары.

6	4	Қызғану мәселесі және ерлі-зайыптылардың бір-біріне шөп салуы. Түсінікті анықтау. Қызғаныштың көп қырлығы (балалық, кәсіби, ұлттық, спорттық, шығармашылық). Сүйіспеншілік қатынасының әртүрлі фазасынан қызғаныштың көрінуі. «Қызғанышқа бағдар» (өзіндік, арнайы). Некеден тыс байланыстардың мотивтері.
7	4	Ажырасу және қайталанған неке мәселесі. Ажырасудың себептері. Ажырасу мотивтерін топтастыру. Объективтік және субъективтік мотивтер. Неке тұрақтылығы тұрғысынан «Қауіпті жас». Ажырасу үрдісінен кейінгі кезең. Ажырасқан ерлі-зайыптылардың өзара қатынасындағы типтер. Еркек, әйел және бала үшін ажырасудың салдары.
8	4	Ерлі-зайыптылық қатынастар мен отбасылық диагностикаларды зерттеудің әдістері.
9	2	Отбасының өмірлік іс-әрекетінің бұзылуы және түзету. (Angell R., Ranch K., Hill R., Rassel C., Wallerstein J., Kelly J.) бұзылудың көздері. Түзету стратегиясының түрлері. Біріккен отбасы психотерапиясы (J. Bell, V. Satir, R. Speck, A. Feraire).
10	2	Отбасылық кеңес беру. Бағыттары, үлгілері мен кезеңдері
	32 сағат	

Реферат жұмыстарының тақырыптары

1. Отбасы психотерапиясы В.Сатир тұжырымдамасы.
2. Жүйелі отбасылық психотерапия.
3. Пало Альто отбасы психотерапиясы.
4. Психоаналитикалық отбасы психотерапиясы.
5. Отбасы-коммуникативтік психотерапиясы.
6. Отбасының эксперименталды терапиясы.
7. Құрастырушы отбасы психотерапиясы.
8. Отбасы мінез-құлықтық психотерапиясы.
9. Ерлі-зайыптылық психотерапия.
10. Отасылық кеңес беру.
11. Дәстүрлі емес (ерекше) отбасы.

Пысықтауға арналған сұрақтар

1. Отбасы. Негізгі түсініктер.Қызметтері.Құрылымдары. Формалары.
2. Рөлдерді орналастырудың типтері
3. Отбасының өмірлік циклдерінің кезеңдері.
4. Отбасындағы өзгерістердің типтері.
5. Отбасылық аңыздар.
6. Отбасылық ережелер.
7. Отбасы қатынастарының типтері.

8. Жыныстық айырмашылықтар мен отбасылық қатынастар мәселесі.
9. Аналық және әкелік психологиялық феномен ретінде.
10. Рөлдер, сезімдер, қатынастар.
11. Отбасының әлеуметтік-демографиялық мәселелері.
12. Ерлі-зайыптылар дау-дамайы.
13. Қызғану мен ерлі-зайыптылардың бір-біріне шөп салу мәселелері.
14. Отбасы қатынастарының бұзылу формалары мен тұжырымдамалары.
15. Ажырасу мәселелері.
16. Қайталанған некелердің мәселесі.
17. Отбасындағы дау-дамайлар.
18. Дау-дамайларды шешудің үлгілері.
19. Отбасындағы ұқсастық мәселелері. Акоффа, Эмери теориялары.
20. Отбасындағы «әкелер мен балалар» мәселелері.
21. Баланың туылу ережесіне байланысты тұлғалық ерекшеліктері.
22. Толық емес отбасылар.
23. Отбасындағы өмірлік іс-әрекеттің бұзылуы.
24. Толық және толық емес отбасылар.
25. Отбасындағы өмірлік іс-әрекеттің бұзылу себептері.
26. Отбасы қызметінің бұзылу типтері (отбасы тұлғаның психикалық травматизациясының қайнар көзі ретінде): өзекті отбасының қанағаттанбау жағдайы; «Отбасындағы үрей»; Отбасына негізделген жүйке-психикалық және физикалық күйзеліс; кәналау сезімі.
27. V.Satir тұжырымдамасы.
28. Отбасындағы қарым-қатынастың үлгілері.
29. Отбасындағы тұлғааралық коммуникациялардың бұзылуы.
30. Отбасы интеграциясы механизмдерінің бұзылуы.
31. Т.Мишина бойынша ерлі-зайыптылардың невротикалық типтері.
32. Жыныстық бұзылыстар.
33. Отбасына психологиялық және әлеуметтік көмек берудің үлгілері: білім беру, медициналық, психотерапевтикалық, әлеуметтік.

34. Құқықтары мен міндеттері. Отбасының заңнамалық аспектілері (Неке шарты).
35. Отбасы диагностикасының әдістері.
36. Отбасындағы өзара қатынастың психотерапевтикалық түзетулерінің түрі.
37. Жүйелі отбасы психотерапиясы.
38. Пало Альтоның отбасы психотерапиясы.
39. Психоаналитикалық отбасы психотерапиясы.
40. Отбасы-коммуникативтік психотерапиясы.
41. Отбасының эксперименталды терапиясы.
42. Құрастырушы отбасы психотерапиясы.
43. Отбасы әрекетінің психотерапиясы.
44. Ерлі-зайыптылар психотерапиясы.
45. Отбасылық кеңес беру.
46. Неке-отбасылық қатынастар эволюциясы.
47. Дәстүрлі емес (ерекше) отбасы.
48. Неке-отбасылық қатынастардың альтернативтік формасы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Алешина Ю.Е., Гозман Л.Я., Дубовска Е.М., Социально-психологические методы исследования супружеских отношений М., 1987г..
2. Витакер К. Танцы с семьей (Семейная терапия: символический подход, основанный на личном опыте).- М., Независимая фирма «Класс», 2003г.
3. Ибрагимова Р.А. Становление брачно-семейных отношений. К проблеме понимания в процессе речевого общения.- М., В кн.: Сознание и общение. Фрунзе – 1989г.
4. Алешина Ю.Е. Цикл развития семьи. Исследования и проблемы.//Ветник московского университета Сер.14, Психология, 2003,№2
5. Кемеров В.Е. Взаимопонимание. Некоторые философские и психологические проблемы. М.,1984г.

6. Акопджанян К.А. Изучение факторов стабилизации семьи в социологической литературе // Стабильность семьи как социальная проблема. - М., 1978г.
7. Головаха Е.И., Панина Н.В. Психология человеческого взаимопонимания. - Киев, 1989г.
8. Бодалев А.А. Восприятие и понимания человека человеком. - М., 1982г.
9. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человека знания. - М., 1977г.
10. Кузьмин Е.С. Основы социальной психологии. - Л., 1967г.
11. Бестужев-Лада И.В. Ступени к семейному счастью. - М., 1988г.
12. Бабушкин В.У. О двух моделях понимания. - В кн.: Загадка человеческого понимания / Под ред. А.А. Яковлева. - М., 1991, 258с
13. Кабакова М.П. Некоторые аспекты психологической семье // Практическая психология в действии / под ред. С.М. Джакупов. - Алматы, 2000.г.
14. Бойко В.В. Счастье, семья, дети. - М., 1980, 250с
15. Голод С.И. Стабильность семьи: социологический и демографический аспекты личности. - М., 1984, 428с
16. Волков А.Г. Об ожидаемой продолжительности брака и ее демографических факторах. В кн.: Демографическое развитие семьи. - М., 2000г.
17. Витек К. Проблема супружеского благополучия. - М., 1979г.
18. Стерников А.В. Основы семейной терапии. - М., «Класс», 1997г.
19. Качарян Г.С., Качарян А.С. Психотерапия сексуальных расстройств и супружеских конфликтов. М., Прогресс, 2002г.
20. Стаир В. Как строить себя и свою семью. - М., «Класс», 2004г.
21. Ласло Чех-Сомбати. Проблемы и перспективы стабильности семьи. В.мб.: Стабильность семьи как социальная проблема. - М., 1978г.
22. Минухин С., Фишман Ч. Техники семейной терапии. - М.: Независимая фирма «Класс», 2004г.
23. Пезешкиан Н. Позитивная семейная психотерапия (семья как психотерапевт). - М., 2004г.

Мазмұны

Кіріспе.....	3
1. Отбасындағы қатынас психологиясы психологияның бір бөлімі ретінде.....	5
1.1. Отбасы психологиясының негізгі түсініктері.....	5
1.2. Отбасы институтының тарихы.....	8
1.3. Отбасының қызметі.....	18
1.4. Отбасы құрылымы мен типологиясы.....	21
1.5. Отбасының өмірлік циклі.....	29
2.Жыныстық өзгешеліктер мәселесі.....	37
2.1. Жыныстық әлеуметтенудің психологиялық механизмдері.....	47
3. Жұптар мен жұбайлар қатынасының психологиясы.....	50
3.1. Жар таңдау мәселесі.....	50
3.2. Аттракция психологиясының қатынасы.....	59
3.3.Махаббат пен неке мәселелері.....	62
3.4.Некенің психологиялық тұжырымдары.....	68
4. Бала мен ата-аналық қатынастар психологиясы.....	69
4.1. Перинаталды психология.....	70
4.2. Аналық және әкелік психологиясы.....	71
4.3. Ата-аналардың бағдары мен тәрбиелеудегі стильдері.....	79
4.4. Баланың ата-анасын қабылдауы.....	87
4.5. Асырап алудағы қатынас психологиясы.....	91
5. Ағалы-інілі қатынастар психологиясы.....	93
5.1.Сиблингті ұстаным және оның бала мен ересектердің тұлғалық ерекшеліктеріне ықпалы.....	93
5.2. Өзара қатынас психологиясы және көпбалалы отбасындағы балалардың психикалық дамуы.....	97
Отбасы құрылымының психологиялық ерекшеліктері.....	98
Отбасылық социограмма жобалау тесті.....	102
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	183

Ұ.И.Ауталипова, Т.С.Сақтағанова, И.Құрбанова

ОТБАСЫ ПСИХОЛОГИЯСЫ

Оқу құралы

Редакторы: Б.Е.Ахметова

Компьютерлік қалыптаушы: С.Е.Смағұлова

Көркемдеуші: А.Қалибекұлы

Басуға 05.02.2014 ж. қол қойылды. Пішімі 60 x 84/16.

Офсеттік қағаз. Компьютерлік терілім.

Әріп түрі «Times/New Roman» Riso басылымы.

Шартты баспа табағы 11,5

Таралымы 100 дана.

Тапсырыс № 151

«Қыздар университеті» баспасы .
050000, Алматы, Гоголь көшесі 116 үй